

ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

(әдістемелік оқу құралы)

Қостанай
2011

ББК 81.2 Қаз-923

Қ 17

Авторы: Есіркепова К.Қ., Қанапина С.Ғ., Иісова Э.Ә., Есенғазина Б.Б.,
Шошақова Ж.Қ. (авторлық бірлестік)

Пікір жазған: А.Т. Досова - филология ғылымдарының кандидаты
А.Байтұрсынов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті

Г.К. Тоғжанова - педагогика ғылымдарының кандидаты

Қостанай мемлекеттік

педагогикалық институты

Қазақ тілі

(оқу әдістемелік құрал)/ К.Қ. Есіркепова, С.Ғ. Қанапина, Э.Ә.Иісова, т.б.
Қ 17 Қостанай: ҚМПИ, 2011. – 123 бет.

Әдістемелік оқу құралы филология факультеттерінде оқытылатын «Қазақ тілі» курсының бағдарламасына сәйкес дайындалды. Оқу құралда қазақ тілі салаларының теориялық мәселелерін практика жүзінде игерту мақсаты көзделді.

Әдістемелік оқу құралы студенттерге, оқытушыларға, тіл мамандарына арналған.

АЛҒЫ СӨЗ

«Қазақ тілі» жаттығулар жинағы – студенттердің қазақ тілі ғылымынан алған білімін іс жүзінде тереңдетіп, тілдік дағдылары мен тәжірибелерін жетілдіруді іске асыратын, дәріс сабақтарында өтілген лингвистиканың ғылыми негіздерін нақтылы тапсырмалар мен жаттығулар арқылы бекітуді көздейтін, теориялық қағиданы жан-жақты меңгертуді талап ететін жинақ.

Жаттығулар жинағының мақсаты – студенттердің өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, дәріс сабақтарынан алған теориялық білімдерін бекіту, олардың грамматикалық және стилистикалық талдауды толық меңгеруіне жол ашып, ережелер мен фактілердің тілдік қарым-қатынаста дұрыс қолданылуын іске асыру.

Ұсынылып отырған оқулық «Қазақ тілі» ғылымының «Фонетика», «Лексика», «Сөзжасам», «Стилистика» салаларына сәйкес жасала келіп, әр тақырыпқа қатысты бірнеше жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. Жинақта теориялық мәселелерді әр түрлі жаттығу жұмыстары арқылы пысықталады.

Оқулықтағы жаттығулардың дені көркем әдебиеттен, халқымыздың бай шешендік қорынан, тамыры терең сөздік құрамынан, мақал-мәтел мен қанатты сөздерден және басқа да ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан тіл қазынасынан іріктеліп алынды.

Тіл дамыту жұмысы оқулықта арнайы тақырып ретінде берілген жоқ, бірақ барлық тақырыпқа арналған жаттығуларда үнемі тіл дамыту жұмыстары беріліп отырады.

Сонымен қатар, оқулықта стилистикалық ұғымдарды және олардың күрделі жүйесін меңгерту студенттердің қазақ әдеби тілінің мәнерлілік сипатын игеруге әсерін тигізеді. Стилистиканың теориялық негіздерін түсіндіріп бекітуде пәннің практикалық жағына ерекше назар аударылды.

Бұл оқу әдістемелік құрал тіл білімінің салалары мен стилистика пәнінің міндеттері мен олардың байланысын нақты түсіндіріп, тілдің қарым-қатынастық қызметі мен танымдық қасиетін, тілдік арналар мен стильдік түрлерін, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін айыра білуге, студенттердің қазақ тілі бойынша жан-жақты терең білім алуына көмектеседі деген сенімдеміз.

ФОНЕТИКА

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

1 - жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, сөздердегі дауысты дыбыстардың астын сыз.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалғаныма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? (Абай).
Кер, кер жылан, кер жылан
Кереге басты мәр жылан
Сары жылан, ата жылан,
Қу жылан, су жылан (Махамбет).

2 - жаттығу. Мына сөздердегі жуан дауысты дыбыстың астын сызындар.

Сыр алысып қалған Ушаков осы жетінің ішінде екеуін де тауып жіберетінін уәде етті. Бәкен Раушанның ештеңені сұрамай, мөрін басып беруін бұйырды. Қайын атаңа сен не деп жауап қайырдың? - деді әкең. Көп балалы үйдің шаң-шұңы көп болушы еді, бұл үйде бір бала қыңқ еткен жоқ. Туысқан бола тұрып, екеуі жат адамдар сияқты (Б.М.). Ұлпан Есенеиді аяп та кетті. Есенеидің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті. Басқа адам кім болса да, Есенеи бола алмас еді. Еркекке тіс те керек, іс те керек. Білек те керек, жүрек те керек (С.М.). Абайдың ақылымен Сейіл бастаған бір топ қайықшы қу жардың арызы да кірді (М. Ә.). Гүлшарат, аз күнә істеген жоқсың...- деді салқын үнмен Люба (І. Е).

3 - жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, олардағы еріндік дауыстының астын бір, езулік дауыстының астын екі сызыңыз.

Ұстаз үшін ұстараны да жұт. Махаббат бар жерде мархабат бар. Өнерді үйренуге де өнер керек. Бір сөз - жұт. Жалқау кісі-жарым кісі. Өнерлі зор, өнерсіз қор. Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір. Өнер алды қызыл тіл. Ер қанаты ат. Ізденіс түбі – жеңіс. Үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпайды. Оқымаған маманның ойы шабан. Үш жұрттың тілін білген - өзгеден үш есе биік тұрады. Күш – білімде, шешендік – тілінде. Ең тәттісі де – тіл, ең ащысы да – тіл.

4 - жаттығу. Төмендегі сөздерді екі топқа бөліп, бір топқа ашық дауысты дыбыстары бар сөздерді, екінші топқа қысаң дауысты дыбыстары бар сөздерді көшіріп жаз.

Ыссылы-суықты, ізгілікті, иіліп, сәукеле, тегін, нөкта, білгір, хабар, айтыс, баспагер, әскер, өрнек, жалау, жолаушы, жауынгер, жасақ, жер, жазық, сандық, жасау.

5 - жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, ішінен 10 сөзді таңдап алып, фонетикалық талдау жасаңыз.

Ду-ду күлкі қайта естіледі. Мына далада уды тек у ғана қайтарады. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау: Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау: Көңіл ісі – түю, талғау (Е.Х.). Бұл өлкеде поездар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады... Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сахара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұлан- ғайыр жазығы көсіліп жатады. Бұл өлкеде қашықтық атаулы, уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгендей, темір окоптың алыс - жақындығына қарай өлшенеді. Ал, поездар шығыстан батысқа, атыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады (Е.Х.).

6 - жаттығу. Мына сөйлемдердің ішінен қанша дауысты дыбыс бар екенін жаз.

Қазірде де Жұмандар қымызға бас қойысымен Абай оларды ұмытпай да айтып отырған кеңесінің желісін қайта тауып өз сөзіне кірісті (М.Ә.). Ойланып қараса негр, индеец, араб, қытай халықтары жайында көп нәрселерден хабары бар екен де Россияның бір халқы қазақ жайында ешнәрсе оқымаған да білмеген екен. Күнше үндеген жоқ сүтін де, шайын да баса құйып шыны аяқты қайтарды (Ғ. М.). Ол Айнабұлақтан өткен соң, бір- екі т...мсық айналып, жолдық медеуге бұр...лар и...н...нде автобустан түсіп қалды (Қ. Ж.). Әр әңгіме айтылған сайын бала ханзаданың көңіл...нде пәлен жылдан бері бұғып жатқан сағ...ныш ұлғайып көк...рег...не с...май барады (І. Е.).

7- жаттығу. Көркем шығармадағы қысаң дауыстылар саны қанша екенін жаз.

...Тәкежан, Әзімбайлар жылы киініп алып, дамыл таппай айғайлап, бұйрық етіп тыста жүр.

- Күн жаман боп барады! Сау бол! Малға сақ бол, шығып кетпесін!

- Ықтырманы баға көріңдер! Малшылар, қатындар, тегіс тыста бол, шық тысқа тегіс, көз айырма малдан.

- Ықтырма құламасын! Малға ие бола алмай қаламыз, - десіп әбігер - әлекке түскен малжанды байлар ақыры айғайлап жүр (М.Ә.). Қазақтың атақты батырлар жыры эпос жырларының бірі «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр» көне мұра болып саналады (Ел аузынан).

8 - жаттығу. Мына өлеңнің ішінен дауысты дыбысты табыңыз.

Ана тілім - тірлігімнің тірегі,
Тілмен ғана кірер адам реңі...
Ана тілім - әрекетім, азығым,
Бар ғылымды тануымның қазығы.
Ой - санамның өсуінің куәсі,
Ғасырлардың кейінгіге өз үні (Т. А.)

9 - жаттығу. Тексті оқып, онда **и** әрпінің қалай жазылғанын түсіндіріңіз.

Абай жиынның қақ ортасында тұр. Қимастық шерге толы сағынышты ана көңілі зорға шыдап жүргенін сездіреді. Батар күннің қиыс түскен шұғыласы даланы қызғылт нұрға бөлепті (М.Ә.). Екі иығы салбырап, иіні түсіп кеткен. Кең маңдайлы, ойлы көзі жігіттің үлкен дарын иесі екенін аңғартқандай. Өтіп жатқан жұрттың қайсысының қандай ойда екенін де түсіну қиын. Биылғы жаз бір ерекше жаз еді. Ойпат, ылдилар шетіне наз жетпес дария, көлдете айналды (І. Е).

10 - жаттығу. Мына өлең жолынан қысаң дауыстыны тауып, астын сызыңыз.

Перінің қызы Бекторы
Шайпау сөзді қой, Торы
Сүйген де жарын Ер Төстік
Өз жарымды сүйемін (Ел аузынан).

11 - жаттығу. Көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қойыңыз.

Әкесі Жабағы – қазақ ... бұрынғы мол... байы елес, жаңа заман ... ақша ..., мүлік ... байы еді. Мал атаулы – төрт-бес жүз жылқы мен мың жарым ... қой ғана. Жылқы ... тай-тұяғын қалдырмай жау жеткен. Қалған мал ..., тіпті қалыңдық ... жасауына дейін ағайындары бөліп берді (Б.М.). Сондықтан барл...қ арт...ған уақ...тты... Абай өз бет...мен өз... сүйген кітаптар...н оқуға жұмсап, көп ...зденуге сал...над... Өз бет...мен оқит...н- ш...ғ...с ақ...нда. (М. Ә.).

12 - жаттығу. Мәтінді оқып, дауысты дыбыстар емлесіне түсінік беріңіз.

Абай жиынның тап ортасында тұр. Қимастық шерге толы сағынышты ана көңілі зорға шыдап сездіреді. Батар күннің қиыс түскен шұғыласы даланы қызғылт нұрға бөлепті (М.Ә.). Сөз тапқанға қолқа жоқ, желді қуған доғалар, жолды қуған оңалар. Еңкейген екі ойлайды, еңсесі кеткен бір ойлайды. Адамның сырты - алдамшы. Келбеті келгеннен кеңес сұра (Ж.А.). Командирге апарамын, күмәнді адамдар деп апарамын (С.М.).

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

13 - жаттығу. Мына мәтінге фонетикалық талдау жаса.

Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп,отын жеген сары қарын жануардың барынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек - көнек лықылдайды: қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара - шара шапылдайды. Бір шарасын ішкен адам мас болады, жас болады, Алтай тауын дүрсілдетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс - жұлыс, асыр салып жатқаны (Е.Х.). Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманьң жетеуіне шығып тұр. Атым-Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар (С.М.). Мамырбай ақсақал таңертең тысқа шыққанда, сеңсең ішігін күміс кісенмен шарт буынған Әбен бай екі қолын ұстап, үш жігітімен қара атты айналдырып жатыр екен.Тықай тағасы түсіп қалыпты,соған жаңа таға таққызбақшы екен (Ж.А.).

14 - жаттығу. Ұяң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайдай боп, күлкісі атқан таңдай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлеңдесіп езу тартса- есің кетіп, сұңқыл қақса- шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап,қиялың қия кезеді (Ә.Т.). Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Өңі - түсі екенін біле алмай, көзі алас ұрып, қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді (Ж.А.). ...Көзі қанталаған қалпы, қазандықтағы отқа телміріп отыр екен (О.Б.).

Бет-аузы, құлақ-мұрны дір қағады. Мен оларды қууға тиістімін (Ғ. М.).

15 - жаттығу. Үнді дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда, алақ-жұлақ қаранды да тоқтады.Тар ауызда тас тасалап, сұр шекпенді, бесатарлы, біреу жатыр бас бағып. Әлгі шекпен ала аттыны көре салып, ақ орамал көтерді, ала ат мінген оны көріп, ақ тымағын көтерді (С.Т.). Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз...Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағын орыс естіп,іздеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса, үмітсіз сайтан....(Б.М.). Күзгі аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне

айналған. Маңайда қызарып салған қурайлар көрінеді. Бүрінен айырылған тобылғы да құқыл реңді (М. Ә.).

16- жаттығу. Біздің дауыссыздардың астын сызып көрсет.

...Жамандық екі түрлі: кешірімді жамандық бар, кешірімсіз жамандық бар. Кешірімді жамандық тек кемшілік болады да, кешірімсіз жамандық айып болады. Кешірімді жамандық – тек білмегендіктен болатын жамандық. Кешірімсіз жамандық – тек біле тұра істелетін жамандық. Жамандық адамды кейітеді, қайғыртады, мұнайтады, ренжітеді, кемшілік пен мін адамның күлкісін келтіреді (А. Б.). Бай ашулана бастаған кезде, тұруды қолайсыз көріп, Мамекең үйге жөнелді. Бір дуан елді аузына қаратқан атақты байдың шылбырға бола ренжігені Мамекеңе уақ мінез секілді көрінді (Ш.А.). Әбен өзінен жоғарыға шәкірт, өз теңдесіне кекірт, өзінен төменге ұстаз бола біледі. Берем десе де, алам десе де, өзі біледі (С.М.).

17 - жаттығу. Мәтіндегі дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратып, үш бағанға жаз.

...Көкорай шалғынға көміле жатқан екі жолаушы бастарын көтеріп, құлақтарын түре тыңдап қалысыпты. Қобыз алғашында «аһ» дегендей ащы үнін бір шығарып, жиырылып қалған жылан жайлап созыла бастағандай үн өресін жая берді. Ол бейнебір айдын көлдің кең алқабында еркін ойнаған құстардың шикылы баяу ескен самал, бұйратталған ұсақ толқындардың шылпылындай жай дыбыс созылып, тыңдаған құлаққа жайлы, көңілді саз туғызады (Ш.А.). Машина үшін мен жауап беремін. Келген қоныстанушылардың аттары оған өлең сияқты естілді. Болашақ қаланың көшелері төрт пәтерлі жалғыз қабат ағаш үйлерден тізіле бастады (М. Ә.). Мен жақында ғана ауылдан келген едім. Сен әлі баласың. Оқу керек. Сіз, шынымен, күні бүгінге дейін Бикеш апайды білмейсіз бе? Ол кісі – бізге «өндіріс эстетикасынан» сабақ беретін оқытушымыз. Біз Бикеш апайдың ұлын жалғыз қалдырып кете алмадық, қайта үйге кірдік. Бикеш апайдың дәрігеріне өзім де кіріп шығармын (А. Л.).

18 - жаттығу. Мәтіндегі үнді дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыз.

Ерлік – табиғат сыйы емес, ұзаққа созылған тәрбиенің желісі. Халықта: «Туа батыр болмайсың, жүре батыр боласың» деген нақыл бар. Ерлік деген әр түрлі жағдайда пайда болады. Ұрыс үстінде жаралану немесе өлу жауынгер үшін кездейсоқ нәрсе емес, сол саяси ұрыс даласында болып қала беретін ерлік оқиғалардың көпшілігі де кездейсоқ емес, ол қиындық атаулыны жеңуге ынтық, жанын шүберекке түйе әзірленген дайындықтың жемісі (Б. М.). Түйе шаруашылығының бар жайын жақсы білетін бақташы бар түйе тегін үшке бөліп сөйлейді. Бірінші тегі – түрікпен тұқымды нар-қылқи. Екінші тегі – Астрахан

айыры, бұл да қазақтың жай айыр өркешінен ірі келеді. Үшінші тегін «таза монғол» дейді екен (М. Ә.). Бұлар жаңа басталған көмір разрезіне әдейі сұранып келіп отыр. Ал оны құрғату үшін, жаңа шахта керек. Оның жобасы әлі жоқ. Әди жымың етіп Иванға жалт қарады. Досының жұмыс кезіндегі қимылына Қабіболла талай-талай қызықтап қараған (С.С.)

19 - жаттығу. Мәтіндегі діріл дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыз.

Жас қыздың кешегі сөзін есіме түсірдім. «Жаңа зауытын қоқыстың үстіне орната салмаймыз. Жаңа қаламыздың келешегі тұрғысынан қараймыз». Болашақ зауыт пен жаңа қаланы қазір көріп тұрғандай әсер алдым (А. Л.). Туған жерге туың тік. Отан оттан да ыстық. Кеңеспен пішілген тон келте болмас. Болат қайнауда шынығады. Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер. Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір. Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді (С.С.). Шаруашылық былтыр мемлекетке алты жүз мың пұт дән тапсырды. Жігіттеріміз қазір келесі көктемнің қамына толық кіріскен. Әр жыл сайын екпе шөбіміз де көбейе береді. Біз жолға әзірлікке бірден кірісіп кеткенбіз. Біз орманды алқапқа іліктік (Е.Х.).

20 – жаттығу. Мәтіндегі тіл арты дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыз.

Өткен күндерді ойлағанда, өміріңнің ұмытылмайтын бір қызықты шақтары еске түсе кетеді екен... Досымбек екеуіміз Қызылжар педтехникумында оқып жүрміз. Білімге құлаш ұрып ұмтылған сайын, сәулелі болашақ бізді қол бұлғап шақырғандай болады... (С. О.). Есік алдында тұрған қос күрең арбаға отырар-отырмастан ала жөнелді. Солқылдақ арба тоқылдақ арбадан әрі түйіп-түйіп қалады. Жол жөндеуге жұрттың уақыты жоқ. Үлкен клубтың іргесін қалап жатыр (С.Н.). Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді. Адам баласын замана өсіреді. Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі. Надандық – білім -ғылымның жоқтығы. Дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. (Абай) Тіркемелі трактордың нақ жанында тұрған ұзын бойлы талдырмаш бала жігіт тықыршып тұр. Ауық-ауық күнге қарап қояды. Трактор бір қалыпты ырғалып келеді (Ж. Т.).

БУЫН

21 - жаттығу. Әр сөзді буын түріне талдаңыз.

Есігі түрулі, түңлігі шалқия ашылған кең үйге көктем сәскесінің бар тынысы, бар үні мол кіріп тұр. Биік сүйек төсек жанында дөңгелек столға шынтақтап, оңаша отырған Абайға есіктен кірген самал да жайлы. Таласа, жарыса білінген

изен, жусан, жас бетеге иістері де күн шуақты салқын сәскенің хош лебіндей (Ш.А.). Қазіргі бал араларының ата тегі мен жер бетіндегі гүлді өсімдіктердің арасындағы қарым-қатынас гүлдің тозаңдануына және онда бал шырынының жасалуына себепші болды. Мұндай ерекше құбылыс азық іздеген алғашқы адамның көзіне шалынды. Бұған тасқа жазылған суреттер дәлел болады (Қ. С.). Мен келесі көшеге бұрылдым. Ауыл жым-жырт. Көп үйлердің терезелерінің оты сөнген. Сендер Қопадағы тас құдықты білесіндер ме? Онда Келдекеннің малы қыстайды. Бүкіл ұжымшардың малы сол құдықтан суарылады. Мен бұл әңгімені инженерге айттым (С. С.).

22 - жаттығу. Мына сөйлемдер ішінен ашық буынды сөздерді теріп жаз.

Балалардың әлдеқашан ұйықтап қалғандығы. Бөлмеде үнсіздіктің орнауы. Сыртта көктемнің алғашқы жаңбырының құйып тұруы. Теректің жалаңаш бұтақтарының терезелерді сабалауы. Балалардың біреуінің ұйқысырап сөйлеп жатуы (Ж.Т.). Халық қаһары камал бұзар. Дұшпанға тастай қатты бол, досыңа балдай тәтті бол. Халықтан қайырымдылықты, қарияданбайымдылықты үйрен. Көп алғысы көгертер. Көпке топырақ шашпа (І.Е.). Баянауылға біз күн түске тармаса жеттік. Оның сыртқы жобасы Бурабайға ұқсас. Бурабайдың төбесінен төмен түскен қарағайлы қалың орман етегі арқылы жазық далаға кең жайылып кетеді. Баянның орманы алысқа ұзап бармайды (С. М.). Титтейіңнен сенің құлағыңа туған тілдің сұлу сазын құятын – атаң да емес, әкең де емес, ол - әжең мен анаң. Кәрі әжең мен қажымас анаңның бесік жыры. Ана тілдің алғаш қадірін білгізетін де – анаң. Ана тіл қадірін анаңның өзінен артық ешкім де білмейтін болар... (Ж.Т.).

23 - жаттығу. Мына сөздермен сөйлем құрап, буын түрін ажыратып көрсет.

География, сабақ, түсінік, құрлық, мұхит, карта, жыл, жасыл, желек, саяхат, қар, мұз, тау, шың, күн, жұлдыз, жол, жаңбыр, кемпірқосақ, бүгін, аспан, күңгірт, айнымалы, ала, үйлер, қоңыр, күзек, күндер, төсек, жастық, қалың, көрпе, текемет, кілем, сырмақ, арқар, тері, полк, кейін, кел, командир, екінші, жеткізу, тек, полковник, кек, кеш, тексеріс, көз, ракета, өкше, жүк, көп, кем, әскер.

24 - жаттығу. Сөйлемдерді буынға бөліп жаз.

Біз ол кезде жайлауда тұрамыз. Дәуімбай деп аталады. Аудан орталығынан қашық емес. Екі арада темір жол жатыр. Менің балдай балалық шағым сол әсем жайлауда қалды (Ө. К.). Директор мені күлімсіреп қарсы алды. Байқаймын, көңілі көтеріңкі. Сен, қыз, өзің, байқаймын, өткір көрінесің. Өткен жылы да өзі сабақ берген балаларды жақсы білетін еді (С.С.). Антонның тағы бір

әңгімелейтіні – руданы құрғатушылар бөлімшесіндегілер. Мұнда орыс, қазақ, белорус, татар және неміс ұлттарының өкілдері жұмыс істейді (С.С.). Сары ала күз келді. Күндіз қоңыр салқын. Кеш суықтау. Өзен суының сарылы алыстан естіліп тұр. Бозторғайлар жер бауырлай ұшады (Ж.Т.).

25 - жаттығу. Мәтіндегі сөйлемдерден бітеу буынды сөздерді көшіріп жаз.

Олар орманға қарай жөнелді. Біз бақлау пунктіне бара жатырмыз. Зор денелі біреу окоптың ішінде дүрбімен алдыңғы жақты шалды. Оның қасында қысық көзді біреу телефонмен бірденені былдырлап айтып жатыр. Я қырғыз, я қазақ, екеуінің біреуі (Б. М.). Мен ұшып тұрып, түні бойы салқын тартқан суық үйде денемді мұздай қарыған киімдерімді тез-тез кие бастадым. Үйдің іші ала көлеңке. Қалың қырбақ тұрған кішкене терезеден ертеңгі жарық бозамықтанып қана түсіп тұр. Кішкене балалар шырт ұйқыда жатыр. Әшейінде әжеммен қатар оянатын Нәзира әпкем де әбден қалжырап шаршағандікі болуы керек, тыпыр етер емес (С.М.). Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын (С.М.). Биылғы жыл егіні мол жыл болды. Біздің ауыл жаңа жылға қарқынмен дайындалуда.

26 - жаттығу. Буын жігін ажыратып көрсет.

Дүние жүзі еңбекшілерінің жауынгер гимні «Интернационалдық» музыкасын Пьер Дегейтер деген ағаш ұстасы мебель жасайтын жұмысшы шығарған. 1888 жылы Дегейтердің қолына коммунар ақын Эжень Потьенің өлеңдер жинағы түседі. Жинақтың ішінде Потьенің, Париж коммунасы құлағаннан соң, көп ұзамай жазған «Интернационал» атты өлеңі де бар болатын (Ш.А.). Келгендер Құнанбай мен Алшынбайдың екі жағынан жарыла отырды. Толық дөңгелек денелі, қызыл жүз, ақ сақалды Алшынбай тірсек жең қара қамзолдың сыртынан пұшпақ ішігін желбегей жамылып отыр екен (М. Ә.). Бізді мектепке алған Михаил Григорьевич кең пейілді, ақ жарқын, балаларды, оның ішінде кедей балаларын жанындай жақсы көретін мейлінше адал адам еді... Интернатта оқыған отыз баланың қақ жартысы қазақ, қалғаны орыс болатын (С.А.).

27- жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, қанша буын бар екенін табыңдар.

Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқадан
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері-түп қазығы, айбыны,
Туған тілі-сатылмайтын байлығы,
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да
Төрт анаға әнін жалға алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған.
Төрт анасын қорғамаған халықтың,
Ешқешанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана-тағдырыңның тынысы
Төрт ана үшін болған күрес-күрестердің ұлысы (А.Т.).

28- жаттығу. Мына үзіндіні оқып шығып, сөздерді буынға бөліп жаз.

Ертеңіне таңертең алып алма ағаштың түбінен бөктерге қарай кетіп бара жатқанда Қарақаншық көзімізге оттай басылып ұшырай кетті. Алма жеп тұр екен. Іші салбырап біртүрлі аянышты көрінді (С. М.). Біз алып алма ағаштың түбінен әрі-бері өткен сайын «Көкінай, Көкінай! Кә! Кә!» деп Қарақаншықтың шын атын атап шақырамыз (С.Н.). Қарақаншық сол күйі ұшты-күйлі жоғалды. Біраз уақытқа дейін сөз қылып жүрдік те ұмыта бастадық. Алып алма ағаштың алмасы өзімізге қалды. Үйден шыға саламызда күні бойы соның түбінде боламыз, асық ойнаймыз онан қала бере үңгірді кеңейтіп түбіне сабан төсеп, үйшік жасаймыз (С.М.).

ТАСЫМАЛ

29 - жаттығу. Мына сөйлемдерден тасымалдану нұсқаларын ауызша айтыңыз.

Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманның бер жағына оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жақта құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күр-күр еткен Күршім бар. Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайдай боп, күлкісі атқан таңдай боп, бойы құба талындай боп,былқ-сылқ етіп бұраңдасып, бірлесіп,көлеңдесіп езу тартса - есің кетіп,сұңқыл қақса шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді. Егін күннен-күнге қурап барады, енді біраз күн кідіртсе кейбір учаскелердің егіні жерге құйылып түсу қаупі бар. Жандәрмен кез. Шалғымен шабу басталды. Мектепте әжетке жарайтын балалар сабақтан босатылып, қол орақпен оруға, орылған астықты жинауға жіберілді (Ж.А.).

30 - жаттығу. Мына мәтінге фонетикалық талдау жаса

Марқкөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын жануардың барынан сүт сорғалап, сүт емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды: қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі

қымыз шара-шара шапылдайды. Бір шарасын ішкен адам мас болады, жас болады, Алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс, асыр салып жатқаны. Неткен ұзақ түн тағы да ұйықтап кеткем тағы да түс көрдім: ауылда ылғи бір ұры иттер қаптап кеткен екен деймін, баяғы Қарақаншық-Көкінайдың күшіктері шетінен ұры боп, тістері ақсиып, ырылдап жұртты үйді-үйіне қуып жүр; менде зәрем ұшып үйде тығылып тұрмын, терезенің алдында менің сыртқа шығуымды аңдып тісі сақылдап өзімнің қара күшігім тұр мені қаппақ болып (С.Т.).

31 - жаттығу. Үнді дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыз.

Ала ат мінген терең шаттың дәл аузына аттанғанда алақ-жұлақ қаранды да тоқтады. Тар ауызда тас тасалап, сұр шекпенді, бесатарлы, біреу жатыр бас бағып. Өлгі шекпен ала аттыны көре салып, ақ орамал көтерді, ала ат мінген оны көріп, ақ тымағын көтерді. Мамырбай ақсақал таңертең тысқа шыққанда, сеңсең ішігін күміс кесемен шарт буынған Әбен бай екі қолын ұстап, үш жігітімен қара атты айналдырып жатыр екен. Тықай тағасы түсіп қалыпты, соған жаңа таға таққызбақшы екен. Бай ашулана бастаған кезде, тұруды қолайсыз көріп, Мамекең үйге жөнелді. Бір дуан елді аузына қаратқан атақты байдың шылбырға бола ренжігені Мамекеңе уақ мінез секілді көрінді (Ж.А.).

32 - жаттығу. Бір буынды тасымалданбайтын сөздерді тап.

Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр. Атым-Бекболат. Басымда барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар. Кешке қарай өрістен қайтқан малмен бірге алма толы бір-бір дорба-қоржындарымызбен арқаланып, бізде ауылға бет алатынбыз. Ауылдың желке тұсына жеткенде, жолымыздағы қөлденең тұрған жалғыз түп үлкен алма ағашты айналып өтеміз. Ірі ақ алмалары жерге түсіп төгіліп жатады (Ж.А.).

33-жаттығу. Мына мәтінге морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық талдау жасаңыз.

Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, бырқыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Өңі-түсі екенін біле алмай, көзі алас ұрып, қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, жылап ағып қоя берді. Алды-арты тұйық, қараңғылық, не болары белгісіз.... Сонда да Ақбілек тірі, Ақбілек сұлу... Ол елден асты: қазақ тұрсын, атағын орыс естіп, іздеп келіп, алып қашты... Орыс біткен бұған бола қырқысты. Кім біледі, тірі болса, үмітсіз сайтан.... (Ж.А.).

34 - жаттығу. «Туған жер» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.

ЕКПІН

35 - жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жазып, екпін түрлерін ажыратыңыз.

Енді ілгері жылжу үшін біз барлаушының іңір қараңғысын тосып отырмыз. Жүргіншілер келе жатқан жол қабат-қабат биіктің арасында жатқан жалғыз аяқ жолдай болып, жіңішкеріп, жыланша иіріледі (М.Ә.). Анау көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл қонысы, қой өрісі – барлығы да соншалық таныс, жақын. Тіпті, былтыр боқырауда, күзем үстінде қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын (А.Б.). Бұл қыста Абай сыры үздіксіз қатты тыйымға, тұйықтыққа кетті. Ендігі сырласы, досы, шын ұзақ айнымас серігі тағы да кітап қана. Қыстау жанына, тықыр көгалда, ерте тігілген тек Әйгерімнің отауы мен көрші қызметшісі – Бәшей, Злиханың ғана қоңырқай үйі (М.Ә.).

36 - жаттығу. Мәтіндегі дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыз.

Жігітек пен Бөкеншінің нелер ер, балуан жігіттері де кезігіп, шайқасып алды. Әсіресе бүгін қайратпен, ерлікпен көзге түскендер Жігітеkte – Абылғазы, Бөкеншіде – Марқабай. Құнанбай мен Байсалдардың ақылын тауысқан бір нәрсе мал алушы жаулардың бірде-бір уақыт көзге түспейтін тығылғыштығы болатын (М.Ә.). Өзге күндерден дәл бүгінгі күннің уақиғалары әлдеқайда бөлек. Күндізгі әкелер, әлгі Шөже, жанағы Бөжейлер... Бір Қарқаралы қаласының алақандай аясының ішінде болғанмен, осы адамдар арасы соншалық кереқар (С.Т.). Біреу көріп қалмаса екен, елемесе екен деп тілеп, жылысып кіріп, жымырайып қана босаға жаққа отыра кетті. Ерні жыбырлағаны болмаса, сәлем бергені де ешкімге естілген жоқ (С.Т.).

37 - жаттығу. Мәтіндегі сөйлемдерден лебізді екпінді табыңыз.

Кәрлекең ауылы ығы-жығы адам: шеттен келгендер аттарын иіріп байлап тастап екеу-екеу жекеленіп сөзге кірісіп отыр. Жебелі қара кісі тымағының оң жақ құлағын жымқырып алып, сөзге кірді: - Адам болам деген жастың алдына шығып көргеніміз жоқ (Б. М.). Қазір Абай ауылы Қызылқайнар деген қоныста отыр. Жіңішке өзенмен қатар бұлақ бастаулары мол, шалғыны да қалың кең жайлау болғандықтан, бұл қонысқа Абай ауылымен ілесе көшіп келген ауылдар аса көп (М.Ә.). Қаратаймен қырбай болғандықтан, Құнанбай Көкшенің жайлауына ортақ болғысы келгендей. Өгіз мұзды суға басқысы келмей көп тартысып еді, Ербол ырыққа көнбеді (М.Ә.). Үлкен болсын да кең болсын

дегеннен басқа үй иесі түк тілек қоя алмап еді сәнін шебердің өзі келтірді. Ендігі сөзі Ордабайға тапсырылғаны есіне түсіп соның үйіне қарай беттеді (С.Н.).

38 - жаттығу. Сөйлемдердегі р, ш, с, дауыссыз дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Айдос тобы сүгір ауылына түсетін болған соң Бөкеншінің өз жасағы осы мандағы Бөкеншінің өзге ауыл-ауылына тарап түскен. Соғыс, әлек, қан қырғын боп жүрсе де сонымен қатар бұл елдер ішінде әрқашан бір гу-гу мақтан әңгіме де, күлкі, мысқыл, қылжақ та жүруші еді (С.Т.). Қазір де Жұмандар қымызға бас қойысымен Абай оларды ұмытты да айтып отырған кеңесінің желісін қайта тауып өз сөзіне кірісті (М.Ә.). Бұл ойында шындық дәні барлығын сезінсе де, бауырмал жүрек бүкіл бір халықты ешнәрсе жасай алмаған деуге қия алмай, басқа себептерді кеңірек, жайылып іздестіреді (Ғ.М.).Қысқы қоныста ұзай алмайтын бірен-саран жатақтар әр жерде моладай шошайып тұрған қараша үйлерін көз ілескенше жығып алып, көше жөнелуге әзірленіп қалды. Жүзінің басқа мөрі түгел көшуге жақындап, ескі теңгеліктейкөмескі тартқан. Игілік аулына да көзін сүріндірерлік тағы бірдемені шығарғанын көрді (І.Е.).

39 - жаттығу. Екпін түрлерін көрсетіңіз.

Ақпан,қаңтар бірдің айы – баршасы да қазір Абайлар жүріп келе жатқан сар дала қоңыр адыр сай-сала, қорық-қойнауларға өздерінің ақ ирек сар-кідір омбыларын оқаптарын мұздақ жалтырларын жапқан көрінеді. Әсіресе Ербол бес-алты жылдан бері Абайдан айырылмайтын үзеңгі жолдасы болып алған (М.Ә.). Ол мен үшін шеті ғана ашылған ар жағы тұңғиық, бітеу жан. Оның бала кездегі қылықтары есіне түсті,інісінің оқып жүрген кезін де ұмытпапты.Тағы бір үйдей толқынның келіп қалғанын көрді,бұл да күркіреп кеп,қайыққа тап берді. Аш ат көзін сүзіп, шөпке қарайды, құр тамсанады (С.Т.).Әркім өз ойында, барлық ой бір қараға жетіп жығылуда келе жатқанда. Ақмола жолына көлденеңдеп түскелі келе жатқан бір кішкене шоғыр. Бала осы сөзді айтып болып, шешесінің зілімен Абайларды мұқатқандай кекесін жүзбен енді ғана күлді де, атының басын ірке беріп еді (М.Ә.).

40 - жаттығу. Мәтіндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.

Соғыс кезінде бір тілекті адамдар бір ғана түн бірге түнеп шықса да, әр саламен ақса да әлдеқайда түйісіп қалатын өзен суындай. Бұл түн менің ең соңғы көрген дүнием болғандықтан, қараңғылық қоюланып, қозыны қолына ала бергенде, кейде тіпті ұзақ сөйлеп кететін (С.Т.). Абай оған бір-екі рет: «Қойсаңшы, Мәкіш!» деп тоқтау айтып еді, апасы тыңдаған жоқ. Жақсылық құрымасын, онымен жағаласқан жан құрысын (С.Н.). Абай мен Ербол біріне

бірі жымия қарасты да, молдасы ұрысқан шәкірттей, жым болды (М.Ә.). «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтайды» дегендей, сыртынан мақтаулы Шыңғысты көргенде, Ұлпан есінен танып қала жаздады (С.М.).

41 - жаттығу. Мына сөйлемді буынға бөліп жаз, фонетикалық талдау жаса.

Алшақ жайласып, араласпай араз отыратын екі бай уәделесіп қойғандай, Майқұдық басына бүгін кешке жақын қатар келіпқұлады. Жаз бойы Құланөтпес пен Құдаймендінің кең ашырына сыйыса алмай күнде қанат серпісіп, күнде қамшы сілтесіп, қақтығысып келген екі байдың аядай жерге арқа тіресіп қонып жатқаны жай емес сияқты. Бар мінезі көздерін жартысынан асыра жауып алып, енді етегін көтерместей біржола түйілген қабақта ғана қалған сияқты. Ұзын түйелі көштің өзіне ұқсаған өркеш-өркеш шаңы шұбалып келіп, көп жылқының тұтаса қарауытқан шаңына осы бір бұлақтың басында түйісті де, тоғысып кетті (С.Т.). Бірақ салтақ тымақтың құлағын қалай түрсе де сыр ала алмай, шерменде болып қылысты. Бұрын бұл бұлақ басына шыққан теректей, еркін суарылып, жарық пен желмен қағажу көрмей өскендігі көрініп тұрған адам. Сонау Есіл бойындағы. Сандыбай үйшіге он құлынды бие берем деп, үй алды.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

42- жаттығу. Мәтінді оқып, ондағы сөздердегі буын үндестігін көрсетіп дәлелдеңіз.

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші-сол нәрсені естігенде я көргенде, ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші - ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы- күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе-күллі ақыл мен ғылымды толтыратұғын нәрселер. (Абай) Бақтығұл жылқыны иіріп келгенде, Қатшаның өліге дауыс айтқандай боп үн салып, қайнысы Тектығұлға жаны ашып жылағанын естіген Бақтығұлаттан түспестен айналаны шарлап, шапқылап айқай салып, Тектіғұлды іздеген (М.Ә.).

43 - жаттығу. Мына сөйлемдердерді көшіріп жазып, буын үндестігі бойынша жасалған қосымшаның астын бір, дыбыс үндестігіне жататын қосымшаның астын екі рет сызыңыз.

Корпуста тәрбиешілердің және оны биыл бірінші бітірушілердің атынан Шоқан сөйлеуге ұйғарған. Оның шешен жас екенін Омбының жарқын қоғамы аңдап та үлгерген. Гутковскийдің, Капустиннің, Ганцевскийдің кейде Гасфорттың үйлерінде өткізілетін кештерде Шоқанның қатыспайтыны сирек

болатын (С.М). Абыл шешен қалмақтың қарғысшылынан қарғыстың жаманы қандай деп сұрағанда, қарғысшыл бірінші: «Шөбің жапырылмасын!»-депті. «Мені кедей бол дегенің ғой, бұл қарғыс емес, халқым бай болса, бір менің кедейлігім кемшілік емес депті Абыл. Екінші, «Күлің шашылмасын», -депті «Бұ да қарғыс емес, «Балаң болмасын» дегенің ғой, «өзім жақсы болсам, халықтың бәріде менің балам»-депті. Үшінші: «Өзің білме, білгеннің тілін алма»-депті. «Міне, жаман қарғыс осы!»-депті Абыл (С.Е.).

44 - жаттығу. Мына өлеңді мәнерлеп оқып, ондағы сөздерді буын үндестігіне қарай талдап, өлеңді жаттап алыңыз.

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған.
Сахара-көлге қонып салқындаған
Бір өртке қаудан шыққан душар болып
Не қалды тәнімізде шарпылмаған
Алаштың адамының бәрі мәлім
Кім қалды таразыға тартылмаған
Дегендер мен жақсымын, толып жатыр
Жақсының өз басынан артылмаған

(А.Байтұрсынов).

45 - жаттығу. Сөйлемдерден буын үндестігіне бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызып, буын түрлерін анықтаңыз.

Қара жорға Қасқырбайдікі. Шын бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер, табыстарын асығып әкелген өнерпаздар аз емес. Ол жаңағыдай жайларда өте намыскер, басынан сөз асыра алмайды. Ел де, жер де бұлардікі (С.Н.). Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады. Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді... Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай: -Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма?-депті. -Ата, арзан не, қымбат не, даусыз не?-депті Абай.

Жанқұтты: - Шырағым, арзан-өтірік, қымбат-шындық, даусыз-кәрілік емес пе? Жанарыңның оты бар екен-ақындығың шығар, маңдайың жазық екен- ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, -деп батасын беріпті (М.Ә).

46 - жаттығу. «Ана-сарқылмайтын күш» деген тақырыпқа шығарма жазып, үндестік заңына қатысты мысалдардың астын сыз.

КЕЙІНДІ ЫҚПАЛ

47 - жаттығу. Төмендегі мысалдан кейінді ықпалды тап.

Өлген батасын тірілтпек болып боздаған інгендей зарлай-зарлай жазған ана ұзақ уақыт отырып қалғанын байқамай, тек кешегі жуан-жуан тағыда табынға таяп қалғанын бір-ақ көріп, шошып кетті. Ана жыры жанына жағып бара жатса керек, көнектай қап-қара болып сірескен бет жүзіне иненің жасуындай жылу пайда болып, жібігендей болды (Ж.Т.). Зарипа тілеуқор болып ол тұр, Едіге әдейі әлі жетпеген болып, күшенеді -ай келіп. Егер маған салса, жаныма жақын жолатпас едім. Әкеңнің аты-Дөненбай. Сол шырақ тура менің сәби көкірегімде жылтырап жанып тұрғанын анық көзіммен көргендей болдым. Қамқа әжем бетін сипап, қатты бір күрсініп қойды. Қалың ойға шомып Тәттімбеттің бусанып, терлейтін әдеті бар болатын (С.Н.).

48- жаттығу. Төмендегі мысалдан кейінді ықпалды тап

Ұрғашылары енесіне тартып, ақ бас болып туып, шартарапқа даңқы кетті, ал еркектері қазіргі боранды Қаранар сияқты қара реңді келіп, зор болып туар еді. Мұндай болар деп ойлап па едік! Ақырында-деп барып, «Ит өліміндей болды» демекші еді, онсыз да түсінікті болған соң, соңғы сөзді аузынан шығармай жатып қалды (Ж.Т.). Жәй, әйтеуір, ермек қой, -деп Әбутәліп күректі басқа иығына ауыстырып салды да, ықыластана жауап қатты. Қолға түскен Найман жігіттерін тас жүрек жылмауыр жау қалай азаптайтынын, қалай қорлайтынын, ақыл-есінен қалай айыратынын көресің (С.Н.). Мен құдайдан сұрап алды деп отырсың ба, -деп ашуланды жаралы бұл сырқат пайда болғалы биыл он сегіз жыл. Сол шырақ тура менің сәби көкірегімде жылтырап жанып тұрғанын анық көзіммен көргендей болдым. Қамқа әжем бетін сипап, қатты бір күрсініп қойды. Қалың ойға шомып Тәттімбеттің бусанып, терлейтін әдеті бар болатын (С.Н.).

49- жаттығуы. Мына өлеңнің ішінен кейінді ықпалды тап

Бір жағында – кілең бай,

Бір жағында –Құлатай

Құлатайдың жолдасы

Жұмысшы Жүніс, Жұматай (Б.М.).

Естимісің құлақ түрші

Қырдан ескен самалға.

Сәлем айтып жатыр ауыл

Саған,оған,маған да.

Телеграф сымы тұрған сүйеніп ап бағанға (А.Т.).

50 - жаттығу. Төмендегі мысалдан кейінді ықпалды тап

Ұлберген түскенде, Амантай қосшы болып алысып келген. Қасықтап жинағаныңды, шелектеп төкпе. Мен өзімді бір бүйірден көргенім жоқ, айнаға да қарағаным жоқ, бірақ кескінімнің қандай болғаны көз алдыма ап-анық елестейді. Өйткені күйеуімнің көзінен ылғи үрей мен аяныш көрдім. Осы панасыздық пен жалғыздық сезімі мені Қасымбектің бауырына өзі-ақ апарып тықты. Мен бейне бір терең суда малтығып жүрген адам сияқтымын-жағалаудан алыс кетіп, жерге табаным тимеген соң, жармасқан жаман талымнан қолым қарысқанша қысып алып, айрылмаймын (С.М.).

51- жаттығу. Мына өлеңнің ішінен кейінді ықпалды тап.

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен,
Дұшпанға қысым көрсеткен (Ж.Т.)

52- жаттығу. Мына мәтіннің ішінен кейінді ықпалды тап.

Жалғыз тоқтымды шөпшілеріне ұрлап сойып бергенде де, сұрап бара алмаған,-деді бесікші. Әскерде жүрген адамның бас билігі өзінде болмайтын көрінеді ғой, рұқсат бермей қойса қайтесің ?-деп бір тұқыртып алды да, содан кейін барып әрең жібіді. Жүрегім бір сұмдықты сезді ме, білмеймін, әйтеуір, тұла бойым тітіркеніп, Қасымбекті жабысып құшақтай алдым. Әуелі шығу шығып жарылды да, артынан тынбай ағатын болды. Тұла бойымда басқа бір өмірдің өсіп келе жатқанына түсіне алмадым да, бір түрлі өзімді жатырқадым. Арғы бетте немістер әскер топтап жатыр деген сыбыс бар. Содан кейін ойлана жүріп ой түйді ме екен, әлде бүгінгі күн менің мына жағдайым... екеуімізге ортақ, жан біткен нәресте түрткі болды ма екен, не де болса жай ұйқы ашар әңгіме емес, күйеуімнің ар жағын ашып келеді (С.М.).

ТОҒЫСПАЛЫ ЫҚПАЛ

53 - жаттығу. Сөйлемдерден тоғыспалы ықпалды табыңыз.

Қазір жылқы жүз алпыс,қой төрт жүзге жуық, жеті-сегіз түйесі бар. Ол саулық жаз шыға қозылы қойға айналды. Тура Бекжанның өзіне айт. Шәкен жол бойы жақ ашпастан, түн мен қоса түнере келіп қалаға енді (С.К.). Алуды онша жек көрмегенмен, суыра салып, мақтап кетуге Аман мен Ахмет олағырақ

еді. Сенімен біз алтыншы атадан қосыламыз. Бейсеке сөзі ертеден оның ойын ығыр етен. Темірді терідей сыпырсаң да, ашып айтшы, не қыл дейсіңдер? (С.К.). Ұлпанды айттырған күйеуі Түленнің баласы Мырзаш деген жігіт алдыңғы жылы бір келіп кеткен. Ұзамай қоңырау даусы бір қыр астында естілді. Жас жүректе мықты жара басталды (Ғ.М.). Ол жаққа бастап баратын қол басы - Ызғұтты, Жақып пен Құнанбайдың өзі. Сырбай Дәулет туралы емес, Масақбай туралы ойлап келеді. Мен Бәтеске анадағы жалған хаттар жайында айтқан едім. Ол жөнінде жиналыстан соң әңгімелейміз (М.Ә.).

54 - жаттығу. Сөйлемдерден жазылуы мен айтылуы үйлеспейтін сөздерді тауып, олардың қандай ықпал заңына жататынын анықта.

Әбендікіне жеткенде атын байлайтын мұршасы болған жоқ. Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Ол мен үшін шеті ғана ашылған, ар жағы тұңғиық, бітеу жан. Осы қарбаласта Андрейдің көзі бір сұмдықты, жолды қатты соққан қара дауыл мұз көбесін сақыратып, ырситып ашып жіберді (Ж.А.). Жиырмаға жетпеген жас жігіт өз ойынан ұялу дегеннің салмағын әрең көтеріп, орнынан тұрды. Мынау үйде бас қосып отырғандардың бәрі соншама қиырдан келеді. Боқай байының бетіне қарай алмады, атын толық айта алмады (Ж.А.).

55 - жаттығу. Мына сөйлемдерден тоғыспалы ықпалы бар сөзді табыңыз.

Мұны жылатқан соң қуарған қу өмірдің не бағасы бар. Жемтікке тойып былай шығып отырған ақ бас күшігіне, үлкен үйдің оң бүйірінде қап-қара болып, тамжылмастан күжірейіп отыр. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. Оны Байтастың әкесі қас, жау ретінде көріп, бірден ұнатпай атына отырып кетіп қалған еді (Б.М.). Күн шығып, ел тұра бастады, Досжан әлі жоқ. Әбдірахманның бұл сырын ешкім түсінбейтін. Биыл қыс суық болады деп жорып жатыр ғой. Тағы да жаз (Б.М.). Ауыл деген қазақ үшін ең қастерлі, қасиетті сөздің бірі екені анық. Отан деген ұялы сөздің шағын баламасы осы ауыл болса керек. Қайда жүрсең де, қайда барсаң да, көкірегінің түбінде маздап жататын бір шоқ бар, - ол сол туған ауылынан тұтатып әкелген шоғың (Б.М.).

56 - жаттығу. «Жаз айлары» деген тақырыпқа қысқа әңгіме құрыңыз.

57 - жаттығу. Төмендегі сөйлемнен тоғыспалы ықпалды теріп жазып, тыныс белгілерін қойыңыз.

Досжан келген соң-ақ Есенкелді өз ниетін айтты. Бір жылдан бері Бозжанда шын қиынға жұмсамай қысталақ сын үстінде Бозжан ер қайратына табылатын

адам деп сеніп келгенін сөйледі. Еңсесін көтермей, қабағын түйіп, үгілеп, аһылап, мүсәпірсіп, мұңайып төмен қараумен түніліп өткізе бастады. Олар өлімді сылтау етіп, сөздерінің абыройын, атағын, мақтанып айдынын да асырады (Е.Х.). Секеңе құран оқып жейтін асты солар меніменбірге отырып жесін, қасқыр ішектің Қажымұқан екенін, мырзаның Құттыбай екенін білсін... Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады. Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отығада Абай келіп сәлем береді. ...Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай: - Ата, сізден сұрауға бола ма? – депті (М.Ә.).

58 - жаттығу. Мына өлең шумақтарында қандай ықпалдар бар сөздерді табыңыз.

Шөре, шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секеңдеме, демінді ал,
Селтеңдемей құлағың.
Ана тілім- тірлігімнің тірегі,
Тілмен ған кірер адам реңі
Ана тілім- әрекетім азығы,
Бар ғаламды тануымның қазығы
Ой- санамның өсуінің куәсі,
Ғасырлардың кейінгіге өз үні (А.Т.).

59 - жаттығу. Сөйлемдерден тоғыспалы ықпал тауып ажыратыңыз.

Бір күні атақты бір бай Жаманқара күйшіні шақырып алады. Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отығада Абай келіп сәлем береді.... Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай: - Ата, сізден сұрауға бола ма? - депті.

Ауыл сыртындағы осы жанжалдың үстіне кешкі сейілде жүрген Әбіш оқыс килікті. Дәрменнің бетіндегі қанды көріп, Әбіштің өңі құп-қу боп кетті. Осы кезде бұл арадағы жанжал мен төбелесті білген Сойқан алыстан боқтыққа қарай келе жатты (М.Ә.).

ОРФОГРАФИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

60-жаттығу. А, ә әріптерінің қандай орында қолданылып тұрғанын түсіндіріңіздер.

1. Әзілкеш әрқашан күлкіге жол ашады деген осы-ау (М.Ә). 2. Оқ пен **оттың**, қанды майдан қырғынның ортасында болмаса, даланың тісті, тырнақты аңымен алыса жүргенде, әйтпесе тас қараңғы түн, тағы боранда дір етпеген Құланның жүрегі осы арада бұлқынып қоя берді (А.Н.). 3. Жүгірген аң, ұшқан құсы көзден таса қалмайтын жапан түз, жалпақ даладан ондай жансызды мен қалай

байқамаймын? (А.Н.). 4. Бүгін ұзақ жол жүріп ат соқты болғанын да ұмытты қазір(А.Н.). 5. Анау ойпаң үстіндегі айдау далада күздің қара желі ішін тарта есіп тұрған тәрізді, аспанда түте-түте қара бұлттар батысқа қарай маңып, қарасудың арғы шеті шұбарытып жиырыла түседі. (А.Н.).

61-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, **о, ө** әріптері қай буында жазылғанын айырыңыздар.

1. Өмір қамшының сабындай ғана, өмір бар жерде **өлім** қатар жүреді (Б.М.).
2. «Төрт көзге» кіретіндер: әкем Ыдырыс, шешем Әсбет, тәтем Айсұлу, ағайым Әлихан және мен (Б.С.)
3. Ащы өмірдің батпағын белшеден кешіп жүріп, қайғырып қапалануды білмейтін (Б.С.).
4. О, жалған дүние! Ана құшағындай ыстық та мейірбан не бар сенің жүзіңде?! (Б.С.).
5. Лениннің «Оқы, оқы және оқы» деген әйгілі сөзін сол күні Сағатбайдың аузынан естідім (Б.С.).
6. *Өмірге* деген сенімді солардан алу керек сияқты (С.Р.).
7. Мұқтаждыққа ұрынбай, бақуат тірлік кешуге қажыр-қайрат жұмсап, талпынып та жетуге болады(С.Р.).
8. Өмірдің ащысы мен тұщысын молынан көрген, көкірегі қазына қарт анаға жиналғандар құшақ-құшақ гүл ұсынып жатыр (С.Р.)

62-жаттығу. **Ұ,ү** әріптері бар сөздерді теріп жазыңыздар.

1. Ұстазсыз шәкірт тұл. (мақал).
2. Үйде адамның болмағаны көрініп тұр, сүңгі - сүңгі болып кетіпті.
3. Үлкендер жағы келесі жаздың жаңбырлы, рыты жыл боларын сәуегейлеп, аса риза пейілдетін (О.Б.).
4. Айыртау менен басқа жұртты қабылдамай ма екен... (О.Б.).
5. Кеңірдектен жауған қардың ортасынан өрт шықса, әлемге әйгілі жаңалық болмас па еді... (О.Б.).

63-жаттығу. **И** дыбысы бар сөздерді тауып, ондағы **и** дыбысының жуан **я** жіңішке екенін ажыратыңыздар.

1. Дәурен келген күннен бастап, ескі досы Нүркенің өзіне деген жолдастық, қамқорлық ниетінің өзгере бастағанын бұл аңғармай қалған жоқ (І. Е.).
2. Дәмелі екеуінің аса бір қымбатты сағатында айтқан еді (І.Е.).
3. Тау бөктеріндеі табиғат керемет. Сонау қарлы құздардың құшағында жүйіткіген долы тасқынды тау өзендері көбік атып, бұлқына түсіп тынбай гүріл қағады ... (І.Е.).
4. Үйге кірген шақта-ақ Ержанның егіз қозыдай Ерғазы, Нұрғазы деген алты жасар балалары есік алдында шулай жүгіріп кеп, қарсы алатын (І.Е.).
5. Жазғы демалыста Жәмилә балаларын лагерьге жіберген еді (С.А.).
6. Қазақ фольклорінде махаббат әндері басқа да ұлттардың фольклоріндегідей айрықша орын алады (І. Е.).
7. Әдебиет, ең алдымен, сөз өнері (З. Қ.).

64-жаттығу. Ы, і дыбыстары бар сөзді теріп жазып, ол дыбыстар сөздердің қай буынында жазылғанын айтыңыздар.

1. Атамыз қазақ ежелден өз қонақжайлығымен аңызға айналған халық (Е. Қаз.).
2. Халқымыздың қонақ күту, қонақ шақыруға байланысты түрлі дәстүрлер, рәсімдер бар (Е. Қаз.).
3. Ұйымшылдық, тәртіп, ең бастысы білім (Я.К.).
4. Әдет – ғұрыпты сақтайтын, дәстүрді жалғастырушы қайырымды ұрпақ тәрбиелеу (А.Қ.).
5. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтармен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады (А.Қ.).
6. Аудан шаруашылығының келешегі ерекше маңызды, өйткені ауданның жер қойнауында мыс, қорғасын, күміс, темір, көмір кендері аса мол (М.С.).
7. Тәуелсіздік үшін тігіп бастарын, Желтоқсанда шықты алаңға жастарым (Е. Қаз.).
8. Үлкен науқан есен сау аяқталып, «уһ» деп бел шеше бергенде, күн шайдай ашылған (О.Б.).
9. Осы совхоз басшылары қызық, Сейітқұлға жіберген оқушыларға маған неге көмектес демейді? (О.Б.).
10. Агроном қыз да жаяу келеді екен деген хабар жүрліктіріп және жетті (О.Б.).
11. Кеше Фадиха тұрғындары айтқан: Айыртаудағы асуда жалғыз үй оңаша тұрады деп (О.Б.).
12. Уһ, жіпсіп кеттім ғой, ішпей жемей албатты балағаттасқан қиын екен... (О.Б.)

ДАУЫССЫЗДАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

65-жаттығу. Дауыссыз дыбыстардың астын сызып, дауыс қатысына, жасалу орны мен жасалу жолына қарай талдаңыздар.

1. Осының бәрі бабамыздан қалған мұра.
2. Жаз туып еді, көшеде у – шу.
3. Көңіл ісі – түю, талғау.
4. Апам менің көйлегімді киіп кетіпті.
5. Біз тұс ауа Есілді жағалай араладық.
6. Сен ою оя аласың ба?
7. Ләззат пен Кәусар апалы-сіңілі болғанымен, сырт көз оларды құрбылар деп ойлайды (З.Ш.).
8. «Ұрлық түбі қорлық» дегендей ұрлық адамды жақсылыққа апармайды (Б.М.).
9. Әсем Жанар келгенше ыдыс-аяқты жуып, үйді жинақтап, бәрін тазалап қойды (З.Ш.).

66-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, дауыссыз дыбыстардың жазылуын түсіндіріңіз.

1. Хамит Тобықов ұзын бойлы, екі ұрты суалған, тар маңдайлы адам еді.
2. Дүкенге жаңа жиһаз әкелінді.
3. Ержан Есентаев жұртпен амандасып болып, терезе алдындағы орындыққа отыра кетті.
4. Демек, махаббат сондай дауылға айналған екен ғой.
5. Директордың қаһарлы үні теңіздің толқынындай көтерілді.
6. Рухани жаны таза адам – өмірді көп жасайды (Б.М.).
7. Рүстем бала кезінен ғарышкер болуды армандады («Сырласу» газетінен).
8. Мұрат ақсақал өмірдің небір ащы-тұщысын көріп, көп жасаған дана кісі (З.Ш.).

9. Ал Астананың мәдениетін үкілеп жүрген, ұшпаққа шығарамын деп жас қанатын құштарлана қаққан Елорда филармониясындағы өнер иелеріне ғана мәдениетті қолдау жылында 38 пәтер бергені ұмытылар ма! (С.Р.). 10. Күйдің төгіліп түскенін қалайды Анар(С.Р.). 11. Жанұя қадірін үнемі есте ұстап жүретін Фариданың бұл да бір ғибраты екені рас (С.Р.). 12. Целиноградтан сөйлеп тұрмыз (С.Р.). 13. Өмірге нық қадам басуларына ұстаздары Ермек Бижікенов, Әбен Құлымбетов, Балира Шәмшиденқызы, Қайырғали Мақұлов, Доскен Отарбаев секілді ұлағат иелері сапалы. 14. Екеуі қатарласа отырып, буы бұрқыраған самаурынды орталарына алғанда ақшам жамырап, өрістен қайта бастаған(О.Б.). 15. Халық үшін деді, Отан үшін деді, қашан қара жер қойнына алғанша қарекеттенеді (О.Б.)

БАС ӘРІПТІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

67-жаттығу. Жалқы есімдердің жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

1.Йасауидің әкесі – Шайхы Ибраһим сопылық жолды ұстаған діндар адам (М.Қ.). 2. Химияны, физиканы, математиканы, тіпті биологияны өз мамандары деңгейінде білген (М.С.). 3. Тасжан архаизмге айналған жиһаздарды көргенде он тоғызыншы ғасырдағы этнографиялық музейге кіргендей аңырайып тұрып қалды(О.Б.). 4. Оның кейбір талдаулары қазіргі заманғы қарыштаған құрылыстан қалыңқы, көбінесе Ричард Нейтрдің, Ле Корбюзье, Вальтер Грониустің еңбектерін, осы кісілердің өмірбаянын ежіктеп кетеді (О.Б.). 5. Мәңгілік пен даралықты сабақтап таратып ойлай бастасам, менің алдымда бас айналатын бездна түпсіздік пайда болып, Писарев айтқандай, «душевная апатияға» тап келемін (О.Б.). 6. Құдай, кеше ғана еді ғой, өмірі өз пұшпағы қанамған Анна Ивановна бала десе ішкен асын жерге қоятын (О.Б.).

68-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, жалқы есімдерді емле ережелері бойынша жазыңыздар.

1. Челябинск, Қазан, Уфа, Самараға бірнеше рет барып та қайтты(О. Б.).2. Хамиттің үй- ішіне Мұқанның ауыр мінезі, тіл алғыш тәртіптілігі қатты ұнаған еді (Б.Н.). 3. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті өзі тиегені аңыз болып айтылып жүрді (Б.Н.). 4. Гүлмира бүгін тамаққа тұзды мөлшерден көп салған ба, әйтеуір тамағы ащы болды. 5. Айдың аяғына таман ішкі Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді (Б.Н.). 6. Төсек үстінде керіле түсіп, Хакім сол қырынан жатып, терезеге күлімдей қарайды.

69-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, ондағы сөздердің бас әріппен жазылу себебін айтыңыздар.

1. Қызылорда қаласынан шыққан жүрдек пойыз Қарағандыға келіп тоқтады. 2. Кеш жатқан Тәттімбет, таңертеңгі шайдан кейін қасына тірі жан ертпей, Қарашоқы Қособаға тартты (О. Б.). 3. Самат Асқарұлы бізге математика әнінен сабақ берді. 4. Ақмарал өте әдемі, сұлу, сымбатты қыз. 5. Бүгін Төлегенді оңаша шақырып, ақсақал құрмалтық беру жайын ақылдасты (Б.Н.). 6. мазасы Аманжаннан шылым сұрап тартып еді, үйренбеген соң ба, қолқасына түгін кептетіліп, кетті (Б.Н.) 7. Ақылбай Қойшыбайұлы аттанып кеткен соң, нағыз жетімдікті бастан кешкендей болды. 8. Бұқтырма тау- тасты басына көтере айбаттанып, сарқырап ағып жатыр. 9. Күнсұлу қақ маңдайынан әлдекім салып қалғандай айғай салып, орнынан атып тұрды (О. Б.) 10. Біздің жайлау Қопалыдан тоқсан шақрым жерде, «Қызбел» дейтін бір таусымақ адыр (С.М.). 11. Қатынқазған мен Бұлақты Қызбелдің нақ белінің екі жақ түсе берісінде (С.М.).

БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

70-жаттығу. Көшіріп жазып, біріккен сөздердің астын сызыңыздар.

Менен гөрі Қызылқұмның тірлігі озық, деп ойлады бұдан соң Бархан (О.Б.). Дегенмен, осындай тасбақа тірлікті тастап кетпей, төзудің өзі ерлік(О.Б.). Құмтөбенің басында күпісін жамылып, омырауын аңырайта аша сонау батысқа қарап тұрған Бархан тағы да, тағы да сол кешеуілдемей, салып ұрып келер қыстың қамын ойлады (О.Б.). Жұмагүл әперген екі жастық шынтағына жүк болған жоқ, бір уыс болып шипасы шырылдады да қалды. (О.Б.). Әркім күйбең қағып, өз шаруасымен әуре (О.Б.). Аздан соң тұтасқан қоғажай арасынан темір қанат балапандарын ерткен қоңыраула қалқып шыға келді (А.Н.). Ерте бір кездерде аждаһа сонау Ұлытау жағында да бар екен деген сөз тарап жүрді (А.Н.). Ол селт етпей тың тыңдап біраз тұрды (А.Н.). Бүгін ұзақ жол жүріп ат соқты болғанында ұмытты қазір (А.Н.). Бұдан қорқып ... аруақты жер ғой, Қошқарбай батырдың аруағы желеп-жебер (А.Н.).

71-жаттығу. Біріккен сөздерді теріп жазып, олардың жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

«Шебердің қолы ортақ» деген қолөнершілер байқауынан менің анам бірінші орын алды ((Е. Қаз.). Биыл біздің бітіретін соңғы жылымыз, қанат қағуымызға бес-ақ ай қалды. Сұлулығы мен ақылдылығы ұштасқан досым Ақмаралды әркез мақтан тұтып, жақсы қасиеттерін бойыма дарытамын ((Е. Қаз.). Қазіргі заманда

алыпсатар мен атаққұмарлар көбейіп бара жатқан сияқты («Парасат» журналынан). Студенттер шәкіртақының жиырма бес пайызға көбейгенін естіп, бір марқайып қалды.

БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

72-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, ондағы бөлек жазылған сөздердің жазылу себебін айтыңыздар.

Ана тілін ақтамағанды, ешкім мақтамайды (Мақал). Шеткі үйден ән айтқан бозбалалар мен қыздардың даусы естіледі (О.Б.). Орамал тон болмайды, жол болады (Х. М.). «Көзімнің қарашығындай жалғыз ұлымның от жаққан жерін көре алмай өлемін- ау», -деген көкейдегі арманы жыл артынан жыл келіп, қартайған сайын сай- сүйегін сырқыратады (О. Б.). Кенже қызы облыс орталығына кеткен күннен бері ыбырсыңқырап қалған ыдыс-аяқты жуып, әр затты тиісті орнына қойды (О.Б.). Орнынан піспекті таяна тұрып, төргі бөлмедегі ілулі тұрған ұлының суретіне барды (О.Б.). Тыныштық- екі еркектің үлкен әңгіме алдындағы малақан тыныштығы(О.Б.).

73-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, ондағы бөлек жазылған сөздердің жазылу емлесіне түсінік беріңіздер.

Ұлым мен шалымның арқасында, құдайға шүкір, жетеді дүние (О.Б.). Кісі сырт жерде жүргенде ғана бір- бірінің қадірін біледі ғой, бұрын ауылдас болсақ, Оралда туыс боп табыстық (О.Б.). Құлқын сәріден үйінен безініп, ол шалға не көрінді (О.Б.). Дүйсенғали тойда ән шырқап, жұрттың алғысын алды. Ырыс алды - ынтымақ (Мақал). Ләззат жасы үлкендігіне қарамай, Өтікені жаны қалмай жақсы көретін (Б.Н.). Аристотель, балдай тәтті Сағди, у қосылған шараптай Омар Хаям, Ескендір мен соқыр Ғұмар- осылардың бәрі сол ананың сүтін ішкен (Ж. Қ.). Бұл жарыққа аяқ басып туған жер, Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер (Ж. Қ.). Ти десем тимейді, тиме десем тиеді (Жұмбақ). Ауыл жігіттері су тасып жүрген сұлу қыздарға қойға шапқан қасқырдай тиіседі (Б.Н.). «Ертеңіне жұрт шайын ішкеннен кейін, қыз-бозбала тағы жинала бастады» (С. М.). Ауыз үйге шыға келсем Жәмила кірпік қақпай отыр екен» (С. М.). Абырой болғанда Бүркіт кіріп келді де, Бәтеске сыртқа шық дегендей ымдап көрсетті (С.М.). Мәйекен бідің үйден жаз бір малдың басын, қыс жаясы мен бұғанасын жейді» (С.М.). Мен Азаматқа опасыз күнә жасадым, ол мені еш кешірмейтін шығар (Б.М.)

74-жаттығу. Сөйлемдерді көшіргенде, бөлек жазылатын сөздерді емле ережелері бойынша жазыңыздар.

Әлемнің Еуропа бөлігі туралы оқушыларға сабақ айтып тұрып, Ә.Құттыбаев өзіне-өзі таңғалды (Ш.А.). Өз қамын ойлар ол жоқ, балаларына асығып, ентелей түседі (Ш.А.). Олардың қиырға кеткен қиқу даусын естігенде, адамның ет-жүрегі елжірейді (Ш.А.). Сұлудың көз алдында семіп бара жатқанына іші удай ашыды (Ш.А.). Найман-Ананың ұлын іздеу енді, әрине, ешкімнің ойына да келмей, ес шыққан кез еді. (Ш.А.). Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласыны тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ (Ш. Қ.). Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. (Ш. Қ.). Сол тапқан барша байлықты адам баласының керегіне пайдасына жарату керек (Ш. Қ.). Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шыққан. (Ш. Қ.). Оның үстіне Асқардан келген хаттардан да алаш орданы жамандау аз болған жоқ (С.М.).

ТҮБІР СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

75-жаттығу. Текстен түбір сөздерді тауып, жазылуын түсіндіріңіздер.

Жер мен көк, ой мен қыр- бәрі-бәрі тұтаса қып- қызыл әлде қап- кара құмның тұтқынында, бейне бір Африкадағы ағайын құмдардай алып қуатпен алға көше жөнелді (О. Б.). Бала тілі- бал (Мақал). Өнер алды- қызыл тіл. (Мақал). Түн пердесін қақ тіліп, Талды жақтан жалғыз жарық көрінді де, қыстаққа қарай жұлдызша ағып келе жатыр (О. Б.). Қойшы өмір жолын мүлдем басқаша бастағысы келген (О. Б.). Бір күні әдебиеттен сабақ беретін мұғалім балаларға «Кім болам?» деген тақырыпта шығарма жаздырды (О.Б.). Қой бағып жүрген Қойшының ермегі- кітап оқу (О. Б.). Ұстаз үшін- ұстараны да жұт (Ж..Қ.). Ел басына күн туып, ер - азамат майданға аттанғанда, қаралы ауылдың қазанына ас тұрғызбай ұрлай береді екен (О.Б.). Күн қыза теңіз жағасына бардым (О.Б.). Марқакөлдің шыныдай тұнық суы да, көл жиегіндегі ауыл да маған ыстық көрінеді (Ж.А.).

76-жаттығу. Қара әріппен терілген түбірлердің жазылуын түсіндіріңіздер.

Ең артқы **вагонның** есігі жартылай ашық тұр екен, жақындай бере балдақтарын ішке лақтырып жіберді (Қ.Н.). - Осы бастан қамданбасақ, қапы қаламыз, - деді балдақты **бухгалтер** ұзақ үнсіздіктен соң. – **Бригадаң** қалай, тас-түйін болар? (Қ.Н.). Ал, әзірліктің **хал-жайына** келсек, күн-түн демей тырбанып жатқанымыз өздеріңізге аян (Қ.Н.). Әрі-беріден кейін: - **Мектеп** оқушылары болмаса, күніміз қараң, -деген кенет (Қ.Н.). **Хадиша** апай оқып берген материалдар көз танысымдай жылы ұшырайды (Қ.Н.). **Ұстаз** үшін ұстараны да жұт (Мақал). **Отан** үшін отқа түс күймейсің. (Мақал). **Сөз**

сүйектен өтеді, **таяқ** еттен өтеді (Мақал). Әлемдегі ең ақылды сана иесі, **адам**. **Күн** бізге жарық сәулесі мен нұрын төгер.

ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

77-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, қосымша жалғанған сөздерді теріп жазып, емлесіне түсінік беріңіздер.

Бархан, міне, қырықтың бесеуіне келді ертеңнен қара кешке тыным таппай қанша еңбектенсе де, буыны босап шаршаған да, көңіліне қаяу түсіп жалыққан емес (О.Б.). Қазір адамдардан су ғана емес, табиғаттың орман тоғайы, аң құсы бәрі қашып барады (О.Б.). Осы сәтте қатты құйын көтерілгендей болды да, жылдар бойы сіресіп жатқан Қызылқұм айдаһардай ысқырды. (О.Б.).

Хайуан екеш хайуан да істеген жақсылықты ұмытпайды (О.Б.). Мен бір өзін секілді оқ ерте тиген мұңлықпын (О.Б.). Көк майса бидайық пен көлдің сөлі тамшылаған жасыл құрағын нығыздап, толтыра артқан шөпші Әбба айырына сүйеніп, арба үстінде уілдеп тұр (С. Р.).

Сурет сыры ашылмай қалған соң кемпір де, ауыл адамдары да бұл оқиғаны келе-келе естен шығарған(С. Р.). Балғаным Бейістен он жас кіші (С. Р.). Сиыр қораның кіре берісіндегі электор шамының сыздықтаған сәулелерімен бірге ескі тақтай қақпаның саңылауларынан сыртқа жылу будақтайды. (С. Р.). Өмір бойы қас жаулары таңғұттардың мұзартты таулар қоршаған қоңыр салқын жазирасы ұлы Қаханның жалған дүниедегі соңғы тұрағына айналды (С. Р.).

78-жаттығу. Көшіріп жазып, ассимиляция мен сингармонизм заңына бағынбай, жалғанып тұрған қосымшалардың астын сызып себебін түсіндіріңіздер.

Шал арбакешпен әңгімелесіп тұр екен (Қ.Н.). – Айыпқа бұйырмаңыз.Қайтайын,- деді.– Поезы құрғыр өтіп кетер (Қ.Н.). Дәмханаға қайтып келе жатып:

– Тым болмаса, кешкілік қала жаққа барып, қыдырып қайтайық, -деген

Нұржан (Қ.Н.)

– Кешелі бері мен де білгенімше айтып жатырмын-ау, - деді Жомарт

Жорабеков (Қ.Н.)

Алтын, күміс және басқа сирек кездесетін түсті металдар қосындысы да осында(Қ.Н.).

79-жаттығу. *рк, рг, ск; кт, кс, нк, нг, лк, нкт* деген дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерді орфографиялық сөздіктен теріп жазып, оларға қосымшаның жалғануындағы ерекшелікті айтыңыздар.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

80-жаттығу. Текстен қысқарған сөздерді тауып, олардың жазылуын түсіндіріңіздер.

КОКП XX съезінен кейін жаңа кезең белгіленді (Р.С.). Сонымен, СӨЖ студенттің өзі даярланып жүрген пәні бойынша теориялық білімін кеңейтеді, тереңдетеді, шығармашылық, кәсіби, ғылыми ойлау қабілетін дамытады (Журналдан). Публицистикалық стильге БАҚ-тың тілі жатады (Журналдан). Қазақ АССР-нің бірінші ағарту халық комиссары (Журналдан). Осы орайда сөздің реті келгенде айта кету керек, қазіргі таңдағы тағы бір аса қуатты держава – АҚШ-тың іс-әрекеттерінде осы тәріздес саясаттың ұшқыны жоқ па деген ой келеді (А.Байтұрсынов). Мен мехцехқа тез уақ тас пен құм және топырақ тасуға бұйрық бердім,- деді Асылбек (І.Е.). Сен секілділерге біздің совхозда орын жоқ (І.Е.). Ауатком елге төтенше өкіл шығарды (Т.Ә.). Колхоз бастығының үйіне барудан бас тартты (Т.Ә.)

81-жаттығу. Сөйлемдерді көшіргенде, қысқарған сөздердің астын сызып, жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

Көбі сол СЭС – тің ашылуына шақырылған қонақтар. Бүгін педколледждің студенттерінде жиналыс болып жатыр. М.О.Әуезовың «Абай жолы» роман – эпопеясын оқығанда тамаша бір әсерде боласың. АҚШ-тағы банктерде тоқырау болып жатыр («Қостанай таңы» газетінен).

Н.Ә.Назарбаев: «Біздің болашағымыз – жастардың қолында», - деді («Жастар» газетінен). Әлияның әпкесі Алматыдағы ҚазМУ-дің филология факультетін өте жақсы деген бағамен бітірді. 1991 жылы совхоздағы малдар жеке меншікке өтті («Қаз.әдебиеті» газетінен).

Сонау 60-70 жылдары АЛЖИР-де қазақ әйелдерінің тағдыры қыл үстінде болды («Қаз.әдебиеті» газетінен).

ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

82 -жаттығу. Текстен шылау сөздерді тауып, жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

Атам алдына отырғызып: «Ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде. Ақ аю деген хан өмір сүріпті-мыс», - деп ертегісін бастай жөнелді («Қаз.әдебиеті» газетінен)

Мен осы үйдің ұлыдамын, қызыдамын (К.Қ.). Жанар сен әңгімені, келістіріп айтады-ақ екенсің («Сырласу» газетінен). Қарағым-ау, өмір деген түрлі қиындықтардан тұрады,- деді әжем («Қаз.әд.»газетінен). Паһ, шіркін мына қыздың жүрісін-ай! (Б.М.)

Ақ пен қызыл боп бір-біріңді қырғаның аздай, енді ішімдікке, тонаушылыққа салындың-ау (С.Р.). Пушкин мен Дантестің арасындағы жанжалдың жалынын тезірек өшіруге үлес қосу үшін Дантестің секунданты болуға келіскен (С.Р.). Бес айдан соң туған дейді ел... (С.Р.). Май шамның қапырық бөлмеде сытырлап жанғанын ести алмаса да, жан-жаққа шашылған нәзік ұшқындарынан оның дыбыстарын аңғарып отыр (С.Р.). Малақайын үнемі шалқайта, төбесіне киіп жүретін, гүрілдек бөлімше басқарушысы Артықбектен ғана ептеп жасқанады (С.Р.).

83 -жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті шылауларды қойып, сөйлемдерді көшіріңіздер.

Арқа жерінде сегіз ауылдың не ... құрылғанын, ол бізден... білді (І.Е.). Ай сәулесі кеми, аспандағы жұлдыздар бірінен..... бірі сөніп, таң жақындады(І. Е.). Дәл осы кезде Ажар Сәмен көштің алдыңғы жағындағы қалың қамысты түбек тұсынан айнала өтіп бара жатқан(І. Е.). Ержан қуанған..... операсының өзіне даңқ әкелетіндеріне күні бұрын сенген(І. Е.). Аз күн өткеннен осы әнші қыздың айтуына арнап жаңа әндер жазуға шақыру алған (І. Е.). Сол шындықты дарын иесі қалай қабылдайды, - қайғырды, сүйсінді, әлде қуанды, міне осыдан көркемөнер дүниесі туады (І. Е.). Қораның түпкір жағына ертіп алып барып, толып жатқан шаян, тасбақа, кесірткелер жүрген жерде жатқан үлкен тасқа жетті, қарсысындағы бөренені көрсетіп, Бегайдарға сонда отыр дегендей басын нұсқады (І.Е.). Көрдің ..., осының бәрін ол құр қолмен ұстаған, сол ерлігі....мен ... мұны өте сыйлаймын, жақсы көремін (І. Е.). Хасен Бақанас жағына барып келгеннен.... мен Москваға жүремін (С. М.).

ДЕФИС АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

84-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп, онда дефистің неге жазылып тұрғанын түсіндіріңіз. Қалай мал жан - аман ба? (О.Бөкей). Тілің тым- тым ұзын екен, жартысынан айырылып қалып жүрме (О.Бөкей). Қолғаптарын шешіп - шешіп жіберіп, үшеуі бірдей еңкейіп, бірдей еңкейіп ыстық суға қалтырай мұздаған қолдарын жуды (О.Бөкей). Енді ойлап тұрса, онысы бекер, жай әншейін бая - шая байбалам екен (О.Бөкей). Кейінгі жастар ғой мұңсыз - қамсыз, күнде ойын, күнде той, еркелеп – есіріп жүрген (О.Бөкей). Сол сәт өзен бойын қаумалаған қалың тоғай іші айдаһар жорғалап өткендей изең-изең ете қалды да, жас тал жапырағы біраз бұлаңдап тұрып басылды(Ақан Нұрманов.). Ерте көктемде тасқын су көл-көсір боп жер-дүниені алып кеткен кезде сонау Батпаққарадан арғы-бергі елдің жайлауға шығар жалғыз жол-сорабы осы(А.Нұрманов). Айлар, апталар бойы

адам иісі білінбейтін елсіз-күнсіз жер(А.Нұрманов.). Бұлт-бұлт сүңгіп айдын ортасында емін-еркін жүрген кегер мен қос қара қасқалдақ та жоқ болды. (А.Нұрманов.). Құлан тал арасына сіңіп бара жатып артына елеусіздей бір көз тастағанда, қайыршы апыл-ғұпыл шомыттарын шешіп жатыр екен.(А.Нұрманов.). Мен білсем, Абай ағам Базаралының Тәкежан мен Әзімбайға айтатын дауын тез- тез жазып отыр! (М.Ә.). Кондуктор танысымның мына сөзі шымбайына қатты- қатты батып кеткендіктен, жаңа кірген адамдарға билет бере салды. (М.Ә.). Қотыр-қойдың соры. (Мақал). Ауылға бұл шіріген жұмытқаны сақтап отырмаймын дегенде, осының бәрі Сүгірдің- сөзі болып шығады. (М.Ә.). Терезеден түнде кеп бағып тұрса, тазы итке қыз айырбастап алған қорқау бай Аксен жап- жас қызға қорлық көрсеткен (М.Ә.)

85-жаттығу. Тексті оқып, онда дефистің неге, қандай жағдайда қолданып тұрғанын түсіндіріңіз.

Әйгерімнің ертелі-кеш көз алдынан жан жары Арманның бейнесі кетпей қойды(«Сырласу»газетінен). Отандық борышын өтеп жүрген жігіті есіне түссе, Әлияның көз жасы жерге тырс-тырс етіп тамады(«Сырласу»газетінен). Бұл өмірде ата-анасыз жылап-еңіреп өтуден жаман қасірет жоқ шығар сірә(«Сырласу»газетінен). Бүгін орталық мәдениет үйінде әнші-компазитор Шәмші Қалдаяқовты еске алу кеші болып өтті(«Қаз.әдебиеті»газетінен). Інім Азамат биыл 9-ыншы сыныпқа көшті.

– Тәубе деңіз! – деп қыстырылды осы арада елпек мінезді серік шалы, тісі жоқ ауызымен тамсанып-тамсанып жіберіп... (Смағұл Рахымбек). Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, еліміздің тұңғыш Қазыналық басқармасының бастығы (Смағұл Рахымбек). Қашан көрсеңіз елпілдеп, елгезектік танытып, маңындағылардың қам-қарекетімен жүргені (Смағұл Рахымбек). Ұлан-байтақ жерінің құнар-қасиеті , ауа райының алуан түрлілігі танапта егіншіліктің жылдар бойы сыннан өткен, белгілі бір өңірге ғана ойдағыдай өнім береді(Смағұл Рахымбек). Сақал-мұртты тушътан сызып, сахнада жанталасып жүргенде, онымен бет-аузымызды айғыздаушы едік(Смағұл Рахымбек).

СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

86 -жаттығу. Текстегі сөздерді тасымалдауға келетін буын жігінен бөліп жазыңыздар.

Сулары көз жасындай мөп – мөлдір, ұрттай қалсаң, тісінді жарардай сұп - суық (І.Е.). Бар арықтан әр көшенің екі жағын ала, тарам – тарам боп, қала бойын қуалай жөнеледі(І.Е.). Әкесі аяғының ұшымен ғана басып, балаларының

бөлмесіне кірді де, тып – тыныш пысылдап ұйықтап жатқан екі ұлының беттерінен кезек – кезек сүйді(І. Е.). Ар жағынан кеуде білектері жұп – жуан, үстінде шолақ торлама күртесі бар күйеуі көрінді(І. Е.). Ерте түскен, күзгі шық басқан Тянь-Шань қызғалдақтары ауырлап кеткендей, бастарын көтере алмай, төмен салбырай қалған (І. Е.). «Бала- шағаң өсіп, бақытты ғұмыр кешкеніне масаттандық»,- деді (О. Б.). Ауыл- аймақ, көрші- қолаңның бар- барлығы тайлы- таяғы қалмай клубта өтетін мерекелік жиналысқа кеткен(О. Б.). Табиғаттың берген там- тұм дарыны жоқ емес те еді(О. Б.). - Ақыл мен сана- ата- бабадан да үлкен деген осы,- деді Бархан ұйып қалған белін жазып(О. Б.). Қазақстан премьер- министрі ресми іс- сапармен Қырғызстанға кетті.

Қадиша Тараз вокзалында жүктері қалып қойғандықтан стоп- кранды басты. Рио- де- Жанейро қаласында өткен спорттық жарыстан Қазақстан спортсмендері жүлделі орынмен оралды.

87 -жаттығу. Тексті көшіріп, тасымалдауға болмайтын сөздердің астын сызыңыздар.

Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы- қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды(М.Ә.). Ана тілі дегеніміз- сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі(Ж. Қ.).Бұл екеуі бір жағы даугер, бір жағы жауапкер болып кездеседі(О. Б.). Сені госпитальдан госпитальға көшіріп жүріп, жоғалып кетті дегені қайда?(Ж.Қ.). Окоптар, траншеялар, штабтар, біріне- бірі жалғасып, жердің бір қабат бетін шимай- шытырман тілгілеп тастаған(Ж.Қ.). Осыдан бір ай бұрын Жәлелді жаңадан құрылған Бозашы мұнай іздестіру экспедициясы бастығы және бас геологі етіп бекітілген министрліктің бұйрығы келген(Ж.Қ.). Арманның төртінші актідегі ария- монологінің орта бөлімі жау танкісін ерлік өліммен қарсы алуға бекінген өз- өзімен сырласуы сияқты(Ж.Қ.). Барлаушылар селода орналасқан фашистердің күшін білуге кеткен. Қартқожа әкесінің балаша еңіреп жылағанын екі рет көрді(Ж.А.)

ЛЕКСИКОЛОГИЯ

СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

88 - жаттығу. Сөйлемдегі сөздердің тура және ауыспалы мағынада қолданылғанын ажыратыңыз.

1. Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқытса болады.
2. Жорғалық пенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын – жұртын, дінін, адамшылығын жауырынан бір қаққанға сатады.
3. Оның үшін кітап сөзіменен іздеген талап болса әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді.
4. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса ол талабыңа қыла бер, көкіректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт- берекеге жағымды болмайды дейді.
5. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап –ұстап қарайды-дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен»деп, қазақтың бетінен оқып, іздеген талап емес.
6. Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады.
7. Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты.
8. Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, ойды шымырлатып буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады.
9. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың.
10. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ.
11. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты (*Абайдың қара сөздері*).

89 - жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден салт-дәстүрге байланысты сөздерді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңдар.

1. Ол - бірнәрсені естіп, көріп білдің, хан келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің.

2. Түгел ұқсаған ба? Иә, кейбірі ғана бір жерден ұқсағандығы бар ма?

3. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса-жарамайды. Өлшеуін білмек-бір үлкен керек іс «Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген бұрынғы ғалымдар.

4. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң мұнан шығатын бір жорға атпенен тең.

5. Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі- неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

6. Ол бір- бірімен шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрыш, үш бұрыш, дөңгелек әшекейлерден құрастырылған.

7. Мойынға тағатын әшекей заттың бірі- бойтұмар.

8. Қазақ ерлері мен әйелдері бірдей тұтынған асыл бұйымның бірі – белбеу.

9. Төл емгеннен кейінгі сары уыз бүйенге шекке құйылып, етпен бірге пісіріледі.

10. Көгермей, қызбай бір тегіс кебу үшін өреде жатқан кезде оны бірнеше рет аударыстырады (*Қазақ халқының салт- дәстүрлері*).

90 - жаттығу. Төмендегі үзінділерден мағынасы кеңейген иә тарылған сөздерді теріп жазып, сөз мағынасындағы мұндай өзгерістердің себебін ашыңыздар.

1. Отбасының қуанышын қызықты өткізу үшін дастарқан мәзірін дайындаумен қатар, тойдың мазмұн жағы ойластырылады.

2. Тойды ұзақ есте қалдыру үшін айтылған тілектер мен орындалған әндерді таспаға жазып алу жағы күні бұрын ескеріледі.

3. Тілек бұрышы той өтетін залдың кіре беріс жағынан оңашаланған бір ыңғайлы әдемі етіп безендіріледі.

4. Тілек жазу альбомы, қаламсап үстел үстіне қойылады.

5. Сол сияқты кейбір отбасылары той көріністерін суретке, бейнетаспаға түсіріп алып есте қалдыру жайын ойластырады.

6. Егер әлдебір жағдаймен келе алмаса жеделхат арқылы да құттықтауға болады.

7. Сонан соң, асаба сайлап, қалған билікті соның қолына береді.

8. Зейнеткерлікке шығарып салған кезде шопандарға ат мінгізіп, басқа да бағалы сыйлықтар беріліп жүр.

9. Жаңа пәтерге көшу- әулеттегі ең қуанышты кезең.

10. Қонақтарды дастарқанға үй биісі шақырады.

11. Меймандықтың аяғына дейін отырсаңыз, үй иелерімен, басқаларымен бірдей қоштасып жақсы өткізген кешіңіз үшін ризашылығыңызды білдіру керек.

(*Қазақ халқының салт- дәстүрлері*)

91 - жаттығу. Құрамындағы ауыспалы мағынада қолданылған сөздері бар 10 мақал-мәтел жазыңыз.

ҮЛГІ:

- Аяғы жаман төрді былғар,
Аузы жаман елді былғар.
- Ауызға келген сөз арзан,
Ауылға келген бөз арзан.
- Ақ сөз ащы болады
- Адам тілінен байланады,
Сиыр мүйізінен байланады.
- Адам тілінен жазалы,

Мал мүйізінен жазалы.

- Біреудің сөзі әдемі,
Біреудің көзі әдемі.
- Бұлттан шыққан күн ащы,
Жаман адамның тілі ащы.
- Бабадан сөз қалады,
Әкеден көз қалады.
- Білім кілті-тіл.
- Көңіл көзін сөз ашар.

ЛЕКСИКАЛЫҚ ОМОНИМ, СИНОНИМ, АНТОНИМ СӨЗДЕР

92 - жаттығу. Төмендегі Ж. Аймауытов шығармасынан алған үзіндіден омонимді теріп алып, олардың әрқайсысы қанша мағына білдіріп тұрғанын түсіндіріңіз.

Дүниеде дос деген болса, сондай шын дос Бекболат пен Ақберген еді. Бұларды дос қылған екеуінің де құмарлығы, әуесі- аңшылық еді; екеуінің сүйегінде де жалқаулық, серілік бар еді; екеуі де шаруаға қырбай еді; әкесі Бекболат екеуін «екі әуейі» деуші еді. Алайда екеуінің жаратылысы екі басқа еді. Ақберген Бекболаттан гөрі қажырлырақ, шыдамдырақ, айлакерірек, қиысырақ, кекшілірек еді. Бекболат одан гөрі әйлеңкесірек, қиялшылырақ, жасығырақ, мақтаншақтау, әуесқойлау еді.

Бекболат қысылған, сасқан, кейіген жерде Ақберген ақыл тауып, тоқтау айтып, демесін болушы еді. Жазаласа Бекболат оның тілін көбірек алушы еді. Қатты қайырым бейнеттің бәрін Ақберген көрген соң, Бекболат өзім істетіп жүрмін деп жұбанушы еді. Ақберген ондай ауыр бейнетті- қайырым, ерлігім артық болғаннан істеп жүрмін, менен басқаның қолынан келмейді деп ойлаушы еді. Ақбергеннің еңбегі болмаса, Бекболаттың аты, асы, киімі болмаса, Ақбергеннің күні де күн болмас еді. Бірінде жоғы бірінен табылып, екі жарты бір бүгін боп, тату- тәтті өмір сүруші еді.

93 – жаттығу. Төмендегі мәтінде берілген мақал - мәтелдерден антоним, синоним, омоним сөздерді табыңыздар.

- «Өнбейтін дауды, өспейтін ұл қуады» депті аталарың. Жеңілетін дауға басыңды сұқпа! Жұрт алдында жаман атты болма! Бұл, өзге ешкімге де емес, туған жиенім болғандығыңнан, өзіңе ғана жаным ашып айтқан сөзім (С.М.).

Досың да, дұшпаның да ер болсын» деген мақал бар және «Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық» деген мақал бар. Сіз менің тұқымыммен жауластыңыз, дұрыс жаулық! Заңды, адал да, әділ де жаулық! Сіздің орныңызда болсам, мен де сөйтер едім. Бірақ сіздегі бір қателік- тұқымдарыммен бірге мені де жау көрдіңіз (С.М.).

Менің оқыған адам екенімді, дүнияға әділдік көзбен қарай алатынымды ұқпадыңыз. Жәнібек салт. Божы ұстаған Мәметтің аяғы тепеңдеп, қолы

шошаңдай берген соң, Жанат өз қолына алды божыны. Теңбілкөк шүлғи түсіп, көсіле желді. Желдеткен арбада, көңілді отырған Мәмет:

- Жанатжан божы ұстауға да бізден епті, - деп даусын көтере сөйледі.

«Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақал бар. Шаштың ақылды болғанын көрмедім. «Әйел бала намаздығын білсе болады» дейтін. Көп оқудың әйелге зиянын көрмедім. «Әйел үйдікі, еркек түздікі». Осы күнгі жастар мұны да бекерге шығарды (Ғ.М.).

- Бәрі бұзық!

- Жана түсіндім. – «Әке деген бір сөз барлық сөзден жылы еді, енді суып кетті. Әке болу – табиғат заңы. Әкелік борышты ақтау адамшылық заңы» депті. Адамшылық қайда, көке?

Оқыттым, тәрбиеледім. Басыма қара тұман туған күндерде де аюша арқалап жүріп, аталық қамқорлығымды істеп келем. Адамшылық деген сол (Ғ.М.).

«Адам ойға тоймас, қасқыр қойға тоймас»,
«Ұлы жүзді қауға беріп малға қой,
Орта жүзді қамшы беріп дауға қой,
Кіші жүзді найза беріп жауға қой» (Ел аузынан)

94 - жаттығу. Сөйлемдерден омоним сөздерді табыңыз және қай түріне жататынын анықтаңыз.

1. Қас батыр атты Жауына шапты, Біреуін атты, біреуін шапты. Қашқанын түйреп, Сасқанын сүйреп, жыртқызып жеңді, ақыры жеңді. Үшінші фермадағы Кемпірбайдың сумұрын қатыны былтыр қызын ұзатқанда: «Сонау, Шымкентке барып ырыстарандатып қайттым!» деп шалқақтамады ма. Сабырлы болмағаным ба? Ол Шымкентке барып ырыстарандатса, мен Алматының өзінде ырыстарандатам (Ғ.М.).

95 - жаттығу. Берілген үзіндіден омонимді тауып, лексикалық тәсіл бойынша талдаңыз.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы- Майқы би» сөз қасиетін бейнелейтін бұл нақылдың қайдан, қалай шыққаны өзінен-өзі көрініп тұр. Тарихи деректер мен аңызға қарағанда, Майқы би он екінші ғасырдың бірінші жартысында, Шыңғыс хан тұсында өмір сүрген қазақтың атақты биі болған.

Ертеде он екі би орман ішінде жүрген жас Шыңғысты тауып алып, оны арбамен үйіне әкелмекші болады. Сонда Майқы би тұрып «Мен асқақпын ғой Шыңғыспен бірге арбаға мініп отырайын, - дейді билер бұған көнеді қалған он бір Шыңғыс шешесінің үйіне алып келе жатады. Есік алдына тақала бергенде билер «Шыңғыстан соң бірінші кім кіреді» деген сөз шығарады. Олар таласа келіп, Шыңғысқа жүгінеді. Шыңғыс Майқыға қарайды. Сонда Майқы:

- Әдетте арбаға жегізген өгіз есік алдында қалып, оны айдаған адам үйге кірмеуші ме еді?-депті.

Сол-сол екен, осыдан былай қарай Майқы Шыңғыстың төбе биі болыпты деседі («Ел аузынан» кітабынан).

96 - жаттығу. Антонимдердің сөйлемдегі әрқилы позицияда кездесіп тұрғандығын дәлелдеңіз.

Қазақ ат қоюға қандай шебер. Адамның бойындағы бір жақсылығын, не кемістігін тауып алады да, соған сәйкес не мазақтайтын, не кекесін немесе мадақтайтын бір ат таба қояды. Бір-екі айдан бері баурыларындай болып кеткен қашқын жастарды ауылдың қыз, бозбаласы жаман аяйды. Досы бар, дұшпаны бар, Ташкентке келген бос пәуескесін сый-құрмет, тарту-таралғыға тиеп жіберу дұрыс. Тоқалының отауына жақындай беріп, анандай жерде, көген қасында екі бетін қолымен басып, екі иығы бір көтеріліп, бір түсіп жылап отырған Жәнәділді көрді. Қоңырқұлжа мен Есіркегеннің көзі бірден жігіттің белбеуіне түсті. Киімі нашар болғанымен, белбеуі әсем екен. Оның үстіне оң жақты тұратын құты, оқшантайы сол жағына шығып кетіпті (І.Е.).

97 - жаттығу. Берілген антонимдер қандай сөз табында жұмсалғандығын тауып, жігін ажратыңдар.

Бұл дүниенің біз білмейтін жұмбағы көп. Дүние о басында түп-түзу, дұрыс жаратылса керек. Бірақ кейін-кейін күштілер шыққан, әлсіздер шыққан. Әділетсіздік содан туған. Шын әділет – тепе-теңдік. Адамдардың бәрі тең болуы керек. Ал адамдарда ондай теңдік бар ма? Біреу семіз, біреу арық. Әлемнің терезесі тең емес. Біреудікі биік, біреудікі аласа, ал біреудің терезесі шынысыз, қозы қарын ғана қампаяды. Бесік тойы мен Жаназаның арасы. Тал бесік пен Жер бесіктің арасы. Ол аралықты өлшеп білген ешкім жоқ. Қар кетер-кетпестен, мысалы, біздің Мыңбұлаққа, қабаққа, күнгеі жаққа, қылтиып-қылтиып бәйшешек шығады. Бір аптаддан кейін жоқ! Сәуірдің ортасын ала, төскейде құлпырма қырмызы қызғалдақ жаннаттың отындай жарқырап, жайнап тұрады. Сәуір бітісімен, ол да солады. Ақыл деген асылды Құдай адамдарға тең үлестірмеген. Өмірді де теңдей етіп бермеген. Марқұм болғандар бәрі бірдей бір тиянақты, айталық, бәрі бірдей жетпіске жетіп өлмейді ғой. Біреу ерте, біреу кеш дегендей. Тіпті дүниеге келер-келмес кетіп қалатындар бар, жүзге жетіп жығылатынбар. Тұла бойы тұнған намыстан жаралған қайран, қазақ. Намысы мол, айласы аз, бағы да сол, соры да сол (І.Е.).

98 - жаттығу. Берілген текстерден синонимдерді тауып, олардың мағыналық реңктерін айырып, қолданылу мақсатын түсіндіріңіздер.

Заман қанша қаһарлы, қатыгез, тасбауыр болса да, сол кездегі адамдар, Жуанқұл сияқты бірлі-жарымы болмаса, мейірімді, бауырмал еді. Әкем жарықтық, аңшы еді. Бір барысты торға салып, тірідей алып келгені есімде. Дүниеде мұндай сұлу, мұндай паң, тәкаппар аң болмас. Күн батып, қас қарайғанда, жылқыны Қуанышбайға өткізіп, үйге қайттым. Қуанышбай менен гөрі ересектеу. Түнгі кезекке сол шығады.

Ал енді, кейбіреулер жақтырмаған топас адамын «баран» дейді. Қандай әділетсіздік, қандай қасиетсіздік?! Десе, дей берсін, оны мадақ ретінде қабылдап, Шопан Ата баласын кие тұтып, әлгі қойды қорлаушының өзін пүшәйман ету керек. Сондықтан, біреу саған: «баран» десе, сен оған: «спәсибә» де. Ақымақ болмаса, түсінеді. «Қойдың сүті – қорғасын, қойды сөккен – оңбасын! Жер бетіндегі мынадай қорлық пен зорлыққа, қаныпезер қатыгездікке, әділетсіздікке биіктен көзін жұма қарайтын Айды, Ай арқылы Құдіретті түртіп оятпақшы болғандай. Төртеуі отырып алып, Қалатай апамның шәйін ішіп отырып, әңгімені менен тартып тарихқа кетті-ау деймін. Оның ішінде менің әкем Мұртаза жиі айтылады. Бөпетай атамның айтуынша, Мұртаза екеуі Әулиеатаның Балпық сарайына түсіп, атақты Керімбай болыстың қасында отырып, қымыз ішкен көрінеді. Әулиеатаны ояз билесе, Керімбай одан артық болмаса кем емес көрінеді. Содан, Керімбайдың ерлігі, пәрмені, айбынының асқақтығы айталды. Мен жауап қатпай, алыста қалған ауылға қарап отырмын. Біз Қаратаудың қырқасына көтерілсек те, Тәңіртау әлі биік. Бауырында жүргенде байқамайды екенмін, әйтпесе ұзыннан-ұзақ керіліп жатқан кербез, тым тәкаппар, тым асқақ екен. Қарамадым. Салып ұрып, Жуанқұлдың үйіне келдім. Есеектей дәу, ала маңтөбет маңқ-маңқ етіп үріп еді, үйден Жуанқұлдың қатыны шықты. Сықпытына қарасаң, иті де тоқ, қатыны да қарынды. Сәли атам бізді Тәңіртаудың бауырынан, Мыңбұлақтан көшіріп әкелуін әкелді. Қош. Қартайғанда тау асып, тас басып, есек арбамен жие қызын үш баласымен көшіріп қол ұшын берген мейірбандық, имандылық. Бесінші класқа кіріп, ең соңғы партаға барып отырдым. Не кітап, не дәптер жоқ. Оқуға деген құмарлық, құштарлық сөніп қалған тәрізді. Әйтеуір кластан класқа көшіреді, бірақ білім жоқ (І.Е.).

99 - жаттығу. Берілген үзінділердегі антонимдерді қандай сипатта жұмсалғандығын ажыратып, стильдік қолданыстарына талдау жасаңдар.

Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де өзіне үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. «Жақсыдан жаман туса емі болмас, жаманнан жақсы туса –теңі болмас» деген бабаларымыздың жарқыраған жолын надандығы көргізбеуші еді. Қамар: - Ай молда түзушілік қайда қалды,

Жазып па құдай бізге сасық шалды?
Құдай тұрсын, ынсапты пендесі де
Қоса ма қу ағашқа өрім талды?
Ойласаң, таза менен сасық тең бе?
Ғалымға қара көңіл пасық тең бе?
Неге, неге көрмейсің, соқыр молда,
-Байқасаң, асыл менен жасық тең бе?
Әй, Қамар, бұлқынсаң да түстің торға,
Абайлап қарасайшы оң мен солға.
Бекерге тәтті аузыңның дәмі кетер,

Тілімді ал, осы күннен әуре болма .
Көз тігіп қарадың деп күйе жақпа,
Жақсаң жақ, жөні келер жерін тап та.
Ақылмен алды-артыңды шолып алмай,
Қарны ашқан қасқырға ұқсап қойға шаппа! (С.Т.)

100 - жаттығу. Берілген синонимдік қатарларды мәндес фразеологиялық синонимдерін тауып, олардың мағыналық реңктерін ажыратыңдар.

- ақыл – ой
- әке –шеше
- ел –жұрт
- абырой, атақ
- замандас, тұстас
- қорлық, зорлық
- ар - ұят
- дау, талас, айтыс, тайталас
- қирату, сындыру, қаусату, бұзу, бүлдіру, талқандау, күйрету, ойрандау

101 - жаттығу. Келтірілген үзіндерден омонимдерді, оның түрлерін (омофон, омограф, омоформа) бір-бірінен ажыратып, стильдік қолданыстарына талдау жасаңдар.

Міне, Ахмет бас болған жерде бас болып, жас болған жерде жас болып, тіпті мас болған жерде мас болып, тоғыз қырлы, тоқсан сырлы жігіт ағасы деуге лайық болып жүрді. Бір күні өзіне – өзі қайрат беріп: «Қой, бүйтіп күйік үстіне жалын салмайын, өзімдікі қабырға бірге түсетін күйік қой, енді тағы Ахметті күйдіріп, кәрі әке – шешесінің обалына қалмайын; бірдеңеміз елге сезіліп қалса, Ахмет байғұстың талқанын шығарады ғой; сонда олардың көз жасы, қарғысы менің мойныма болмағанда кімге? Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып, Бойының мінсіздігі онан асып, Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді, Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып .Оның ішінде кітап аштыратыны бар, қақтырып-соқтырып үшкіртіп түкіретіні бар, тәспі аламын, балалы боламын деп жүрген сопылар да бар,- не қылса да сол маңайдағы қазақтар : «Іздесең табылмайтын жарықтарды құдай қолға айдап кеп бергенде...» деп жүзі жүз түрлі мұқтаждықпен алды -ат, айғыр, қошқар, арты теңге- тебен садақаларын, тым-ақ құштар болып тұр еді, қолдарына тиіс (С.Т.).

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ

102 - жаттығу. С.Торайғыров еңбегінен алынған мысалдардағы фразеологизмдерді кітаби және ауызекі сөйлеу тіліндегі фразеологизмдерге ажыратып жазыңдар.

- зығырданы қайнау;
- тарпа бас салу;
- жүрегі төбесіне шығу;
- төбесі көкке жету;

- жанын қоярға жер таппау;
- қамшы үйіру;
- жұп жазбау;
- алақандай шегір көзінің оғымен қарау;
- қызыл кеңірдек болу;
- індеріне су құйылу.

103 - жаттығу. Көркем шығармадан кейіпкердің портретін, психологиялық күйін, қуаныш, шаттық күйін берудегі фразеологизмдерді тауып, ерекшеліктерін ажыратып, көшіріп жазыңыздар.

Қысқасы, азуы алты қарыс Оспан бидің тізесі өтіп қалған момындар...Азуын басып жүрген, кектеніп, өшігіп жүрген. Жүрегі төбесіне шығып, қалш – қалш етіп дірілдеп, діңкесі құрып тұрған Қамар сорлыда ненің есі болсын, үш- төрт жігіт отырып: Жүр! Неге тұрсың? – деп ұмтыла берген кезде, апырым – ай, Қамар жанталасқандай терезе деп ойлады ма немене, пәрменімен ұшып кеткендей үйдің бөренесіне басын соғып шалқасынан түсті.Оған Оспанның да, естіген Нұрым күйеудің де төбесі көкке жеткендей болды (С.Т.).

104 - жаттығу. Сөйлемдегі фразеологизмдерді мағынасына қарай ажыратыңыз.

Бөбек күдік туғызғысы келмей, онша ұзаған жоқ; анадай жерге барып, шапанын басына бүркеп, бір түп шиге бой тасалай отырды. Жігіт қыздан қара үзбей тұр; қыз қозғалатын емес; сүт пісірімнен астам уақыт өтті. Балықшылар бір-бірлеп тарай бастады. Аздан кейін жұрт аяғы басылып үй іші оңашарды. Үй ішіне қара көлеңке үйірілген кешкі зауал шақ; бірақ әлі бір үй шам жаққан жоқ; қаладан қашық тұратын ауылға бәрі қат, бәрі зәру; кіріптарлық басына күнде түсе берген қазақ әйелдері керосинге дейін үнемдеп, қас қарайғанша шам жақпай, қазан астында жанған оттың сәулесін жарық қып, жүдеу өмірді онан сайын тұтата түседі. Шынында да, енді ойлап қараса інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзү кезде Кәленді бұл ауыл пайдаланды. Кәлен зәті ат аяғы жетпейтін жерге жалғыз жортатын ер көңілді кісі. Бұл түн жар басындағы балықшылар ауылында бір жан көз ілмеді. Еламан оған қайырылмады. Жағаға шыққасын бір рет бұрылып қарады да, ілгері тарта берді. Кешеден бері үнсіз.Кісі жүзіне көз салмай, төмен қарап түйіліп алған. Айтпады деме: қазір оның көзін құртпасаң, соңырғы күні ол бассалудан да тайынбайды. Судыр Ахмет жүктің әр қайсысын бір теуіп,ыдыс-аяқтарды сындырып, үй ішін опан-топан қылды. Онан босағаға жабысып тұрған қатыны мен балаларын бөріктіре сабап,тыныш отырған үйді көзді ашып-жұмғанша у-шу қылды да, жөн-жосығын айтпастан, атына мініп алып тартып кетті. Ақбала дір ете қалды. Қорыққаны, әлде кінәлағаны ма, ол, әйтеуір Судыр Ахметке жас дірілдеген көзі ұясынан шыға қарады. Ақбала жүрегі аузына тығылып, әлі құрып бара жатқанын сезіп, қазандыққа сүйене қалды. Қарсыласпақ болған Райдың мойнына бір қара түрікпен қыл шылбыр салып жіберді;шылбырдың бір ұшын тақымына басып ап, атпен сүйретіп шаба жөнелгенде, Рай қырылдып демі

үзіліп бара жатты. Жаңа ғана жүзі қатты бір жамандықты сезгендей, жүрегі мұздап тұрғанды. Бұлар есін жиям дегенше торы атты біреу жүз қаралы жылқыны дүркіретіп қуып әкеп, балықшылар ауылының дәл үстінен құлатты. Өзің сөйлегенде бір құлағыңды басқа кісінің әңгімесіне тігіп қойып көппен бірге ілесе тыңдап отырасың. Ой, мына қатыны түскір келі шауып бер деп құлағымның құртын жеп болғаны. Қара қатын бұнымен қойған жоқ, Әлизаға да ауыл арасының сыбыр-жыбырын жеткізе берді. Әлиза Қарақатынның сөзін құлағына ілмеді. Судыр Ахмет Райдың мұнды жүзіне мысқылдай қарады. Қызынан айырылып қалған жігітті кекеткісі келіп, тілі қышып отыр (Ә. Н.).

105 - жаттығу. Мәтіннен фразеологизмдерді тауып, мағынасына қарай ажыратыңыз. Балықшылар шетінен сіңірі шыққан кедей. Қарға адым жерге аударылып қона алмай, қысы-жазы жерқазбалары жар басында жарбиып тұратын шерменде.

Сіңірі шыққан кедей - өте нашар.

-Иә, соның дауысы! Сорлы Мөңкенің соры қайнап қалды - ау! .

- Шамадан аспа, шырағым, соңыра тексере қалғанда өтірігің шығып, ұлық алдында ұятты болып қалмайық.

Өзі күйзеліп жүргесін бе, әйтеуір мына дап-дардай кісілердің дәл осы арада неге мәз болғанына түсінбеді. Бір жағынан желөкпе жастарға еріп кеткеніне ренжіді.

Қызба жігіттер Кәленнің сөзіне көтеріліп кетті. Кейбір ақ көз есерлері қолма-қол қаруға шақырып:

-Кәлен аға, Еламан аға, бізді де бір бастандаршы, -деп еліріп бара жатыр еді, Кәлен ақырып тыйып тастады.

Үй іші лаңынан запы боп қалған балалар әлден үрейі ұшып, шырқырап жылап, шам жақпай, қоңыр кеугім тартып тұрған үйдің іші азан-қазан болды да кетті. Оның үстіне сүйген жігіті астыққа кеткелі зәресі жоқ; осы елдің Қоңырат, Шымбайға кеткен талай қалашылары тоналып қайтып жатыр, онан сайын Бөбектің иманы ұшып, талай түнді ұйқысыз аттырды...

Үй есі үнсіз. Осының бәрі күнде есіте бергесін еті өліп кеткен. Үй ішінен өзіне жақтасатын жанашыр да іздеген жоқ, өзінің дәрменсіз сорлылығын мойындап, сағы сынып, налып жылады. -Әй, қойшы осыларды. Бізде не бауыры бітіп бара жатыр дейсің, дорбандағы бес-он қадақ балығың да көңілін босатып келе жатқан, -деді Еламан.

Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында жер соғып қалды. Қалжыраған бойынан күш шақыртып, қан қақсап бара жатқан аяғымен тәлтіректеп басып бір қадам, екі қадам болса да ілгері жылжыды.

Ұлы алдына барған сайын өзі әрқашан ойындағы сөзін айта алмай (ал тілмаш арқылы сөйлескенде де бір түрлі айызы қанбай, шала құмар боп), булығып жататынды.

Аузы жаман қатын анасына тіл тигізіп, ренжітіп тастадыма деп қорқатынды. Осы қазір де ол әйелінің қабағынан айыға қоймаған ашу көріп, іші мұздап отыр. Желіде байлаулы жатқан ботаның жанына барып, тұмсығынан шымшылап қайтты. Сонан кейін қаладан әкелген базарлығын үлестіріп, үй ішін қарқ қылды (Ә.Н.).

106 - жаттығу. Берілген мәтіннен кітаби фразеологизмдерді тауып, көшіріп жазыңыз.

Қара жұмысқа қабілетсіз болғанымен, бала секілді елгезек: айтқаныңды екі етпей, ыңғайыңмен айналып елпілдеп тұратын кішкентай, қағылез ғана жігіт. Айтқаныңды екі етпей, ыңғайыңмен айналып елпілдеп – бірден тілін алды, дегенін бұлжытпай орындады. Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды желге шашып, ақырында жер соғып қалды. Ас-суын ішіп, бүгінгі күннің басты бір шаруасын бітіріп, көңілі тыныштық тапқан соң; ауыр тонның шалғайын астына басып теңкейіп жатыр. Енжар. Өңгімеге тіпті зауқы жоқ. Өзі жоқта бар қиындық басына түсіп, тар дүниенің тауқыметін тартып жүрген, бірақ соның біріне сыр бермей, шыдаммен төзіп келген әйелін Кәлен шын көңілінен аяп жатыр.

Олар әуелі Көлқараның қайырымын сүзді. Онан соң бекіре, қаяз шығатын дәмелі бір қайырым еді деп, Бозбиенің тұсын сүзді. Соның бәрінен балық шықпай, салы судан қайтып, қалжырап жүргенде, құдай беріп, Зайырдың тұсынан қарық болды .

Кәрі көңілі исініп кетті:

-Заржақ-ай! Сай-сүйегімді сырқыратып біттің ғой,-деп жеңімен көзін сүртті. Пақыр көрме болатын. Қызыл сөзді желге шашқан, дауасыз ауыздың нағыз өзі еді ғой,- деп қарт софы кеудесін көтеріп, кеңкілдеп күлді .

Қызыл сөзді желге шашу – құлағына ілмеді, босқа сөйледі.

«Ертең көшкенде қиын. Түнімен көрші ауылдың қызын оятып, өрелі таңды көзінен атырған жігіт құсап... ат үстіне басым бұлғаңдап кесір қылады-ау,-деп ойлады... ».

Күні ұзын кісі көп жиналған қапырық үйде сары жамбас боп езіліп ұзақ отырғандікі ме, сыртқа шыққасын да өз денесін өзі ауырлағандай дел-сал боп ақырын басып келеді (С.М.).

ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНУ СИПАТЫ

107 - жаттығу. Берілген сөйлемдерден қарапайым сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріп беріңіз.

О, көктегірлер! О, қабайлаңғыр! Иесіз қалғырдың мүлкі, түге. Тап жаңа ғана тап-тұйнақтай ғып, орын-орнына жинап қойып едім. Баласы құрғырлар-ау, жүретін жолға қойған. Сонда, ол сорлы еркектің кәдесіне жараса екен-ау! Анау, шытыр жеген түйедей шермиіп отырған түрі. ...Онда да ертең әкесіне сойып беретін мал болмағанына қынжылып, балықтан шаршап қайтқан Еламанға:

«Азамат емессің бе? Елді-күн бір лақ таппайсың ба?» -деп қиылғанда, балықшы жігіт қиналғанынан терлеп қоя беретін. Өзінің осыншалық дәрменсіз сорлылығына ыза боп кетуші еді. «О, сұм, қай бетіңмен айтады екен», - деді Еламан ішінен. Көз қиығымен әйелін байқап отыр. Ақбала бойы ауырлап, отырып-тұруы қиындап қалғанына қарамай, қонақ келгелі бәйек боп ұшып-қонып жүр. Қолына қада ұстаған сотқар жігіттер аналардың азғантай малына дейін суартпай құдық басына сіресіп тұрып алды. Жас ана жесір қалды. Ағайын-тума қаумалап қоймаған соң жесір әйел тасқұлақ саңырау шалға тиді.

-Әй, ит! Сен үйірге салатын айғыр ма едің? Сен менің жылқышым болатынсың.

-Қой әрі! Аузы төмен қарағасын қасқайып жүр, бұл бекірең. Әйтпесе, аузына түссе аянайын деп жүрген жоқ. Ақылсыз, әумесер неме ғой.

- Апыр-ай, бұл не деген безбүйрек ит.

-Сен ит... адамдарың қайда деп неге сұрамайсың, а?-деп Еламан қарсы ақырды. Ебейсін қаба сақалдыны сөйлетпей, бүйірінен нұқып қалды.

-Өшір үніңді. Қарсыласпа. Бүгінше осы қақпастың айтқанын істейік,-деп сыбырлады да, ананы әй-шәйға қаратпай сыртқа сүйрей жөнелді.

Жас сәби жаны қиналып, кеудесі сыр-сыр етіп алқынған сайын, бұның да тынысы ауырлап, ентіге түсті. «О, қаныпезер, оқ атсаң - өзім бар емес пе едім. Балада нең бар еді», -деген ой Кәленнің ыстық басын аяздай қарып кетеді. Ол бүгін де бір арқа отынды есік алдына жыға салып: «Үһ, қара байланғырдың арқаны иығымды қиып кетті ғой», -деді. Сауықшыл жастарды ішінен боқтап: «Ой, желөкпе! Өй, әңгі!..»-деп ала көзімен атып отыр.

-Әй, суқит!...-деді Мөңке,-Қаратаздың мақтауын жеткіздің. Саған оның арманы жоқ. Жә, сен енді қаланың әңгімесін айтшы... (Ә.Нұрпейісов).

108 - жаттығу. Берілген мәтіндегі мақал - мәтелдердің қарапайым және көнерген сөздерді тауып, оның лексикалық сипатын анықтаңдар.

Үйде шешем бар. Басқа жаным жоқ. Келіншегім биыл опат болды. «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме» деген. Тірі болса Асқар ертең-ақ босанар. Баласы мен әйелін аман-есен қолына тигізсем, оған одан үлкен олжа болмас. Асқардың жақсылығын қалай қайтарам деп жүр ем. Құдай айдап әдейі кез келгендей болдың. Бұл имандай сөзім (С.Мұқанов).

Бұрық-бұрық қайнап самауыр келді. Қара тоқал әңгімені бөлді:

- Екіншіде семіз қатыныңды ерте кел, арықтап қалмас.

- Арықтайды деп қорықпаймын-ау, сендердің меймандос екендеріңді білген соң, осы үйден шықпай қоя ма, деп қорқамын. Тамақсау антұрған.

Боқай жымың-жымың күліп отырды да, Костяның бұл қалжыңына жауап ретінде қазақ мақалын өзінше орысшаға аударып берді:

- Раньше казахи говорили: если твоя лошадь много кушает — бог тебе дает; если твоя жена много кушает — бог тебя бьет. Значит бог тебя бьет, Костя? Костя қарқ-қарқ күліп жіберді.
- Ертедегі қазақтардың тағы бір сөзін айтқаның қайда: «Қатын билеген үй қараң қалады» дейтін бе еді. Осы үйді кім билейді?

Жаңа заманда бай-кулактар ғана емес, мақалдар да шатысты білем, - деді Боқай мырс етіп. Үшеуі бірден күлді.

– Бай-екең неге ашулы? – дегенде, Злиқадан бұрын Ақметтің өзі қайырды жауапты.

- Азаптың зоры маған байлық болды. Балалар оқуда. Жас. Мынау екеуіміздің колхоз жұмысынан қолымыз тимейді. Ірілі-ұсақты осы үйде бірсыпыра мал бар. Кім бағады, «Бақпасаң мал кетеді, қарамасаң қатын кетеді». Желіндеп тұрған сиырдың бірі шығып кетіпті. Соны іздеймін деп, түстен былайғы жұмысым қалды (Ғ.М.).

109 - жаттығу. Төменде берілген сөйлемдерден дөрекілік мағынадағы берілген сөздерді тауып, қолданылу мәнін түсіндіріңіз.

Еламанның жаны аяғының басына кетіп, жар кемердің жиегінде сілейіп қалды. Сол сәтте әлдеқайдан сары қаншық жүгіріп шығып кеп, балық иісі шыққан киімді иіскеді. Есбол атасының жанына шынтақтап жатқан Еламан осы тұста басын көтеріп алды. –Қой әрі! Ол таз қой баға білді. Бірақ халық қой емес еді ғой. Көрерміз оның да әуселесін .

Ақсақ сайтан... саған ол әлі аз, - деді ішінен мырс етіп. Ендігі арманы-бұталас жауын құлатып, оның Көкарал мен Сарыбас атты екі промсолын басып алу.

-Е, ол қу кедей мені қалай жазым еттің? Ол арасын бір алла біледі де. Менің білетінім- өзіңнің тыныштығыңды ойласаң, онымен қайта тату бол. -

Еламан сол сайқалдың күйеуі. Қасындағы інісі-Рай...

Қара қатын қызының мекерлігін жаратпады: -Ой, бетің тілінгір! Ақбала құсап бедіреюін қарашы!

-Мына әтеңе нәлеттер қайда тығылып қалған?!-деп күлді де, екі баласын екі қолтығына қысып ішке кірді. Есік жақтан Қарақатын күңк ете қалды.

-Сол көрдемше өлетін бе еді...

...Енді, осы ыссыда жалғыз түйені қан сорпа ғып, көшпек пе ақылың? Өшір үніңді! Ой, ақымақ! Ой, иттің асыраған төлі!

-Өй, әтеңе нәлет! Өй, ернің аққа тимегір! Өй, мал көрмеген көргенсіз!- деді Судыр Ахмет; аузынан сөз шыққан сайын иегінің ұшындағы шілқұйрық шоқша сақалы шошаңдап, шошып тұр.

-Еламанжан, қиналма. Саған әйелді өзім тауып берем. Көре қал, сол сайқалдың әкесіндей әйел тауып бермесем... Ана екеуі оның осынша сұқтанғанын жақтырмай, зекіріп тастады:

-Өй, шірік! Нәсілсіз ит! Өзің-ақ істей салатын оп-оңай нәрсе ғой...

-Қаратаздың қыстауының жанындағы құман шауып алып едім. Қайырсыз ит емес пе, жидесінде қайдан қайыр болсын (Ө.Н.).

110 - жаттығу. Диалект сөздерге 10 мысал келтіріп, мағынасын ажыратыңыз.

111 - жаттығу. Берілген қос сөздерді түріне қарай топтап жазыңыз.

Тез-тез, қол-аяғын, ас-суын, бырт-бырт, сыбыр-сыбыр, піш-піш, ажар-көрікті, ерлі-зайыпты, шу-шу, екеу-екеуден, шиық-шиық, изеп-изеп, жылт-жылт, қорқа-қорқа, бірде-бірі, үй-үйге, қолма-қол, қаға-маға, алау-далау, қайық-майығымен, әлем-жәлем, әкті-мәктісін, азан-қазан, ысылдап-пысылдап, әңкі-тәңкі, тап-тұйнақтай, тапа-тал, жып-жылы, жеп-жеңіл, оп-оңай, тым-тырыс, асты-үстіне күндіз-түні, келді-кетті, кешелі-бүгін, оңды-солды, ашар-ашпастан, қысы-жазы, отын-суын, бас-көз, ойнап-күлсе, қосшы-қолаңын, жарым-жартысын, сауда-саттық, билеп-төстеп, әзіл-қалжыңын, жан-тәнін, бай-бәйбішенің, ақыл-ойынан, кедей-жалшының, жоқ-жітік, ішпей-жемей, ырғап-жырғап, әке-шешесінен, ала-бөле, көй-көйлеп, өзіне-өзі, көйлек-көншектік, шәй-шекерін, ұзақ-ұзақ, бір-бірлеп, бетпе-бет, бүлк-бүлк, сақал-шашы, қол-аяғы, отырып-тұруы, ұшып-қонып, абысын-ажындар.

112 - жаттығу. Берілген сөйлемдердегі кірме сөздерді тауып, қай тілден енгендігін анықтап, мағынасын ажыратып беріңіз.

Әр тірлікке көнер бір-бір зауал бар. Кезегі келгенде күн басына да зауал төніп, қара кебінге оранып, бар әлем тіл тартпай, түн құшағына кіріп бара жатады. Біздің үйдің Аламойнақтары шалғайыңды жыртқан жоқ па деп сұрап едім, ол кәпір күліп: «Ой. Алдеке-ай, құр дәріптей бересің ғой. Әйтпесе Аламойнақ дегенің ала күшік емес пе?»-деді ғой... Балықшылар әрі-бері толқып, ақыр аяғында Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген пәтуаға келді. Бейшара, сары бала енді бұл пәнидің пендесі емес. Ол енді жоқ... Олардың өткен-кеткенге қолын созып: «ради христа!...»- деп, қайыр-садақа сұрағанын көрген-ді. Басқа кәсіп таба алмаған соң ала қардың тұсында Кәлен кірешілерге ілесіп, Шалқар шаһарына тартты. «Сол үйге үйір боп кетті. Сұмша жігіт софының ақ тоқалымен көңілдес боп қалмасын? ...». Күн бата урядник кеп, болыстың үйіне түсті. Құдайменде бұл ауылдағы орысша білетін жалғыз тілмаш- пешірге адам жүгіртті. Баланың жалындаған ыстық маңдайын сүйді де, тымағымен көтеріп кереуеттің үстіне жатқызды. Қоржын деп осынша қампайтқаны-ер артындағы екі түйіншек. Оның бірінде көк бүйрек ақ құман. Екінші түйіншекте – бір-екі қадақ шай мен арзанқол кәмпит. Көп ұзамай Тентек Шодырдың промсолынан дәмесі бар қалталы кісілер ойдан-қырдан ағыла бастады. Көбі орыс көпестері. Әкесінен қалған мұраны сатпақ болып жас офицер Петроградтан әдейі арнап кепті. – Ой, аға-ай, оның несіне шошисың. Орыс болса, қайта оязға бастық боп кетеді. - Өтірік емес. Өз құлағыммен есіттім, - деп Судыр Ахмет өзеурей түсті, - қала іші қазір гу-гу ... Құдайменде болысты қалаға шақырып әкетті (Ә.Н.).

113 - жаттығу. Абай өлеңдерінен қазақ тіліне араб тілінен ауысқан сөздерді анықтаңыз. Олардың қай кезеңде қандай жолмен енгенін, қандай тұлғалық өзгеріске түскенін көрсетіңіз.

1.Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы атпен тату жолдас- бір ғанибет
Ыңғайлы, ықшам киім аңшы адамға (*Қансонарда бүркітші шығады аңға*).

2.Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң, түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл махрұм қалмағына кім кінәлі
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? (*Жасымда ғылым бар деп ескермедім*)

3.Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.
Бір жерде бірге жүрсең басын қосып,
Біріңнің – бірін тыңда сөзін тосып,
Бірінді бірің ғиззәт құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып (*Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат*).

4.Ендихатсыз меһнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы (*Интернатта оқып жүр*).

114 – жаттығу. Берілген мәтіннен диалектілер мен кәсіби сөздерді тауып, олардың қолданылу себептерін түсіндіріңіздер.

Балықшылар әрі-бері толқып, ақыр аяғында Тентек Шодырдың дегеніне көнейік деген пәтуаға келді. Бейшара, сары бала енді бұл пәнидің пендесі емес. Ол енді жоқ... Олардың өткен-кеткенге қолын созып: «ради христа!..»- деп, қайыр-садақа сұрағанын көрген-ді. Басқа кәсіп таба алмаған соң ала қардың тұсында Кәлен кірешілерге ілесіп, Шалқар шаһарына тартты. «Сол үйге үйір боп кетті. Сұмша жігіт софының ақ тоқалымен көңілдес боп қалмасын? ...». Күн бата урядник кеп, болыстың үйіне түсті. Құдайменде бұл ауылдағы орысша білетін жалғыз тілмаш- пешірге адам жүгіртті. Баланың жалындаған ыстық маңдайын сүйді де, тымағымен көтеріп кереуеттің үстіне жатқызды. Қоржын деп осынша қампайтқаны-ер артындағы екі түйіншек. Оның бірінде көк бүйрек ақ құман. Екінші түйіншекте – бір-екі қадақ шай мен арзанқол кәмпіт. Көп ұзамай Тентек Шодырдың промсолынан дәмесі бар қалталы

кісілер ойдан-қырдан ағыла бастады. Көбі орыс көпестері. Әкесінен қалған мұраны сатпақ болып жас офицер Петроградтан әдейі арнап кепті. – Ой, аға-ай, оның несіне шошисың. Орыс болса, қайта оязға бастық боп кетеді. – Өтірік емес. Өз құлағыммен есіттім, - деп Судыр Ахмет өзеурей түсті, - қала іші қазір гу-гу ... Құдайменде болысты қалаға шақырып әкетті (Ә.Н.).

115 - жаттығу. Берілген төмендегі мәтіннен көнерген сөздерді (архаизмдер, тарихи сөздер) ажыратып, қолдану себебін түсіндіріңіздер.

Жорыққа шыққан сарбаздай әбден сықиып киінген Ақбайдың алдында құдды бала сияқты қипақтап тұр. Бай қамқа пешпетінің үстінен көбе кйіп алыпты, иығына мылтық асынған, бір бүйірінде Бұхарда соғылған салмақты қысқа семсер, басында –күмістен жұрындаған түлкі тымақ, аяғында – ұзын, кең қонышты сүйір тұмсық саптама етік, қолында – сегіз өрім дырау қамшы (Ә.Ә).

116 - жаттығу. Төменде көрсетілген Әлихан Бөкейхановтың шығармасынан үзіндіден варваризм сөздерді табыңыздар.

Жоғарыда жазылған 48 – статья қазаққа шығарған Степное положениенің інші статьясымен бірдей, бірінде сельский, бірінде ауылский общества, аты ғана бөлек, ол законды жолы бір. Құр закон деп мазаны алмай, законның құр бос қарпін кумасқа тиіс еді, мұнан адамға не пайда, адам жылап отырса, орнына келген закон қарпі опа бермекші, законның ақ жолымен қосайдар қыпшаққа жер бекітетен жол бар емес пе? Қазақ қыстауын аз деревня деп, бірнеше қыстауды сельское общество деп, қазақты өз алдына бір болыс қылып землеотводная записка жазса, мұжық законның ыншы статьясында, қазаққа шығарған степное положениенің інші статьясында болсын, тұтас болса біреуден аттап өтпесе жарайды деген шартқа тура келді. Шы статьяның ші қосымшасында жазған: бір уез ішінде колонистер болыс аттап өтіп болады деп. Колонистер деп мұжық ішіндегі немісті айтады.

МАҚАЛ - МӘТЕЛДЕР, АВТОРЛЫҚ АФОРИЗМДЕР.

117 - жаттығу. С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романынан алынған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, олардың қандай мақсатта қолданғандығын көрсетіңіз.

- «Соқыр тауыққа бәрі бидай»;
- «Ит үрді, керуен көшті»;
- «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер»;
- «Байтал тұрсын бас қайғы»;
- Қамардың жайы мұндай болған соң, «іштен шыққан шұбар жылан» шыдата ма, араздық, пәлені қойып, Омар да күні – түні қасында болады;
- «Соқырдың қолына түспе, саңыраудың жолына түспе»;
- «Теңі келсе, тегін бер»;
- «Арсызға алты күн мейрам»;
- «Өлімнен ұят күшті»;
- «Қасқырдан қайрат кетсе ешкіні апа қылады»;

- «Таң атайын десе де – күн қоймайды»;
- «Суға кеткен тал қармайды»;
- «Шығасыға иесі басшы».

118 - жаттығу. Төменде келтірілген авторлық афоризмдерге жалпыхалық тіліндегі мағынасы жақын мақал-мәтелдермен салыстырып, мәнін түсіндіріп беріңдер.

Өз бетін аямаған кісі бетін шиедей қылады. Күтпесең, таһаратсыз ұстасаң, соғып кетеді болмаса өле - өлгенше азық болады. Қызды оқытса бұзылуға себеп (С.Т.).

119 - жаттығу. І. Есенберлин еңбегінен берілген үзіндідегі мақал - мәтелдерді тауып, теріп жазып, мағынасын ашыңыздар.

- Ата мекен Көкшетауын тастап, Қасым төре неге Қоқан хандығына қарай көшті? – деді ол сөзін алыстан қозғап. – Қазақта мақал бар емес пе «Бөтен елде сұлтан болғаныңша, өз елінде ұлтан бол» деген. Сейтен атаның басын жедел тартып алды. Сен оны қайдан білесің? Ожар екіұшты жауап қайырды. Ел құлағы елу...

- «Қақпанды қоя білмеген қасасын қалдырар», әкеңнің аузын.. Бағана күн батарда біреуің көзге түсіп, Сейтенге елең туғыздыңдар. Жаңа ғана жатты. Біз қазір оны байлаймыз. - Шырағым, ел тыныштығын жоғалтқан бір аласапыран заман боп кетті емес пе, - деді ақсақал уһілеп, - «жылы-жылы сөйлесе жылан інінен шығады, қатты-қатты сөйлесе мұсылман діннен шығады. Біз бір мал баққан момын елміз.

- Адал өлу де – абырой. – Қария тілмашқа алар бүркіттей сұстана көз тастады. – Шырағым, аяқ алысыңнан байқадым, сен өзің Әбілқайыр, не болмаса Уәлиханның ұрпақтарының біріне ұқсайсың... Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ деген, бір сұрайтын сөзім бар...

- Сен жас едің. Бірақ асыл тастан, ақыл жастан, жұрт білмегенді сен білетінсің. Бүкіл Қаржас елу күн ертегі етіп бітіре алмас жәйтті, сен бір түнде айтып бере алатынсың... Жоламан әрі ойлап, бері ойлап бір шешімге келді. Көп қорқытады, терең батырады. Бар қазақтың басының бірлігі бізге қорған бола алады.

Кезеген мылтық, жалаңаш қылыштың түсі қандай зәрлі, Жоламан тобындағы кейбіреулер сескенейін деді. Бірақ амал бар ма «қоянды қамыс, ерді намыс өлтірген», бұлар қарсы шығуға мәжбүр болды.

- Бүгінгі жақсылықтарыңды өмір бақи ұмытпаспын, - деді Жоламан қалың қабағын дүр көтеріп. – Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді деген осы. Үш батыр тізе қосып едік, көк темірге оранған жау шегінді.

Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі, осындай өжет ананың баулуында қанаттанған Ағыбай да батыр болып өсті. Он сегіз жасынан Қасым төре балаларының соңынан ерді. Отыз төртке келгенше басынан

талай айқасты өткізді.. Әрине, Қоқан ханының бұған тікелей қатынасы жоқ. Бірақ болғалы тұрған қанды уақиғаны соның әмірі етіп көрсетсе қайтер еді? Сақтықта қорлық жоқ, егер бұл істің өзінен шыққан Абылайдың көкжал ұрпағы біліп қалса, әңгіменің аяғы неге барып соғырын кім біледі..

120 - жаттығу. Келтірілген мәтіндерден мақал-мәтелдерді тауып, олардың жалпыхалықтық және авторлық өңдеуге түскен түрлері мен өзгерістерін түсіндіріңдер.

- «Адам сыры – сандық ішіндегі қазына. Онда алтын жатыр ма, бақыр жатыр ма, бірден білу қиын. Кілтін іздеу керек»;
- «Өлсек шәйітпіз, өлтірсек бәйітпіз»;
- «Үйірден саяқ қана бөлек жайылады. Өзен қайда құйса, тамшысы да сонда құяды»;
- «Көп тебінсе – жер сілкінеді, қиянатты көзімен көрген жұртты басу қиын»;
- «Қазір жер қорғайтын заман емес, жан қорғайтын заман... Тағы құландай ру-ру боп жалпақ даласында шұбырған қалың қазақ, ту тігіп ел болудан қалған»;
- «Ата-ананы таңдауға болмайды, туған халқыңды да таңдай алмайсың! Оны әлжуаз де, тағы де, бірақ маңдайымызға жазылғаны сол халық, мен оны сен айтқан әлжуаз қалпында да жақсы көрем. Кімде-кім сол қазақ деген қыранды қанатын кесіп, жем-құсына айналдырғысы келсе, ол менің қас жауым, туған балам болса да аш тамағынан ала түсіп, өз қолыммен бауыздауға бармын»;
- «Өмір деген теңіз де, адам желкенді қайық тәрізді, тағдыр желі айдаса кездеспей тұрмайды»;
- « Бақыт деген бір қоңыр қаз, ер жігіт оған тұзақ сала ма, тор құра ма, ұстай білуі керек»;
- «Темірді темірге сала берсең екеуінің де жүзі майыспай ма, сол тәрізді ажалға қарсы шабуылға шыға-шыға сарбаздардың да беттері қайтып қалғандай»;
- «Басын біріктіре алған дұшпаның қайралған қылышпен тең, абайлап ұстамасаң қолыңды алып түседі. Іштегі шұбар жыланды асыраудың қажеті жоқ, одан дер кезінде арылған жөн»;
- «Елін сатқан адам, жылқы ішіндегі маңқамен тең»;
- «Халқыңның қамын ойлар болсаң, ең алдымен оның бірлігін ойла»(І.Е.).

121 - жаттығу. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, танымдық маңызын анықтаңыз.

Қара қатын көсеумен жерді салып қалды.

-Қой, қой деп маған қожаңдағаны несі! Маған қойғызғаныңмен ел аузына қақпақ бола алмайсың. Бойына шел жұқпай, сорға батқан. Сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой, не қылса да, -деді.

Есбол дыбысын шығармай, мырс—мырс күлді.

- «Кәртайғанда кәрі тарлан жорға ашады», - деп... – Жоқ, тон болғанда... бұрынғы ата-бабаларымыз айтыпты ғой. «Ақылдасып пішкен тон келте болмас» деп.

– Е, құдайым! «Бақ адасса баққа қонады», - деп, бұрынғылар біліп айтқан ғой. ...Тағы айтам, тыңдайды деп айтам: үкімің жүріп тұрғанда, халық ішінде бұғалығыннан шығып жүрген, ана Кәлен, Еламан, Сүиеу шалдарды шеңгелінде сығып ұста. «Жау аяған – жаралы болады», -деп, біліп алған

Кемпір оның ұстамдылығына ырза болды:

- «Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл» деген, шырағым, есімің кім?

– Е-е! «Адамның басы, алланың добы» деген ғой, не боларына кімнің көзі жеткен,- деді кемпір күрсініп.

- Мыналар сені кісі өлтірді деп отыр. Қайдан білейін, адам аласы ішінде ғой, түріңе қарасам, иманмен қаптап қойғандай, - деді.

– Күлшелі бала сүюге жақсы деген-ау !...- деді Темірке (Ә.Н.).

122 - жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерден туынды сөздерді табыңыз.

✓ Еңбексіз - өмір тұл, ойсыз көңіл тұл.

✓ Диқаншы жерін мақтайды,

Балықшы көлін мақтайды,

Кәсіпқор кенін мақтайды.

✓ Сараңдық пен арамдық ағайындас.

123 – жаттығу. Берілген афоризмдерді қолданып сөйлем құраңыз.

➤ Қазақ баласы сендер төрде жүрсеңдер біздің басымыз жерде қалмас .

➤ Байға балық керек болса, кедейге жан керек.

➤ Қолынан екі келсе, бірін қылсын .

➤ Бақыт – басыңа қонған құс, қолына шыбық ұстаған баладан да үркер.

➤ Сыпайы тонбайды, қалтырайды .

➤ Құтырған бура иесіне түседі.

➤ Тағдыры бірдің – қазаны бір.

➤ Сырт кісі көреген келеді.

➤ Антты аттап, батаны бұзайын деп жүрген мен жоқ .

➤ Қара болсаң сонымен ақ бол.

➤ Әйелдің көңіліне желік кірді дегенше, құдай төбесінен ұрды дей бер.

➤ Ажал шын төнсе, төсектің арасына тығылсаң да табады .

➤ Еркек кісі алпыста да қыршын жас.

➤ Ізіне қара ермеген бауыры құтсыз қақбастан опа таппайсың.

➤ Бір үйір жылқыдан бір жапырақ ет аузымызға тимесе, неге бұнда жүрміз.

➤ Мақау қызың... елде жоқ асылың.

124 – жаттығу. Төменде берілген мәтіннен авторлық өңдеуге түскен афоризмдерді тауып, оның мағынасын ашып, түсіндіріңдер.

-Тыныштық іздеп барамыз, - деді әлден уақытта Олжабек, ақырын ғана күрсініп қойып. Өңгімені тыныштықтан бастағанымен, айтайын дегені әуелі тынышсыздық жайында еді, сөзі үзіліп қалды. Жамал күліп жіберді.

- Ол қайда бар екен?

- Дүние кең ғой, соның бір жерінде бар шығар әйтеуір...

- «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», - деген қайда?

- Колхозға еріп солар-ақ қарық болсын,- деді Олжабек. Оның даусы сөзінің ақырында қатулана шықты. Өйткені, осы ұзақ сапарға аттанар алдында өзінің немере інісі Кәмеш үш-төрт кісімен келіп, бірқатар әурелеген болатын. Жалынған, ақылын айтқан. Әбден болмаған соң: «Мен сенен бездім, бірақ ұмытпа, «азды аяған көптен құр қалады», -деп тұра жөнелген-ді.

Безсең безе бер. Маған «Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық». Аспан асты кең, - деп безере түскен еді Олжабек.

Жомарт шықшытты, қалың ерінді, етектілеу ұзын мұрынды, кішкене көзді, бидай өңді жігіт еді. Суықта жүріп, тотыққан соң негрге бірсыпыра келіп қалған екен. Шашы да бұйра болатын.

Сатанға жаңа риза болдым! – деп күліп жіберді Жомарт. Үлкен ерні барынша созылып, кіршіксіз қой тістері қызыл етіне дейін ашылды. - Япырай, танымай жүр екем, «Үлкен адам үлкен істе көрінеді екен ғой». Келсін жұмысшылар.

Үшеуі Аманды Сыртынан жіліктей бұзып жатқанда, Жандос өзімен-өзі болып отырып:

-Қайран ел, қайран ел, не боп барады! – деді де, кейістерін күңірене айтты. – Алыста жүргенде бұл елді көруге аңсадым. Көрген соң кетуге асықтым. Азаматтар-ау сендерге не болған? Бірауыз ба десем, алауызсыңдар. «Жауырды жаба тоқы», «Қол сынса, жең ішінде, бас жарылса, бөрік ішінде» деген еліңнің абзал қағидасы қайда?! Ұғынысудың орнына айтысып, кешірім орнына кек сақтап, бірінді бірін жағадан ала түсуге дайын тұрсыңдар. Сап, Ермекбай, сап! Сап, Сайлаубек, сен де сап! Екі орамға келетін оқулы қазақ көп емес. Жаңағы жігіттің үш орамға да келетін түрі бар. Сендер шырт-шырт сынғанда, ол шіміркенбеді де. Баулыңдар, шыдаңдар. Шым-шымдап бері тарта беріңдер! «Көктей солсын» деуге менің аузым бармайды (Ғ.М.).

СӨЗЖАСАМ

СӨЗЖАСАМНЫҢ ТІЛДІҢ БАСҚА САЛАЛАРЫ МЕН БАЙЛАНЫСЫ

125 - жаттығу Төмендегі туынды сөздердің негізін көрсет. Мысалы: ақ – ағым.

Ағым, ажарлы, айлық, айтыс, ақылшы, ақылшы, арбакеш, әдепті, әнші, әуестік, бастық, баталы, бірлік, жиін, замандас, қазақы, қазақ, қуырдақ, матау, сүзгі.

126-жаттығу. Берілген сөздердің ішінен алдыңғы сөздердің негізін көрсет. Оларға негіз болып тұрған нендей (түбір, туынды) сөз? **Мысалы: қоным – қонымсыз, қоным туынды сөз.**

1. Қонымсыз – қонақ, қоным, қон. 2. Бастық – басшы, баспа бас. 3. Балалық – балалы, балапан. 4. Меймандостық – мейман, меймандос, мейманшыл. 5. Мұрагерлік – мұрагер, мұра, мұражай.

127-жаттығу. Төмендегі туынды сөздердің негізі (түбір сөз, туынды сөз) екендігін ажыратып көрсет.

Мысалы: би – биші, би – түбір сөз.

Тоқылдақ, жарау, жәрдемдес, жаулық, қарсылық, қартаң, өндіргіш, өнімді, сүбелі, сызықша, басқыншы, биші, басқарма, есептес, кепілдік, кеңесші, сәлемдеме.

128-жаттығу. Төмендегі сөздерге сөзжасамдық көрсеткіштерді үстеп(қосып) түрлендіріңіздер.

Ана, бала, үй, жер, өмір, сыр, ел, су, шаш, жол, киім, сөз, ажар, кітап, жұлдыз, домбыра, қала, балалық, қонақ, айна, тау, дүние, нұр, әдет, тіл. Оңы, көр, сұра, айт, қайт, жаз, сал, біл, бол, жаса, сыз, бер, ал, қой, тап, сат, көш, кет, кел, тыңда, жи, шеш, қал. Мен, сіз, ол, қай? мынау, ешкім, ана, неше? біз, сен, әркім, осы, сол, қайсы? біреу.

Биік, жақсы, адал, кеше, қырық, жүз, үш, ілгері, қызыл.

129-жаттығу. 1. Сызбаны сөзжасамның байланысты салаларымен толтырыңыз.

```
graph LR; A[ ] --> B[ ]; C[ ] --> D[ ]; E[ ] --> F[ ]; G[ ] --> H[ ];
```

СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

130-жаттығу. Үзіндіден негізгі морфема мен көмекші морфеманы ажыратып, қандай мағыналардан тұратынын айтыңыз.

...Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапса тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойыла кеңес қылмадың
Ойылдан елді көшірдің.
Ебелең-ебелең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,

Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың,
Кеңестің түбі нараду,
Нәлет біздің жүріске,
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске!..

131-жаттығу. Төмендегі сөздерді мына кесте бойынша талдаңыз.

Негізгі түбір		Жұрнақ				Жалғау			
Тірі	Өлі	Есім		Етістік		Жақты		Жақсыз	
		өнімсіз	өнімді	өнімсіз	өнімсіз	жіктік	тәуелдік	септік	көптік

Әділдік, қалалық, біліктілігімен, қуанышым, жақсылыққа, өнерпаз, шаруашылықтағы, сықырлап, жасырақ, жиынды, орындары, қадірле, көйлекшең, тынымсыз, сымбатты, киінген, толықсып, жібермеді, тапсырыпты, орналасса, сөйлегендей, сенімді; оятқан, байланыс, үрейлендіріп, өрнекте, әрекеттенсең, сағынышымды, қосылған, білгенінше, қулық, танымал, жолдастық, ойнамау, тілек, тәрбиеленуші, шапалақтасты, бірлік, көңілденіп.

132-жаттығу. Берілген даналар сөзінің құрамына толық талдау жасап, морфемаларына жан-жақты сипаттама беріңіз.

1. Ең басты дәрі-дәрмек—таза ауа, суық су, ара мен балта. Д.Полепов).
2. Ақжарқындық — денсаулықтың ғана белгісі емес, сонымен бірге ауыру —

сырқауда құтқаратын ең әсерлі құрал да.(С.Смаилс). 3. Барлық дәрі-дәрмектің ішіндегі тәуірі—демалыс пен қанағат қылу. (Б. Франклин).

133-жаттығу. Берілген мақал-мәтелдерден туынды сөздерді тауып астын сызып, қалай жасалып тұрғандығын түсіндіріңіз

1. Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар.
2. Сырдың суы сирағымнан келмейді.
3. Балалы үйрек көлден кетпес, баласы жас елден кетпес.
4. Көп қорқытады терең батырады.
5. Сырдың суы сирағымнан
6. Балалы үйрек неге көлге, балалы әйел неге елге байлаулы деп ойлайсыз?
7. Көп пен тереңдік неге күшті?

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТАЛДАУ

134-жаттығу. Берілген сөздерден тек негіз сөздерін ғана теріп жазыңыз.

Үлгі: емші-ем, малшы-мал, т.б.

Емші, малшы, койшы, егін, егіс, еңбекші, жұмысшы, қызметші, қаламгер, жақындық, жақсылық, жақсылықтың, адамның, адамға, адаммен, баламен.


135-жаттығу. Зат есімнің реңдік мән туғызатын қосымшаларымен туынды сөз жасап, (туынды сөздің) мағынасына көңіл бөлу.

-тай, -еке, -кеш, -е, -ша, -ке, -қа, -а, -жан, -қан, -шық, -шік, -ш, -ыш. -іш.

136-жаттығу. Текстен туынды сөздерді тауып, мағынасына көңіл бөлу.

- О, батырым, қарын ашпай, тамақ тәтті болмайды. Жолаушы жүрмей, ер қадірлі болмайды. Қиыншылық көрмей, қарның ашпай, ас қадірін білмейсің. Жаяушылық кермесең, ат қадірін білмейсің. Ел жағалап жүрміз ғой. Салт аттылымыз, сабау қамшылымыз. Төтелеп тартып, шөлмен жүріп көрелік. (Төле би).

137 - жаттығу. Сызбаны сөзжасамдық аналитикалық тәсілі түрлерімен толтырыңыз.



СӨЗЖАСАМДЫҚ БІРЛІКТЕР

138 - жаттығу. Берілген сөздерді сөзжасам тәсіліне қарай 1-ші жұрнақ арқылы, 2-ші бірігу арқылы, 3-ші тіркесу арқылы, 4-ші қосарлану арқылы, 5-ші қысқару арқылы жасалған сөздерді бөліп-бөліп жазу.

Автотұрақ, ағалар алқасы, азагүл, азанама, айлық билет, ақпар-кітапша, апталық, ардагер, асаба, аспапшы-слесарь, атомгер, аулалық клуб, әмбебап, әрлеуші, басылым, баспагер, бесік-арба, босалқы бөлшек, гүлтәж, дөңгелек стол, жекелей біріншілік, жүккап, ТМД, БҰҰ, сабынсу, сапарнама, теледидар, тәлімгер-ұстаз, телекөпір.

139 - жаттығу. Берілген сөздерді құрамына қарай талдау. Бір құрамды сөздерді бір қатарға, екі құрамды сөздерді екінші қатарға жазу.

Аға, ағайын, ағайыншылық, ағалық, ағатай, жан, жанұя, Ақжібек, тау, таулы, тайдай, таутеке, бай, байлық, байла, байлау, бота, ботақан, т.б.

140-жаттығу. Омоним қосымшаларымен келген сөздердің мағыналарына көңіл аудару.

Республика сарайында ақындардың айтысы өтіп жатыр. Шымкенттен келген Әселхан мен Қостанайлық Әсия айтысты. Ашудың жолы айналыс, ақылдың жолы төте. Адам ауыр жұмыспен айналысып жүргенде, әр түрлі жағдай бола береді (газеттен). Дүкеннен жапқыш сатып алдым. Ол жасынан сезгіш, білгіш бала.

141-жаттығу. Антонимдес жұрнақтармен келген сөздерге көңіл аудару.

Ақылсыз адам айқай келеді, жан - жағын жайпан келеді. Ақылды адам жай-жай келеді, жан-жағын байқай келеді. Талапты тас жарар, талапсыз бас жарар (мақал). Үнемі бақытты болу немесе бақытсыз болу ешкімнің пешенесіне жазылған емес.(Қалидаса).

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕР

142 - жаттығу. Туынды сөздерді жасалу тәсіліне қарай топта.

Мысалы: синтетикалық тәсіл – желдеткіш, ...

аналитикалық тәсіл – аға буын, ...

семантикалық тәсіл – отбасы, ...

Айлы, аға буын, Бозжан, көкөніс, жүк–аяқ, елтаңба, жабағы, жүн, желдеткіш, ауысым, ақ орда, етікші, ақжайма, белбеу, қия–құз, отбасы, ақбөкен, атұстар, оққағар, желбау, мекенжай, қуырдақ, кешкі ас, жәрдемдес, жәрдемақы.


143 - жаттығу. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді жасалу жолдарына қарай топта. Мысалы: біріккен сөздер: ...; тіркескен сөздер: ...; қос сөздер: ...; қысқарған сөздер: ...

Елубасы, той–томалақ, жағажай, жер үй, туған–туыс, есепшот, хабар–ошар, ААҚ, мән–жай, азу тіс, ҚазҰПУ, БАҚ, орта жүз, ЖШС, жеті жарғы, кеңшар, медбике, аққу, ұжымшар.

144 - жаттығу. Төмендегі туынды сөздердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтарды тауып, олардың қай сөз табының жұрнағы екенін ажыратып, омоним морфемаларға талдау жасаңыздар.

Белгілі, орынды, оқырман, бөлімше, жұмыскер, шыңғыру, байланыс, түндік, жабулы, төсек, тырнақ, белдеу, ойыншық, мекенде, білімді, балықшы, жатақхана, көрікті, дәулетті, жолаушы, өткірлік, ақылды, жағымды, қыстау, көктемгі, қонақ, бөлек, кезік, тапқыш, бөлме, көрсетілу, көркемдік, бөлектену, көрме, көргіш, бөлектену, көрініс, тапқыр, көрші, көзілдірік, тапсыру, көздеу, тапсырма, бөлшек, бөлім, көргенсіздік, тапқыштық, білім, көргіштік, бөлісу, көргенсіз, белгілі, көрім, бөліс, көрік, көрікті, көркем, көркемдік, көркемдену, жіпсі, жібі, жіпсіз, жібіт, жаудыр, айтыс, жаулы, айтқыз, жауыз, жауын, айтулы, атты, суық, бақытты, дауылдата, бақытсыздық, желпі, басқарма, сана, бассыз, басқарушы, өрмек, киім, өрмекші, ботала.

145 - жаттығу. Сызбаны сөзжасамдық тәсіл аттарымен толтырыңыз.



146 - жаттығу. Текстегі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді теріп жазып, ерекшелігін анықтаңыздар, мағыналарын түсіндіріңіздер.

а) Келіншегінің есімі — Гүлия. Орта бойлы, талдырмаш, қызыл шырайлы, тобылғы торы еді. Келіншектің әдемі маңдайын көмкерген екі қасы қарлығаштың қиылған қанаттарындай қап-қара, сүп-сүйір, дөп-дөңгелек екі көзі де қап-қара, мөлдіреген қарақаттай, мұрны түп-түзу еді. Иілген сүп-сүйір екі қасы, көк өрімдей солқылдаған, қиылған жіп-жіңішке беліне түскен қалың қара шашы шумақтаған жібектей. Мінезі салмақты. Бос сөз сөйлемейді... Шешесі жасында өлген. Әкесі өте жарлы болып, 13-14 жасында Гүлияны Бұзаубаққа алты қараға бергеніне, міне, 4-5 жыл болды. Сұлулығының және жастығының себебімен Бұзаубақтың қолына

келгелі талай әңгімеге ұшырады. Гүлия Бұзаубақтың баспанасына ие болып, Бұзаубақтың тапқан-таянғанын жинап, үсті-басын жамап, екілі-үшті сиырын са-уып, әйел болып отыр. Үсті-басы бүтін. Бұзаубақтың тапқан-таянғаны Гүлияны аш-жалаңаш қылған жоқ. Үстінде қазір көнелеу, жеңсіз қара сәтен бешпент, қайыңның жапырағы түсті шыт көйлек. Басында кішіректеу, ескілеу жасыл түсті шәлі. Аяғында көнелеу кебіс—мәсі. Бұзаубақтың жаман киіз тоқымының үстінде бір тізерлеп отырып, жұмыскерлерге үлкен қара шәйнектен шәй құйып беріп отыр. (С. С).

б) Бұл үшеуі-үш түрлі жігіт. Сырт пішіндері де, мінез-құлықтары да біріне-бірі ұқсамаған. Жақия ұзын бойлы, арық, ат жақты, түрік мұрынды, жүзі сұр. Көп күлмейді. Көруге суық адам тәрізді. Ал, сонымен бірге оның белгісіз бір ішкі жылылығы адамды өзіне үйіріп әкете береді. Оның үстіне: әр сөзі жеңіл-желпі мәтелге тұрарлық тіл жүйріктігі еріксіз бойсұндырғандай. Бұл қасиет оны тез көзге түсірген және басқаларға қарағанда, анағұрлым сақа студент. Сондықтан да ол қасындағы өзінен жасы кіші екі жолдасының көпті көрген ақылгөйі есепті. (Х. Е.).

СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНА

147 - жаттығу. Берілген сөздерден туынды сөз, не сөзжасамдық ұя жасау. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдалану.

Кесір, кеуде, кеш, көк, көз, көмек, көн, жорға, жорт, жоспар.

148 - жаттығу. Берілген сөздердегі сөзжасамдық мағынаны табу.

Егінші, бақшашы, диқаншы, бағушы, суретші, тарихшы, әдебиетші, қаламгер, суреткер, сазгер, орындық, басқыш, қақпа, бұрғы, ілмек, орақ, жайылым, қоныс, Қазақстан, асхана, қуырдақ, сүзбе, тағам, саумал, сусын.

149 - жаттығу. Түбір мен туынды сөзді салыстырып, мағынасы жағынан қандай айырмашылығы бар екенін айту.

Жақсы-жақсылық, ер-ерлік, қорқақ-қорқақтық, сұлу-сұлулық, жылқы-жылқышы, сиыр-сиыршы, бала-балалық, су-сулық, бал-балгер, майдан-майдангер, жүлде-жүлдегер, қалам-қаламгер, кітап-кітапхана.

150 - жаттығу.Текстегі туынды сөздерді тауып, ерекшелігін анықтаңыздар, мағыналарын түсіндіріңіздер.

Жер бетін желпіген таңғы самал тоқтады. Биіктігін байқатпай, көлбей жатқан байтақ Итжонның зор, кең жоталарына сызаттанған көгілдір сәуле тез жайылып барады. Терең шат, сайларды, қалың шилі, қарағанды ойпаттарды сәуле әзір кеулей қойған жоқ, қарауытып көрінеді. Сонау көз ұшында қарауытқан қарағанды өзектен әлде не ағараңдап өтіп,

жазық далаға шыға сала, Итжонға тура тартты. Жұлдыздай ағып келеді. Міне, таң алды (Ғ. Мұст.).

Ол жерде осындай наразылық, іліп-қағыс, тұтанып жатқан кезінде, араға жүргізуші келді (Ғ. М.). Ушаков жоқта актінің ішінен едәуір заңсыздық, озбырлық тапқан инженер енді ол күйінен айырылып қалып, кейбір сөздерін өзгертуге ғана шамасы келді. (Ғ. М.). Немене, мал алды ма, ақша алды ма деп, Қарабас сұрастырып еді. (М. Ә.). Бір қос болып жүретін бұрынғы төрт жігіттің төртеуі де — жасынан, көздерін тырнап ашқаннан, жұмыспен, бейнетпен көздері шыққандар. (С. С.).

151-жаттығу. Жаттығудан лексикалық-семантикалық тәсілмен жасалған туынды сөздерді тауып, оның мағынасында болған өзгерісті бұрынғы мағынасымен салыстыра көрсетіңіз. Осы тәсілмен жасалған сөздің мағынасында қандай өзгеріс болады?

Еңбек өнімін арттыру жайында биыл түскен *жүз* алпыс екі *ұсыныстың* тоқсан екі пайызын іске асырыппыз. Көп ұсыныстар жатыңқырап қалды. Жақсы пікірді тануға, бөгемей жарыққа шығаруға асығу керек.

- Ғылымдық-техникалық **жаңа пікірлер** күн **сайын** туып **жатыр**. Оларды бұл әдіспен басқару жетімсіз. Тәртіпке салайық. (Ғ.Мұстафин).

152 - жаттығу. Бірігу және кірігу арқылы жасалған туынды сөздерді мағынасына қарай топтап жазыңдар. **Үлгі:** а) *Өсімдік атаулары:*, ә) Мал, жан-жануар атаулары:, б) Үй жабдықтарының атаулары:,

Алтыбақан, атауыз, түскиіз, адалбақан, қарақат, қаракұс, қарлығаш, баспахана, шайхана, қолжазба, білезік, аққұтан, алатау, меңдуана, итмұрын, Талдықорған, жүкаяқ, қайнаға, ағайын, итбалық, Жезқазған, кемпірауыз, отағасы, алжапқыш, бойжеткен, белбеу, кемпірқосақ, Ақерке, киікоты, қолғап, Сержан, жатақхана, аққу, Қалмаққырған, тікұшақ, зейнетақы, зілзала, тотықұс, ақсақал.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТИП

153 - жаттығу Көрсетілген туынды сөздерді тілші ғалымдар көрсетіп жүрген 3 ұстанымды басшылыққа алып сөзжасамдық типке топта.

Үлгі: *жұмысшы, етікші, суретші.*

Сулы, нулы, қарлы, таулы, гүлді, сәнді, малды. Айлакер, зейнеткер, жұмыскер, саудагер, айыпкер, заңгер, дәрігер, балгер, жұмысшы, көрші, етікші, суретші, бақташы.

154 - жаттығу. -Шы, -ші қосымшасының сөзжасамның типін жасау.

155 - жаттығу. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік қосымшаларының сөзжасамдық типін жасау.

156 - жаттығу. Сөз формаларына қарап, қайсысының жаңа мағына, қайсысының сөз формасын туғызып тұрғанын ажырату.

Кітапша, кітапхана, кітаптың, бесінші, үшінші, қызылдырақ, үлкенірек, үлкеннің, саудагер, сауданың, саудамен, оқу, оқулық, оқырман, бөлме, бөлдір, бөлгіз, есепші, есепсіз, есептеу, т.б.

157 - жаттығу. Берілген сөздерді мағыналы бөлшектерге бөлу.

Адамды, адамгершілік, арман, армансыз, арманда, армандау, жеңіл, жеңілдік, зәре, зәредей, зәресі, заң, заңгер, зерде, зерделі, зергер.

158 - жаттығу. Сөздерді сөзжасамдық тип бойынша топтап жазыңыз.

Әдемілік, ендік, кебу, емде, салқындық, ондық, еркеле, сөздік, сабау, құлыпта, көгер, жүздік, көрме, бестік, қалыңда, баспа, кеспе, зерлі, жүйріктік, зарлы, жүксіз, жорғала, малды, желдет, жәбірле, биікте, қанағатсыз, жеді, жобала, жолсыз, жорғала, дауылдат.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҮЛГІ

159 - жаттығу. Сөзжасамдық үлгімен туынды сөз жасаңыз

лық → бала, орын, ауыл

ім → біл, күт, түс

шылық → шаруа, адам

зат есім + жұрнақ = зат есім;

етістік + жұрнақ = зат есім;

зат есім + жұрнақ = етістік;

сан есім + жұрнақ = зат есім;

сын есім + жұрнақ = зат есім.

160 - жаттығу. Берілген сөздерге сөзжасамдық талдау жасау. Үлгі: жазушы: жазушы, қаламгер: қалам-гер.

Әсемпаз, өнерпаз, жарнама, өсиетнама, шаруагер, тілші.

161-жаттығу. Сөз формаларына қарап, жаңа мағына туғызып тұрған сөзді бір қатарға, сөз формасын туғызып тұрған сөздерді бір қатарға жазыңыз.

Ескілеу, ескілік, ескіру, ескішіл, ескішілдік, есенші, есепшілік, өнерпаз, өнерші, өнершіл, жазу, жазушы, жазушылық, жазық, жазықсыз, жазықты, жазықтық, жаман, жамандық, жаманшылық, жамандау, жамандат.

162 - жаттығу. Берілген сөздерден бір құрамдыны бір қатарға, көп құрамдыны екінші қатарға жазыңыз.

Бір, бірлік, бірлесу, бірлесуші, бірігу, бірігуші, бірігушілік, қоныс, қоныстанушы, қонақжай, қонақжайлық, дәрігер, дәрігерлік, дәрігершіл.

163 - жаттығу. Берілген сөздердегі қосымшаны табыңыз.

Домбырашы, домбырашының, домбырашыға, жақсының, жаманның, жолдастың, жолдасшыл, достық, достықтың, мұғалімнің, мұғалімге, мұғаліммен.

ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

Туынды сөз (сөзжасамдық жұрнақтар)	Сөз тұлға (сөз түрлендіруші, категориялық жұрнақтар)
1. Туынды сөздің орнын оның мағынасы жақын синонимімен ауыстыруға болады. Мысалы, <i>Білімді адаммен сөйлестім не Білімпаз адаммен сөйлестім.</i> Бір түбірден жасалған 2 түбірлес туынды түбір яғни 2 сөз бар. 2. Сөздің құрамы мен мағынасында болатын өзгеріс екеуінде екі басқа Сөзжасамда жаңа сөз жасалады. Мысалы, <i>оқу – оқулық, сауда - саудагер</i> не сөз басқа сөз табына ауысады. Мысалы, <i>айтыс</i> - етістік, <i>айтыс</i> - зат есім, <i>қорған</i> - етістік, <i>қорған</i> - зат есім.	1. Сөз түрлендіруші тұлғадағы сөзді сөйлемде өзгертуге болмайды. Мысалы, <i>Үлкен адамды сыйла, Үлкен адамға сыйла.</i> Бір сөздің түрлі грамматикалық тұлғасы көрсетілген. 2. <i>Айтыс, қамал, қорған</i> деген зат есімдер есімдерше түрленіп, есімнің сөйлемде атқаратын қызметін атқарады. Олар атау септікте бастауыш, табыс септікте толықтауыш, етістік баяндауыштың алдынан келіп, онымен сөз тіркесін жасайды.

Туынды сөз (күрделі сөз, номинативтік атау)	Сөз тіркесі
1. Күрделі сөзден жасалған туынды сөз қанша сыңардан құралса да, біртұтас лексикалық мағына береді. Күрделі туынды сөздің құрамындағы бір сыңардың мағынасы ескерілмесе, оның жалпы мағынасы ашылмайды. Мысалы, <i>он бір, жүз он бір (неше?).</i>	1. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың бәрі жиналып, күрделі сөздегідей біртұтас лексикалық мағына бермейді, олар бір атау жасамайды, сөз тіркесінің құрамындағы әр сөз сөйлем құраушы жеке мүше, жеке дербес мағыналы

2. Күрделі (номинативтік) атаудың құрамында неше сыңар болса да, ол сөйлемнің бір мүшесі ғана болады.	сөздер.Мысалы, <i>қызыл (қандай?)көйлек(не?), білімді студент.</i> 2. Сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар әрқайсысы жеке – жеке сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады.
---	--

164 - жаттығу. Текстегі туынды сөздерді тауып, олардың атқарып тұрған қызметін, сөз мағынасына әсерін анықтаңыздар. Әр қосымшаны құрамына қарай талдап, көрсетіңіздер.

Абылай тұқымынан қыз ұзатылса, жиһаздары жаңадан жасалады екен. Ал, келін түссе, жақсы мүліктері ордаға тартылады екен. Құрала-құрала ондай мүліктер көбейіп кетіп, «орда» деген, тек қана киіз үй болған шақта, жайлауға көшерде тең-тең ғып, «Сырымбет» тауының «Қойма» аталатын үңгірлерінде тастап, басына күзет қойып кетеді екен. Орда ағаштан жасалғаннан кейін, мүліктер алғашқы жылда берік сарайларда сақталып, келер жылда Айғаным — «жайлаудан қыстауым тиыш», деп ағаш ордадан көшпей қоятынды шығарған екен. Мүліктер жыл сайын көктемде — бір, күзде — бір жайылып кептіріледі екен, сонда нелер ғажап бұйымдарға көргендердің көзі сүрінеді екен (С. М.).

165 - жаттығу. Құрамында туынды есімдіктері бар он мақал – мәтел жазыңыз.

166 - жаттығу. Жауапты жалғастыр

- 1) Туынды сөздер сөзжасам заңдылықтары бойынша сөзжасам бірліктері арқылы өмірде пайда болған жаңа заттар мен құбылыстар...
- 2) Тілде сөзжасамдық тәсілдер түрлі болғандықтан...
- 3) Туынды түбірлердің морфемдік
- 4) Туынды түбірдің мағынасы
- 5) Күрделі сөздер қанша сөзден жасалса да...
- 6) Туынды сөздер сөз таптарына...
- 7) Түркі тілдерінде күрделі сөздің танылуына емле...

167 - жаттығу. Берілген өлеңдерден туынды сөздерді теріп жазыңыз

Аллаңа жағамын десең - азанды бол,

Ағайынға жағамын десең - қазанды бол.

Халқыңа жағамын десең - әділ бол,

Судай таза бол, Жердей берік бол.

Өмірің ұзақ болсын, аймағың суат болсын,

Сөзің халқыңа қуат болсын. (Шабанбай би).

168 - жаттығу. Схема бойынша туынды сөз жасау.

➤ ым ➤ хана ➤ кер

169 - жаттығу. Берілген сөздерден түрлі жұрнақтар арқылы туынды зат мағыналы сөздер жасаңыздар.

Қызыл, тозаңдат, соқ, ес, әділ, сезімтал, жамыл, ора, жаз, іл, қыл, тұр, ас, тұғыр, сарт, мәлім, төңкер, ұры, сан, гүрс.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯ

170 - жаттығу. Төмендегі сөздерден сөзжасамдық ұя құрастырыңыздар. Көк, жаз, қон, қамшы, біл, салқын, қара, жал, көрік, тап, сый, оқы.

171 - жаттығу. Бір түбірден түбірлес сөздер жасаңыз. Үлгі: біл-біл –ім, біл-гіш, біл-дір, біл-гіз, т.б. Мысалдар: ек, еңбек, бала, қонақ, мейман, балта, бап, батыл, баспана.

172 - жаттығу. Екі қатардағы сөздерді құрастырып, ұяның анықтамасын жазыңыз.

Сөзжасамдық ұя деп- өрбіген, туынды жиынтығы	ұя, түбірлес, сөздердің бір түп негіз сөзден, аталады
--	--

173 - жаттығу. Синтетикалық тәсілмен жасалған туынды зат мағыналы сөздерді табыңыздар.

Қара адам жалған айтса, ұятсыздық дейміз. (М.Ә.). Рас, ерекше жалқаулық, бейнетсіздікте күн кешетін жандар да қыр тұрмысында көп кездеседі. (М.Ә.). Қала орнында кедір-бұдырлы қара күйік қалды. (Ғ.М.). Бұған мән берген ешкім болмады. (Д.Д.). Бірақ қалың елдің бүгінгі ажарында әлдеқандай бір оқшау күйді тосқан түйілгендік байқалды. (М.Ә.). Жүрісіне қарағанда шолғыншы лек секілді. (Д.Д.). Бәйкен қарт сақтық, ұстамдылық керектігін көрсетті. (Ғ.М.). Төсекке жатқан сайын аунап, қызып ұйықтай алмай жатқанда, ойын қайғы билемей, көмескі үміт пен қызу билейтін әдет болды. (М.Ә.). Санақта бар, санатта жоқ ел ұрпағының ұрпағына кетер айнымас та, бұлжымас бақыт жолына бастар жалғыз жалау осы. (Ғ.М.). Бұндағы халықтың үнсіздік, момындығын бұдан былай тағы талай Кошкиндер әлі де келтекпен басқа соғып тұрған саудагерге алтын динар ұстатты да, кітапты алды. (Д.Д.). Бөлімше командирлері жүгіре жөнелді, тек қарт жұмысшы қозғалмады. (Ә.Н.). Бір

күні түске таянған мезгілде демалысы жиілеп, кеудесіне сырылдақ пайда болды. (М.Ә).

174 - жаттығу. а) Төмендегі жұрнақтар арқылы туынды түбір жасаңыздр.

-ыл, - ық, - шық, - ыс, - ім, - іш, - мыс, - мек, -сын, -сін, - тама, -кі, - дақ, -гі.

ә) Төмендегі туынды түбірлердің жұрнақтарын ажыратып, мағыналарын ашыңыздар.

Түнба, ілгек, дәрігер, күйдіргі, тұрғын, жолдама, серіктестік, ұшақ, әділдік, саясаттанушы, беткей, түрткі, сағақ, ашытқы, тоңазтқыш, орам, сынақ, болжам, балама, сырмақ, орамал, тыңдарман, қылмыс, түбіртек, анықтама.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҰП

175 - жаттығу. Аналитикалық тәсілмен жасалған туынды зат мағыналы сөздерді теріп жазып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Құдық басында отырған жұрт Бейсенбайдың сөзін естіген соң бұл әңгіме туралы әрқайсысы өз үйлерінде қатын – қалаштан естіген сыбыстарын айтыса бастады. (М.Ә.). Сот ағасы қоңырау қақты,онысын елемеген соң: - Тәртіпке шақырамын! – деді. (Ғ.Мұст.). Ұзақтың ауылынан әкеп қондырамыз дейтұғын таңбалытас қонысына. (І.Ж.). Қанар белбеу тағынып, Қынай белін буынған. (Бұхар). Бары көрпеленіп белуардан келіп, аққала соғатын баяғының қысы әлдеқашан ұмытылған, бүгін қыламытып жауса, ертең былжырап еріп кетеді...(Д.Д.). Уақастың жаңағы туыстарының бірінің не қыз беріп, қыз алысқан құдасы,не біреуінің баласының кіндікшешесі, кіндікағасы, әйтеуір ілігі бар, сайып келгенде жекжат болып шығады. (М.М.). Тәкежан мен Әзімбайдың барлық малшы-көршіге ететін мейірімсіздігін, қаскөй иттігін білетін кедей-кепшік, көрші-қолаң, малшылардың, ауыл қыдырған ағайындардың маңына үйірілуіне қарағанда қолы жазық екені, би-тоқал бола бастағаны байқалады. (М.Ә.).Жерошақ басындағы асшыларға тақап қалған Иіс самаурынға шоқ салып жатқан әйелден: - Жас келін ән салды ма? – деп сұрады.(М.Ә.). Әңгіме барынша жатық, ұғынықты, түпнұсқадан қашық кетпей аударылған. (Р.Т.). Алыстағы қыр елінің жүн, мал, аң терілерін қалаға, қаладан өндіріс бұйымдарын алуға жеткізілетін темір жол, машина жоқ. (Ғ.Мұст.). Үйінің жанындағы қонақ үй ақ отау екен. (М.Ә.). Абайдың көзқарасын ақ қағазға түсірудің өзі ғанибет қызық тағылым. (Р.Т.).

176 - жаттығу. Текстен сөзжасамдық мағынаның аналитикалық және синтетикалық тәсіл арқылы берілуін тауып, түрлерін ажыратыңыздар.

а) Қазақ халқының ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде, ел дәстүрлерінің қазынасында бата сөздердің мән-мағынасы, сымбат-көркі айрықша бағалы. Өйткені, қанымызға сіңісті, жанымызды серпілтетін, марқайтып қанағаттандыратын осынау ақыл, нақыл сөздер — ұлттық тәлім-тәрбиенің бастау бұлағы. Аталардың қасиетті өсиеті замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл елегінен өткізілген өмір тәжірибесінің, тарихи сана-сының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті. Бата нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, атқа мінгенде, ұл үйленгенде, келін түсірілгенде, қыз ұзатқанда, ас қайырғанда, мал сойғанда, мүшел тойларда, ұлыстың ұлы күндерінде беріледі. Қазақ баласы асыл сөздердің теңізінде тербеліп өскен ғой. Оның небір сыңғырлаған сұлу әуенін жөргегінде естіп, есін біле келе көкірегінде, көңілінде түйгені анық. «Ақын-ның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» дегендей, аталар сөзін әбден меңгеріп, сол киелі, қасиетті дәстүрді әрі қарай жалғастырып, сабақтастырып отыру заңды құбылыс болуға тиіс. Сондықтан да, ақындар өз өлең-жырларында бата сөздер шығаруға бейім тұрады.

б) Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе, қылықтымен ауыл бол. (Мақал). Адамдықтың белгісі-иіліп сәлем бергені, Шын достықтың белгісі-көп кешікпей келгені. Ата-ананың ақылы-сайрап жатқан жолмен тең, ақылдының ақылы-сарқылмайтын көлмен тең. (Мақал). Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол. (Мақал). Жақсы адам-елдің ырысы. Жақсы жер-жанның тынысы. (Мақал). Әдептілік, ар-ұят-адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы жат - надандықтың белгісі (Мақал).

177 - жаттығу. Зат мағыналы тұрақты тіркестерді қатыстырып сөйлемдер құрастырыңдар.

Шыбын жан, тас жетім, кірбің қабақ, қатты сөз, жел сөз, қаңқу сөз, көзінің қиығы құла дүз, телегей теңіз, қолаң шаш, қаршадай бала, алма мойын.

178 - жаттығу. М. Мақатаевтің «Үш бақытым» өлеңінен 3 сөзді таңдап алып, сөзжасамдық ұя құрастырыңыз. Өлеңді жаттап алыңыздар.

Ең бірінші бақытым — халқым менің,
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Бақытым бар үшінші — отан деген,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.
Кім мықты? —десе біреу, - отан дер ем,
Ал екінші бақытым — тілім менің,

..Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Ойланбай –ақ кел дағы от ал менен.

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТІЗБЕК

179 - жаттығу. Шық, шап, қон, соқ, жал, жүз, біл, тол – сөздерімен сөзжасамдық тізбек құрастыр.

180 - жаттығу. Сөйлемдерден прономиналданған орынбасар сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер. Әрбір есімдіктің туындылығын дәлелдеңіздер.

Ешқандай пайда жоқ, біздей кәрі әке-шешене қашан көмегің тиеді. (М.Ә.). Қағазы тозыңқырап қалыпты, бірақ ешбір жері өшпеген. (Ә.Н.). Өзімен-өзі әуре болып, бірімен бірі ешбір қаһарлы жауласпайды. (Абай). Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе. (Абай). Ол өзінің осы бір аумалы-төкпелі көңіл-күйін бір кезде кеңістікті ақ жұмыртқадай боп мекендеген киіз үй тағдыры арқылы береді. («Е. Қаз.»). Осы кезде қыр басына шығып алып бүкіл колхоз даласына сол жерден көз тастасаң, өңір қандай көрікті болып көрінеді десеңші. (Д. И.). Өз үйі өзіне соншалық суық жат көрінді ме, әлденеден сескенгендей, жан-жағына жалтақтай қарады. (М.Қ.). Барша халыққа айтарым — қазақ тілі ең алдымен қазаққа керек. («Е,Қаз.»). Сөйтіп ол қай сөздің қандай жағдайда айтылғанына дейін қоса баяндап берді. (Ә.Н.). Бар байлықты алып тегін, Билемекші елді бүгін. (С.М.). Ешнәрсе жоқ кең ғаламның тар құрсағы қуырмас, түбіне түскен жанның ішін пенде суырмас. («Е.Қаз.»). Мен қазақпын. Өз халқымды мақтан тұтамын. Маған оның қым-қуыт тарихы, одан да гөрі бүгінгі күні қымбат. (Ж. М.). Кейбіреулер қомсынады домбыраны, Ондайлар бізді қайтіп оңдырады.

181 - жаттығу. Ешқайсысы, барша, әлдеқайдан, біраз, кімде-кім, бірдеме, кейбіреуі, әлдеқайда, әлдеқалай, қайсыбірі – туынды есімдіктерімен сөйлемдер құрастырып, сөзжасамдық талдау жасаңыз.

182 - жаттығу. Мәтіннен зат мағыналы туынды сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Адыр-адыр елсіз дала. Бозғыл көде, кербетеге, тобылғы беткей, төбешік, обашық, қызыл құмайт, шөптесін шүңейт. Қоңыр тышқан, ала сауысқан, ор қоян, бозторғай – осыдан басқа көзге түсер қара-құра жоқ. Даланың көркі ел екен – ау! Елсіз дала емсіз жарадай көрінеді. Малшы байғұстар не ғып іші пыспай жүреді екен?.. Ай, қу дала! Қу далаларда жалғыз жаяу бір мұңдық. Сар далада сары уайым қамшылап, Ақбілек келеді толарсағы бұлтылдап. (Ж.А.)

Ай әлі туған жоқ. Түн жамылып ұрланып шыққан жалғыз жаяудың жаулығы ағарандап, Қоңыртөбені асып бара жатты. Ол бұл жолы

Қоңыртөбеден сескенген жоқ. Ішін өрт жалаған өкініш, ашу—ыза, амалдың жоқтығына астасып, өз болмысында болмаған бөтен қимылға итермелеген. Ол қара сиыр іші кеуіп өлетін шілікке келіп, бел шешті. Мағрипаны мазалайтын қорқыныш сол төбенің ар жағында, қорықшы келіп қала ма депелеңдеп ары-бері отырды да, шалғысын саптап, пішен шабуға кірісті. Түнгі шыққа жіпсіп жатқан қырықбуын аралас қияқ шалғының жүзі тиер-тиместен сырылдап барып мұрттай ұшады. (О.Б.).

СӨЗЖАСАМДЫҚ ТАРАМ

183 - жаттығу. Текстен сөзжасамдық мағынаның аналитикалық және синтетикалық тәсіл арқылы берілуін тауып, оны талдаңыздар.

а) Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да, дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі:

— Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?— деп сұрады.

Сейіт шекесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

— Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп шыдап жатырмын,— деді (Ы. Алт.).

б) Төле би:

— Балама әйелді өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына қызықпаймын, бидің билігіне қызықпаймын. «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылды болса, балам дана болады. Ердің бақыты — әйел деген. Ел сыйлайтын ерді ақылдылықпен адам етіп тәрбиелейтін — әйел, кең жайылған дастарқанымен ердің атын шығаратын да — әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып кездессе көремін. Ырыс, бақыт та, қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйіңнен жақсы адам кетпейді. Мысалы, берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің елге даңқы кетеді. «Би бол, би болмасаң да, би түсетіндей үй бол» деген. Би түскендей үй болу әйелден. Ол әйелді халық та жақсы көреді, кембағал, қайыршы да жақсы көреді. Жақсы кісіні жұрт жек көре ме? Әйелі жақсы болмай, ер оңбайды. Ердің бақытын кетіретін де әйел, ерге бақыт әперетін де әйел. (Төле би).

184 - жаттығу. Синтетикалық тәсілмен жасалған туынды түбірлерді тауып, оның құрамындағы негіз сөзді, жұрнақты ажыратыңыз, морфемаларға талдау жасап, олардың әрқайсысының туынды лексикалық мағынаға қосқан үлесін дәлелдеңіз.

Тұйық ауыр мінезді адамның аузынан әлі мардымды ештеме шықпаса да, өңіндегі өзгерістер ішіндегі қуанышын сездіріп тұр. Бұлар танысып болғанша, алақандай Қарағанды хабарланып та болды. Маңайдағы колхоздардан көмір алуға келген колхозшылар да, өтіп жатқан аттылар да бұрылып, қонақтардың маңына келді. (Ғ. Мүс.).

Немерелі болғанымызша, жете тұрар...- деп, Наргез қалжыңдай жауап берді. Ол өзіне тең-дес адамдармен айырылыспауды арман ететін. Баласы қысқы үйді болыстың орталығына алып кетпей, осы жұртпен бірге қала салдырғалы жүргеніне шексіз қуанышты еді. Баласымен екеуі оңаша отырғанда, ойнап болса да - "Маған "ит күрке" жасап берсең де, осылардан айырмасаң, болады", - дейтін. Қазір баласына "немере" дегені үйлену жайын ескертіп қалды. (Ғ. Мүс.).

185 - жаттығу. Төмендегі сөздерден сөзжасамдық ұя құрастырыңыздар.

Бас, бақыт, аш, көр, сана, үй, біл, ек, тік, сапар, сыр, бір, сат, кес, би, он, ой, арман, қарқ, қиын, тер.

186 - жаттығу. Даналар сөзін жаттап алыңыз. Туынды сөздерді тауып, сөзжасамдық талдау жасаңыз.

Ғылыми жұмыс өмірдің мазмұны мен мақсатына айналғанда ғана жемісті болмақ (А.Ф. Иоффе). Ғылым өзін-өзі түзете отырып, үздіксіз жылжи береді. (В.Гюго). Білім мен даналық – адам көркі. (Ә.Науаи). Ғылыми жұмыс мен үшін нан секілді. Себебі: онсыз өмір сүре алуым мүмкін емес. (С.П. Боткин).

СӨЗЖАСАМДЫҚ САТЫ

187 - жаттығу. *-ша/ше, -лай/лей, дай/дей, тай/тей, -дайын/ дейін, тайын/ тейін, шама/шеме, шалық/шелік, -майынша/мейінше, -байынша/бейінше, -пайынша/пейінше* сөзжасамдық жұрнағы арқылы жасалған үстеулерді жаз, олардың мағынасын түсіндір, сөзжасамдық типін көрсет. Мысалы: ағылшынша –

188 - жаттығу. Бірге, кешке, зорға текке, ретімен, шынымен, кезекпен, жөнімен, шалқасынан, тосыннан, шетінен, кеңінен, аңдаусызда, қапыда, баяғыда - *үстеулерімен сөз тіркестерін құрастырып, сөзжасамдық талдау жасаңыз.*

189 - жаттығу. Берілген туынды үстеулермен сөйлемдер құрастырып, қай тәсілмен жасалғанын анықтаңыз.

Ендігәрі, осылай, бекерге, жоққа, күні бойы, қолды-қолына, күн ұзаққа, жаздыгүні, қаннен қаперсіз, таңертең.

190 - жаттығу. Мақал – мәтелдерді аяқтаңыз.

- а) Өнерді үйрен де, ...
- ә) Өнерлінің өрісі ...
- б) Өннің естісі бар, ...
- в) Өнерлінің қолы алтын,...
- г) Өнші болсаң, ...
- ғ) Өні бардың, ...

191-жаттығу. Даналар сөзін жаттап алыңыз.

1) Музыканы сүю үшін, ең алдымен оны тыңдай білу керек. (Д. Шестакович). 2) Өнер дегеніміз – адамдармен сырласудың құралы. (М.П. Мусоргский).3) Бармағыңнан бал тамған шебер болғың келсе, бармақтайыңнан машықтан.(А.П.Чехов).4) Жақсы әнді тыңдасаң, ой көзіңмен, өмір сәуле көрсетер судай тұнық .(Абай).5) Өн – халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі. (Жамбыл).

ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМЫ

192 - жаттығу. Тексті көшіріп, ондағы туынды зат есімдерді тауып, тәсілдеріне қарай топтастыр. Негіз сөз бен туынды сөздің мағынасындағы байланысты анықтаңыздар.

Базаралы Ерболды тыңдап отырып, осы жиындар ортасында бірінші рет босағандық көрсетті. Екі-үш тамшы жас та ағызып жіберді. Сөзбен жауап қатқан жоқ, бірақ жаңағы қалпы үй ішіне байқалмай қалған жоқ. Базаралыға арналған Абай жүрегін осы жұрттың бәрінен артық сезіп, білетін Мағаш та, қазір қалтасынан орамалын алып, көзін басып, жылап отырды. Үй ішіне ұзақ орнаған үнсіздікті Көкпай мен Шұбар кезек сөйлеп, әрең бұзғандай болды. Біраздан соң, Базаралы өзі де шешіле түсіп, Абайдың саушылығын сұрастырды.(М. Ә.).Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. (Мақал). Көре тұра айтпасаң, көргенсіз дер; Біле тұра айтпасаң, жетесіз дер (Мақал). Ашу-дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос (Мақал). Ашуың келсе қолың тарт, айтпас жерде тілің тарт (Мақал). Аяғы жаман төрді былғар, ауызы жаман елді былғар (Мақал).

193-жаттығу. Лексика–семантикалық тәсілмен жасалған туынды сөздерді көрсетіңіздер әрқайсысының жасалу жолын ашып талдаңыздар.

Байлықпен медресе, школ салсам, нашарларды оқытып, алғыс алсам. (С.Т.). Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқанды. (М.Ә.). Жүзі бар айдай... Әйгерім Абайдың мол денесіне, иығына асыла, құшақтаған күйде жалындаған жүзін күйеуінің төсіне басты. (М.Ә.). Битке өкпелеп құр тонды отқа салмай, Дүниеде тұра алғанша тұру керек. (С.Т.). Танымайтын жерде тон сыйлы, сөйлейтін жерде сой сыйлы.(Мақал). – Сорлы кәрінің көңіліне о да

болса демеу ғой! – деп үйдегі үлкендер, әсіресе жеңгелер Абайдан шын бірденені дәметкендей. (М.Ә.). Жас-жастың тілеуі бір деген сөз бар, ұзатпай аяқ бердік сөзімізге, Көрпеңе шақт аяқты соза берме, Жұт-жұттың сасқалақтап, астына алар, Аяқты бер, энекей келеді, - деп. (С.Т.). Оны есінен шығармай, дұғасына кіргізіп, тілеуін тілеп отыратын.

Бозбалада ой бұзық, дұл дүниеде қыз қызық.(Ш.Қ.). Қазір мысқылшыл, алғыр ойы оянған Абай шабытты күйде шешен де көреген. (М.Ә.). Аздан соң құздың басына ереуілдеген жаяулар шықты да, ойдағы жиынға қарады. Ұмтылып ойға, қырға оқтай ағып. Бұл жазған мақтау емес, жаным саған. Қарғау да, жарылқау да қасымда деп. Мағаш ояздан келген қағаздың жайсыздығын ескеріп, сол туралы сөйлеп, ақылдасуды қажеттірек көрген еді. Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық. – Менің тағдырымды, басымды емес, жасымды бергей. Атаңның күйі үшін кісінің көз жасына себепкер болды. Әсіресе таза да таңғажайып жас Аналық ананың бота көзіне қандай жарасушы еді. Менде жоқ рақат, қызық, ойын-сауық. Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара. – Сол жақсы өріске беттеп көшкен ел керуеннің көш басшысы бола алсам менің еңбегімде арман жоқ. Семинар сұрақтарын әзірлеу, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, компьютермен жұмыс істеуді үйретпек болған.

194 - жаттығу. Текстегі сөзжасамдық жұрнақтарға жан-жақты талдау жасаңыз (мағынасы, өнімді, өнімсіздігі, құрамы, морфтары, сөз табына, қатысы, сөздегі орны).

Тірі адамның жүректен аяулы, жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап білмейді. Рақымдылық, мейірбанды-лық, әрбір түрлі адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі, асықтық та жүрек ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады, біздің қазақтың "жүректісі" мақтауға сыймайды. (Абай).

195 - жаттығу. Мәтінен аналитикалық тәсілмен жасалған сөзді тауып, оның сыңарларын ажыратып, олардың басқа сөздердің жасалуына қатысын, өнімді-өнімсіздігін көрсетіңіз, ауаспалы және тірек сыңарлары қайсы екенін ажыратып, мағына жасауға сыңарлардың қатысын, бұл тәсілмен жасалған сөздердің мағына ерекшеліктерін көрсетіңіз.

Қарлығаштың әкем дегені Жабай еді. Жабай мен Назыкеш қосылған. Қазір бұл екеуі ерлі-зайыпты жұмыскерлер, дүниедегі бақытты адамдардай тұрады. Бұл екі адамның тағдыры ертеректе бір белгі бергенді. Бірақ дала өмірінің тоңмойын заңы екі жалшының сүйіспеншілігінің быт-шытын шығарған. Енді бұл екеуіне әрбір жас жұбай қызыққандай еді. Бұрын Бұланбай, Алшағырлар барда Жабай олардың жәрдемшісі ретінде жүре беретін. Қазір ол Қарағанды көміршілерінің жолбасшысы

жанашыры, алға ұстары болды. Назыкеш оның бұл тіршілігіне де тізе қоса алатын мінез көрсетіп келеді. (Ғ.Мүсірепов).

СЫН ЕСІМДЕР СӨЗЖАСАМЫ

196 - жаттығу. Берілген жұрнақтарды қосып, сын мағыналы туынды сөздер жасаңыздар, жұрнақтардың ерекшелігін сипаттаңыздар.

- малы, - ыңқыра, - іңкіре, -паз, -и, - лық, - ды, - сыз, - қыш, - қақ, - кек, - ынды, -нды, - гіш, - қой, - ғой, - ғылықты, - ы, - ық, -ақ.

197 - жаттығу. Мәтіннен туынды сын мағыналы сөздерді теріп жазып, сөзжасамдық талдау жасаңыздар.

...Үңіледі ол телміреді, телміреді аймаққа.

Көз буалдыр, көңіл кермек, тіл тістеулі, ой – ботқа.

Бір жолаушы бұрқыратып қара жолдың тозаңын

Ен далада еркін жортып бара жатыр қай жаққа?!

Дала... сары дала, сағым дала,

Далия дамылдаған шағын қара.

Жатырмысың асырып тіршілікті,

О, дала – жомарт Әке, сабырлы Ана?!

Түн.

Айсыз, ашық, ызғарлы,

Ырсияды қорқыныштар киіп алып құздарды.

Сай – жыралар көр сияқты үңірейген, үрейлі,

Қарағайлар найзаларын өңменіңе тірейді.

Жалмауыздың апанындай опырайған үңгір тұр,

Ол осында таңды күтіп, бүгін тағы түнейді,

Ал ертең ше, бүрсігүні, қыста ше...

Батыр болсаң, ал қанеки, уақытты ұстатшы?!

Ұстамайсың, күн де өтеді, қыс жетеді ақтүтек,

Осы үңгірдің тұтқынысың, ей, бейшара, қысқасы...(М.М.).

198 - жаттығу. Сөйлемдерден сын мағыналы сөздерді тауып, жасалған жаңа сөздердің мағыналарын ашыңыздар.

Бұл мектеп ішінде халық қамы, азаматшыл ой дегеннен елес те көрінбейді.(М.Ә.). Тұрлықұл елге зәбірлі, көршілеріне мазасыз, қатты мінезді адам еді. (С.Қ.). Ерке және қызба тілмен сөйлеген, қайсар, тентек, көктемгі өзен секілдімін кейде мен. (М.Ш.). Әкелі бала жау жүрек, әкесіз бала сұм жүрек. (Б.Қ.). Сен еліңе келіп, мынау жатақтардай көп елдің малшы-жалшы нашарларынан өнерлі, қайратты азамат өсіріп шығарсаң... (М.Ә.). Олардың ішінен ептеп қара торы қыз да, қара қыз да шыға бастады. (Ә.Н.). Еркінді жерде ызакор, Томырық келер тарқылдап. (Абай).

Аузында тісі жоқ қартаң болып жүрмесін, Барған кісінің шалбарын үзер тарпаң болып жүрмесін. (Бұхар). Бұдан шығып шөбінің ішіне барса, онда арық жабағылар тұратын жұмсақ шөбінің ішінде толып тұрған сиыр (С.К.). Сүттей аппақ кезең бұл аңғал, бейқам балбұлақтай сыңғырлы. (М.Ш.). Өз басыңның қайғысында жұтыпсың – ау білдірмей, Жытқыр түндер қинады ма кірпігіңді ілдірмей? (М.Ш.). Қатын-балалар ерні кезерген, қолы, аяғы күс-күс. (Ә.Н.).

199 - жаттығу. Берілген сөздерден етістік жасаушы жұрнақтар арқылы туынды етістіктер жасаңыз.

Құрмет, ақ, бос, ат, ақыл, қадір, маза, бір, түн, ес, көк, сурет, есеп, баян, қате, түзу, ат, жақсы, тіс, жаза, тегіс, жөн, көмек, кез, бос, құт, қысқа, із, салқын, іс, тізе, көз, тіл, жас, тең, ұйым, таза, тың, бейне шарт, үтік, өз, үн, ым, серт, гүл, сот, ара, өркен, ем, заң.

САН ЕСІМ СӨЗЖАСАМЫ

200 - жаттығу. Төмендегі мысалдардағы есім сөздерге жалпы сөзжасамдық талдау беріңіздер.

Мұның орны толмас қаза екенін ойлағанда көкірегім қарс айырылып, жүрегім тулап, қан жылайды (Ә.Н.). Біз аралаған әрбір аудан, ауылдарда болған әңгіме барысында көкейге қонымды көптеген құнды пікірлер ортаға салынды ("Е.Каз."). Сол себептен де бөлімшенің жауынгерлері мен командирлері оны жанындай жақсы көрді (Ә.Н.). Почта арқылы жіберіп ештеңе маңдыта алмайтын болған соң, мына бір таныс кісіден саған бір буда қағазды тапсыра салыңыз деп қосып отырмын (Д.И.). Эпостағы "Мекен іздеп, жігіттер, кел, кетелік" деген тармақтан сонау-сонау алыс ғасырлардан талмаусыратып жеткен жаңғырық естіледі ("Е.Кдз."). Кейде баршаға мәлім ақиқатты қайталап жатуға тура келеді ("Ана тілі"). Түсі әрқашан ашу шақырған кісі сияктанып сұрланып, екі көзі қанталап, екіленіп қатты сөйлейтін (М.Ә.). Әлдекім жетелегендей жертабан дап жыбырлап жылжыған Асан жатаған үйге имене енді (М.Қ.). Бірақ жаңбыр келмесе жай қайдан келеді, жай түспесе, мынау үй қалай өртенді? (Ә.Ә.). Бірақ қанша қимаса да, намысы жібермеді, мандайынан сүйгелі төніп келіп, қайта шалқайды да, шыға жөнелді (Ә.Ә.). Тартынбай қан төккенді батыр деген, "Бір өзі жүз кісіге татыр " деген, Зиянсыз момындарды шаруа баққан, "Қолынан түк келмейтін қатын" деген (С.С.). Жиіркеніп көргің келмей өзінді-өзің, қамығып неге осынша құрыды әлің? (Хрест.). Біреулер оқып төре болып жатыр, Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр (М.Ж.).

201 - жаттығу. Туынды түбірлердің мағынасын негіз болған сөздердің мағыналарымен салыстырып, ерекшелігін ашыңыздар.

Сәлемдес, болыс, жетімсіре, тарсылда, дүмпи, көңілден, ағайынсыра, міне, кемі, күшей, ақылдас, ескер, тары, ашық, пысқыр, адамсын, кісімсі, кішірей, сарқыра, огейсі.

202 - жаттығу. Мәтіннен туынды қимыл мағынасын жасаушы жұрнақтарды тауып, оған сипаттама беріңіздер.

Енді ол туралы алғашқы ойлардағыдай кеп ойланып уайымдамайтын болдым (Д.И.). Тыста бір нәрсеге қатты ашула-нып, ақыра сөйлеп, аттан түсіп келе жатқан Құнанбай даусы естілді (М.Ә.). Бетіміз Есімбектің ауыш жағында, көз ұшында бұлдырап керінген адамдардың әйел екенін, еркек екенін ажырата алмаймыз (Б.М.). Екі көзі қанталап, өзі сүп-сүр боп апты (М.Ә.). Байдалы былтырғыдан бері недәуір қартайып қапты, сақал-шашының ағы көбейіп, бурылға жақындаған (М.Ә.). Бай-сал Құнанбаймен араздасып кеткелі, Абай мен Жиреншенің кездескені осы (М.Ә.). Ақырында ол дыбыс арба алыстаған сай-ын әлсіреп барады (Д.И.). Күн әддеқашан шықса да, бұлттың арасында бозамықтанып тұр (О.Б.). Сені іздеумен шарқ ұрдым, қиялдандым, Қиялданып, басқаға жиі алдандым (А.Б.). Шәкен жол бойы жақ ашпастан түнмен қоса түнере келіп, қалаға енді (Ғ.Мұст.).

203 - жаттығу. Мәтіндегі туынды қимыл мағыналы сөздерді тауып, сөзжасамдық талдау жасаңыздар.

Күз басынан бері қызыш шұнақ жел қылшылдап тұр. Қара жер тоң боп қатып қалды. Шық түспеген шөп басы пышырлап күп-құрғақ. Теңіз беті де кептен бері тұманданбай, түтігіп қара-уытады да жатады. Ойда жоққа көк жүзін бұлт торлады. Бірақ жел басылды. Іле-шала көктен қар қыламықтай, жер бетін жеңіл кірбік бас-ты; жыл басынан етек-жеңі кең жүрген шаруа ертеңгісін ояна сала бір түн ішінде бар дүниені аппақ қып басып салған қарды көргенде, қорқып кетті. Отын, шөбін тасып, қора-қопсысын қамдап. қыс жабдығына қауырт кіріспесе болмасын байқады. Осыған ай талпынса да, бірақ қолы бармай желкесінен кежегесі кейін тартып жүргенде күн райы өзгерді. Теңіз беті буланды... Жауыннан кейін екі-үш күн қатарынан шырадай ашық болды. Шөп басы шықтанып, бетеге, жусан бөртіп, бүрлене бастады. Желсіз сары шуақта осының алдындағы ізінен шықпа қар мен жаңбыр суынан кейін шығып езіліп кеткен жер реңі қазір өзгеше. Қазір көктем қайта келгендей бет жағы бусанып жатқан. Сонан бір күні түн ортасы ауа бергенде ышқынып қара дауыл соқты. Есік, терезелер сартылдап, жапқышы ашық қалған пеш көмейі гүрілдей жөнелді. Үскірік жел суырған жусан түбінің топырағы әп-сәтте-ақ

жалаңаштанып ырсиып қалды. Қатты жел сөлін сығып алған сары дала тақтайдай таңқылдап кеуіп қалды (Ә.Н.)

ЕСІМДІК СӨЗЖАСАМЫ

204 - жаттығу. Мәтіндегі есім сөздерді сөзжасамдық мағыналары бойынша топтастырып, көшіріңіздер.

Дала қуаң. Іппет құрап, сидаң тартқан. Кешегі күні жұрттың бәрін есеңгіретіп кеткен ылаң тұсында ел табаны аумамай ұзақ отырып қалған жайлау бұл шақта сары жұрт боп шаңдағы шығып жатыр. Күн шырадай тымық. Кедей ауылдан екі дауыстай әрегіректе сонау Ақшиелі табанында ақ үзікті, ақ ауылдар шаңқияды. Өзгелерден оқшау қонған үш ақ үйдің түндігі тегіс жабық. Есіктері түсірулі. Тыста тірі жан жоқ. Тек шеткі үйдің көлеңкесінде төрт көз қара тобет жатыр. Қызыл тілі салақтап кеткен. Оқта-текте сары сона

мен бөгелек соғады. Бұл да бір бөлек мазасыздық әкеліп тұр. Қара тобет сергек, елең етіп өзіне ызылдап келе жатқан ұнамсыз дыбысқа құлаған тіге қояды... Осы кезде салт атты біреу иек артпада қылт етіп шыға келді. Күннің ыссы жайсыздығына қарамай жүрісі суыт. Шеткі үлкен ақ үйге - Құдайменде болыстың үйіне ат басын туралап, еңкілдеп төніп қалды... Осы ыссыда үстінде шиделі күпі, басында сеңсең тымақ. өзі еңгезердей ірі. Ол аттан түсіп, шылбырдың шетін босағаға іле салды. Сол кезде іштен: "Бұл қай көргенсіз? Кім боды? Білші" - деген дауыс шықты. Жолаушы басақөктеп кіріп келді. Кіріп жерде бетпе-бет қарсы кездесіп қалған қара сұр әйелді иығының басымен бір қағып жіберді де, жылан көзін үй ішіне асығыс тастады. Құдайменде төрде ақ болысқей кереуетте жатыр екен. (Ә.Н.).

205 - жаттығу. Сөйлемдерден прономиналданған орынбасар сөздерді тауып жасалу жолын түсіндіріңіз. Туынды есімдіктерді дәлелдеңіз.

Мен ұллып жүрген уақыттың бәрінде ол радистің қасында отырыпты (Ә.Н.). Қобызды қолына алған қарт ойына анау бір күнгі шоқандай қашқан ақсақ киік түсті (С.М.). Әуежайда өздеріне шашу шашып, ән-күймен қарсы алған құрметті көргенде алыс-тан оралған ағайындар ерекше толқып кетті ("Е.Қаз."). Өз күйрығын өзі үзе қашатын кесірткедей өз ұлтынан өзі безіп, өз ұлтынан өзі жеріп жүрген кесіртке-кейіпкерлердің тірлігіне қарап отырып: "Біздің де ұлт болып ұйып отыратын күніміз бар ма екен?" - деп мүжілесің ("Е.Кдз."). Бірсыпыралары бәйбішенің мінезін, бірсыпыралары берген қонақасын, кейбіреулері: "Кдн-ша бәйбішедей дүниеге адам туар ма екен" деп ауыздарының суы құрысып жүрді (М.Ж.). Байларың мышды айдаған шалқып жатыр, Бар малын болыстыққа сарқып жатыр (М.Ж.). Бұзылар-да ойламас бет көрем деп, Ант ішуді кім ойлар

дерт көрем деп, Бұзылған соң, мен оңай табылмаспын, Не қылып оңайлықпен ырық берем! - деп (Абай). Біреуді қырына алып, кесір тигізін, біреуді алқап қолтығына алып, құр жүрмес үшін астыртын партия сыбырын да жасасып, қазір жау, қазір дос тауып, ма-ңайыш бықсытыш, бүлдіре жүретін (М.Ә.).

206 - жаттығу. Мәтшнен есім мағынасындағы орынбасар сөздерді тауып, созжасамдық мағыналары бойынша тонтастырып жазыңыздар.

Менің өзіме ұнаған кейбір сөздерімді дереу жазып алып, артынан бірнешеуін өзіме әкеп беруші еді (Ә.Н.). Нағыз адам болғың келсе, мал үшін еш уақытта, қанша тарықсанда жазушы болма (Ә.Сал.). Ойлап қараса, өмірдің өзі де жұмбақ екен, тіпті өзінің Нұрланды не үшін сүйгені де жұмбақ (Ә.О.). Бәрін де біздеі сұраңыз, Доуір де мыиа ӨЗІМІЗ, Боріп дс корді КӨЗІМІЗ (М.Әл.). Өз зиялыларына қырғидай тиген өкімспеп меп еш уак.м і такешірім сұрамаймын ("Е.Кдз."). Жолда оларға жаудык бірнеше истребителі тан берді (Ә.Н.). Сондықтан ешкашан анасыш тас тап кетпейтінін, үнемі қасында болатынып айтқысы келсе де, айта алмады (Ә.Сал.). Жер бетіндегі барлық әдемілік пен сұлу-лықты бір жерге жисаң да, дәл осындай таңғажайып көрініске жетпес-ау, сірә! (Ә.Сал.). - Оу, Жасанжан!.. Әй, айналайын-ай, еңц қандай құп-қу (Ә.Нүрп.). - Аға, ертең шабуылға шығамыз ғой, мына сөздеріңізді көк дәптерге көшіріп алыңызшы, - деді (Ә.Н.). Тек сонау Ақшоқының үстіндегі тонағадай танылған.екі ақ үй мен ойдағы қызыл үй ғана көз тартады (Ә.Ә.). - Кәрия-ау, олар кісі өлтірген, қылмысты... - Қой әрі! Қанша кісі елтірсе де, олардың қылмысы тап сенің күнаңнан артық болмас (Ә.Н.).

207 - жаттығу. Мәтіннен туынды есім орышбасар создерді тауып, оларды жасалу тәсілі бойынша топтап жазыңыздар.

Ақылы түтел, ойлы адамнаң бір баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? (Абай). — Сен осы елдің ақсақалы, есті кісісің, сен де осыны айтамысың? (М.Ә.). Жапалақ үшпас жасыл тау, Жақсылардың озі олсе де созі сау (БҒЖ). Оған бәрінен де екі этажды жаңа мектеи катты ұнады, ойға салынса да биік көрініп, өзінше біртебе боп түр (С.М.). Осынаушалықтыңарасында, құдайым-ау,кімжоқдейсің! Осынша адамдар тасқынында үлкен бар, кіші бар, сау бар, дімкәс бар - бәрі бір Жаратушыға жалбарынады ("Е.Каз."). Қоғалы көлдер, қом сулар, Кімдерге қоныс болмаған, Жалп-жалп еткен жапалақ, Жазыда кімге жолдас болмаған, Жазыда мал іздеген қазақтың Басы қайда қалмаған,Мынау жалған дүние Кімдерден кейін қалмаған!!! (БҒЖ). Біз алла тағала "бір" дейміз "Зар" дейміз, ол "бір" демекілік те - ғақылымызға ұғымның бір тия-нағы үшін айтылған сөз (Абай). Күнінде неше бүлік шығарса да, Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді (Абай). Әрқашан

Ғазизаның жүрегі шаншып, жасы тамшылап кетуші еді (М.Ә.). Сыртына шығарып ешкімге айтпаса да, сол әкесіне жаны ашып тілеуін тілеумен өскен (М.Ә.). Мен сорлы балам өлгелі корген қорлы-ғымды айтайыш деп отырмын (М.Ә.).

ҮСТЕУ СӨЗЖАСАМЫ

208 - жаттығу. Мәтіннен негізгі және туынды үстеулерді ажыратып, туын-ды үстеулердің жасалу жолын ашыңыздар.

Төрт-бес күн бұрын ғана қалыңдығы қызыл жіліншектен келетіндей қар жауып еді (К.А.). Солдатова селосының маңындағы ескі қорадан ертеңгісін он екі бұзау өріп шығады екен дегенде бір шеруші тайлы-тұяғы қалмай қопарылып барса, бұзау тұрмақ бүрге де жоқ, туасы көрмеген ақмалының ізін санағанына қарық болып кері қайтыпты ("Парасат"). - Иә, Омекенді айтады, -Жайша ма екен, не сонда? (К.А.). Бірақ бүгін Жәдігер кездеспеді (М.М.). Өзі әуелде ауылдан шыққанымен, оны қазіргі күнде тарс естен шығарып, араға түскен жылдардың салдарынан ендігі шақта қаланың бой бағып, жан күйттеген әдетіне әбден бауыр басып алған Ертағы бейуақта мазалаған телефонға жыны келді (К.А.). Қала мен екі ортаға жазы-қысы жүк тартады (М.М.). Ол менен қандай тапсырма болса да енді өзін жұмсауды тіленді. - Қазірінше сізді жіберерлік тапсырма жоқ, капитан (Б.М.). Бірі айтты: "Кітап менікі, не үшін десең, мен сенен бұрын көрдім" (С.К.). Найзағайша атылады. Жебеше ұшады (М.М.). Бұл сөзді естіген соң балалар ұялып, ендігәрі жарлы адамдарға күлуін қойды (С.К.). Сыртқы түрлері жергілікті тұрғындарға өте ұқсас болғандықтан, әзірше оларды жатырқап жатқан ешкім жоқ. ("Парасат"). Кеше ашуланып маған да келіп айтып еді (М.Ә.). Түнде маған өзінің қай жерде екенін ұмытып, өзінше айғай салды (С.К.). Ондайда Бархан ойда-жоқта тауып алған "туыстарына" тәйт деп жекіп тастайтын (О.Б.). Баяғыдан, жиырма жылдан бері тәжірибесінен бұл біледі (М.Ә.). Құдық қазуын үш азамат Барханның үйіне қонып, ертелі-кеш ыстық шайын айырып жүр (О.Б.). Бала мен бала бата сұрап келгенде, көзінен жас шыға қуанған, маңдайларынан алма-кезек сүйіп, "бағың ашылсын, қос ботам" деген (О.Б.).

209 - жаттығу. Төменде берілген үстеу сездердің туындылыққа қатысын дәлелденіздер. Оларды қатыстырып, сөйлем құраңыздар.

Зорға, күні ілгері, былтыр, сөзбе-сөз, ең, қапыда, астыр-тын, итшілеп, қыстай, етпетінен, түнеугүні, ертеден қара кешке,әзірге, әбден, ерте, Асанәліше, биыл.

210 - **жаттығу.** Төмендегі мысалдардан семантикалық тәсілмен жасалған туынды үстеулерді тауып, олардың сөз жасауға қатысын дәлелдеңіздер.

Арызшы үш момын қазақ баяғыдан пара алғысы келген патша ұлығының елте құраған пішіні осылай болатынын сезді (М.Ә.). Қаршадайынан батырлар жырын жаттап өскен балалар бұл повесті жаттап алды (Ә.Н.). Аңада, өткен май айында ауруханада жатқандығыңыздан кейін көрісіп отырғанымыз осы (Ә.Н.). Бәлкім, бұл олардың мінез-құлығындағы қолдан жасап алған ерекшелігіне, не бап талғағыштығына жатпайтын шығар, қайта күнделікті тұрмыс күйбеңінің ауғанынан бойға байланатын тәртіп бара-бара кірпияздыққа ауысатын болар ("Парасат"). Түнде маған өзінің қай жерде екенін ұмытып, өзінше айғай салды ("Беласқан"). Бірде дәл ауыл іргесіне жеткенде кіреші ұрған ба, әлденеден шошынып, үріккен бе, арбаны ала қашып, арыққа жығылды ("Беласқан"). Жаңағы үйреншікті мезгілдерінен жарты сағат, бәлкім, одан да өксем уақыт ертерек оянғандарына енді боласылары болып, қайта-қайта есінеп-құсынап жылы төсектерін қимай бір қауым бөгелісті ("Парасат"). Жатпай-тұрмай ауылымызды қалаға айналдыруымыз керек (С.О.). Осындайда дәл осы бөктердің ерте күннен қалмай келе жатқан бар пәлесі болушы еді (М.Ә.). — Не көрсем, бірге көргенім рас (М.Ә.). Әуелден сұлу жайы бізге мәлім, Жігітгі жұрт мақтаған қыз жақтаған (Абай).

211 - **жаттығу.** Төмендегі мысалдардан аналитикалық тәсілмен жасалған туынды үстеулерді жасалу жолына қарай кестеге орналастырыңыздар.

Біріккен күрделі үстеулер	Тіркескен күрделі үстеулер	Тұрақты күрделі үстеулер	Қосарланған күрделі үстеулер

Өзектің салқын лебімен ырғала түсіп, оңды-солды толқып жатқан жоғары-төмендегі кек шалғындар (Абай). Есіне алғысы келмей өзімен-өзі алысқан тәрізді (Абай). Бірақ осындай мүмкіндіктер жасала бастағанына қарамастан көп ата-аналар көңілін балалары "ана тілін емін-еркін меңгеріп кете алмайды-ау" деген күдік жайлап алды ("Парасат"). Бұрынғы бір кезде бір шолақ мәстекке жалғыз арбасын сүйреткен (М.Ә.). Екеуара сөйлесіп отырғанда Абрек оның сөзіндегі қателерді түзесе, оған ренжу қайда, рахмет айтып, қалбалақтап қалады (С.О.). Күн арқан бойындай көтерілген екен (М.Ә.). Жалғыз-ақ анда-санда әлдеқайда тау астында жүрген құстарының бірқалыпты қатты дауыспен, жүргіншіні шошытқандай болып, қылғынып айтып қалған сұңқылы естіледі (М.Ә.). Есенбаев Абректі әнеугүні әдепкі көргенде жібектей сызылып, ыстық ықыласпен қарсы алып еді (С.О.). Қас қылғандай қойды күйекке түсірер

шақта қар аралас жаңбыр жауып, оңтүстік өңірінде бұрынды-соңды бола бермейтін лайсаң күз еді (О.Б.). Оның маскүнемдігі, өсекшілдігі, бір жұмыстан екінші жұмысқа тезбе-тез ауыса беретін желаяқ мінезі мысалға келтіріліпті (С.О.) Күндіз көріскенде оның төресі приставка өз тілмашын өзі мініп жүрген атын ұсынғандай ұсынып, соны шақыртып алыңыз деп маслихат берген (М.Ә.). Таңертеңнен осыны еске алған сайын приставтың жүзі жарқырап, сүйсінген күлкіге айналып кетуші еді (М.Ә.). Селоның орта шені қазір көзден таса, жазғытұрым ғана аз жүретін шағын жылғалы көлденең сайды ерлеп кетеді ("Беласқан"). Бір кезде суырылған бәйге болғаны, Көксерке атанғаны ұмытылды, қойшының Құжауырыны деген атты біржола иеленді (Беласқан). Әлгі біздің боқмұрын ғой, ертеден қара кешке дейін арпалысып алысқаннан басқа түк білмейді (Беласқан).

ЕТІСТІКТЕР СӨЗЖАСАМЫ

212 - жаттығу. Үзіндідегі синтетикалық тәсілмен жасалған етістіктерді тауып, олардың қай сөз табынан жасалғанын, жалғаудан кейінгі мағынасын айтыңыз.

Күштілерім сөз айтса,	Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.	Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,	Жай жүргенде бір күнде
Шала ұғамын қырындап.	Ат шабар келді лекілдеп.
Сияз бар десе жүрегім	"Ояз шықты, сияз бар?"
Орнықпайды, суылдап.	Ылау деп, "Үй" деп дікілдеп. (Абай).

213 - жаттығу. Келтірілген мысалдардан түрлі жұрнақтар арқылы зат мағыналы сөздердің сөзжасамдық тізбегін жасаңыздар.

Көр, су, бас, біл, жол, ек, сөк, жұмыс, айт, жаз, ас. мүмкін, он, жүз, ілгері, биік, кең.

214 - жаттығу. Мысалдардан аналитикалық тәсілмен туынды сын мағыналы сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Ол тек Еламан үйінің алдында қаңтарулы тұрған күміс ер-тұманды бәйге күреңге жалт етіп, тістене қарады (Ә.Нұрп.). Құнанбай жас Абайға ақылшы, терең ойлы ұстаз бола білген кесек тұлға. (Р.Т.). Өңештеген өркөкірек орыс ғұламасының бетін бір қайтарса, Абай қайтарар деп өзіңе бек зор қолқа салғалы отырмыз (Р.Т.). Елорда – елдің бірінші қақпасы, ол барша қазақстандықтардың мәдени-рухани және эконикалық басқару орталағы.(Еге.Қ.). Салдаттың ауыр салмақты керзі етігімен еденді тарс-тұрс басып, есіктен кірдім. (Ә.Н.). Қаныштың көп үміт күтерлік маман екенін сөз етті. (Ғ.Б.). Әттең! Біздің сор маңдайлы Жайықта, Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа. (М.Ш.). «Ал енді не айтасың» дегендей жазық

маңдай, қыр мұрын, ақ құба, аққу мойын, аршын төс, қара торы, қиғаш қас, ақ сары қыздар әлі маған жаудырап қарап отыр екен. (Ә.Н.). Қалың киімді біреу жерқазбаның аласа есігіне симай, зорға кіріп келе жатты. (Ә.Нүрп.). Ғылыми -практикалық конференцияның тағылымы мол болды. (Еге..Қ.). Қыздардың жауырындары қақпақтай, етжеңді, бойшандары да, иықтары қушиған, бірақ бойлары сымдай тіп-тік, нәзік денелі, талшыбықтай майысқан талдырмаштары да бар екен. (Ә.Н.). Қылтиған көктің, бүрлеген ағаш-талдардың жұпар иісі аңқыған көктемнің жанға жайлы кештерінің бірі болатын. (Ә.Сал.).

215 - жаттығу. Төмендегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтарды тауып, олардың қай сөз табының жұрнағы екенін ажыратып, омоним морфемаларға талдау жасаңыздар.

Қадірлі ұстаздар, шәкіртке білім мен тәлім-тәрбие берудің тірегі - ана тілі. Қолдарыңыздағы ұлы қарудың алмастай жарқырап қызмет етуі алдымен өздеріңізге байланысты. Ана тілін қадірлеп-қастерлеудің үлгісін көрсетіп, оны ізгіліктің отын маздатып, тәрбие мен білімнің құралына айналдыруды парыз санаңыз... Ендігі жерде тілімізді дүниежүзілік мәдениет пен ғылымның жетістіктерін еркін баурап әкететін сенімді құралға айналдыру қажет. Түрлі пәндерден оқулықтар жазуға, өзге тілдерде жасалған қымбат қазынаны ана тілінде сөйлетуге ат салысуды барша ұстаз қауымы өздеріне қасиетті борыш санаулары тиіс. ("КӨ").

216 - жаттығу. Аналитикалық тәсілмен жасалған туынды етістіктердің тірек сыңарлы, ауыспалы сыңарлы, құрандысын бөліп жаз.

Азып-тозу, алдап-сулау, асып-тасу, бағып-қағу, болып-толу, буып-түю, елеп-жебеу, жамап-жасқау, жылап-еңіреу, керіп-созу, апару, кесіп-пішу, әкету, көшіп-қону, әкелу, күйіп-жану, әперу, күліп-ойнау, қағып-сілку, бүйту, қырып-жою, қайту, ойнап-күлу, өйту, өліп-тірілу, өсту, өсіп-өну, сөйту, пісіп-қату, түрегелу, сылап-сипау, үйіп-төгу, ұрып-соғу, ішіп-жеу.

217 - жаттығу. Сөйлемдерден күрделі, аналитикалық форматты етістіктерді тауып, олардың сөзжасамның қандай тәсілімен жасалғанын түсіндір.

Ұзын бойлы, аршын төсті ақсұр жігіт шекпенінің бір жеңін беліне қыстырып, жерден шөп жұлып алып, алақанына үйкеп жіберді де, ақпандағы бураша шабынып шыға келді. Кеспектей дембел қара жігіт талтаңдай басып қарсы барды. Есік пен төрдей келгенде, аңға шабатын жолбарыстай екеуі де арбасты. (Ж.Аймауытов).

2. Ботаның даусын ести сала, Ұлпан далаға жүгіре шықты. Әулі күліп жіберді. Жаңағы екі бала екі жерде бақырып жылап, аунап жатыр екен.

Одан кейін өзінің көзінен жасы шығып кетті. Ботаның көзінен жас шығып, басын шайқай берді, баладай қыңқылдап тұр екен. Өрістен тайраңдай жүгіріп енесі келе жатыр. (Ғ.Мүсірепов).

3. Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған жүректе тулай алмай,
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай.
Сені серге жан таба алмай
Сенделеді ит жүрек.
Тіршілікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек? (Абай).

218 - жаттығу. Берілген туынды етістіктермен сөйлемдер құрастырып, мағынасын ашыңыз.

Бет алу, дем алу, рұқсат алу, тіл алу, қарсы алу, қол алу, ет алу, көңіл аудару, табан аудару, көңіл ашу, жол ашу, көз ашу, ми ашу, ауыз ашу, алға басу, ашу басу, аяқ басу, бауыр басу, өкше басу, көмек беру, ант беру, ақыл беру, қол беру, дауыс беру, ант ету, арман ету, әсер ету, еңбек ету, ермек ету, қол жету, ақыл жету, көз жету, азап көру, күн көру, қызық көру, пайда көру, жарық көру, ат қою, басқою, сұрақ қою, құлақ қою, көңіл қою, қол қою, ән салу, көз салу, күш салу, айқай салу, құлақ салу, азап тарту, езу тарту, көз тарту, ауыз тию, кесірі тию, көз тию, қол тию, пайдасы тию, тіл тию, құда түсу, қолға түсу, көзге түсу, жерге түсу.

219 - жаттығу. Сөйлемдерден күрделі, аналитикалық форматты етістіктерді тауып, олардың сөзжасамның қандай тәсілімен жасалғанын түсіндір.

Жақып әкесінің үйінен шығып, ауылдан бие байлам жердегі хан сарайына қарай жай аяңдап, тіпті ыңылдап өлеңдетіп кетіп бара жатты. Арап пен Күнбөпеге тіктіріп берген төрт қанат ақ отау жолда тұр. Жанынан өте беріп еді, Араптың тау жаңғырығындай саңқылдағаны, Күнбөпенің күмістей сыңғырлаған күлкісі естілді. Тұра қалып тыңдағанды лайықсыз көрді. Жақып, аяғын ілбіп басып, үй сыртынан өте берді. Арманына жаңа жетіп, құмартып қосылған екі жас сұңқылдасып, сұхбаттасып отыр. (З.А.). Қар екі жауса да, үй іргесін шыммен көмдіріп алып, тағы да ықтырмасын құрғызып қойып, күндіз-түні демей, кедей ауылдың пішені мен қорығын алмастан жеді де отырды. Жылатсам да, талап жесем де, үн шығарма, тұяқ серіппе дейсің бе? (М.Ә.). Бекен бәрін жап-жақсы түсінгенімен, кемпірқосақтың неден пайда болатынын түсінбей-ақ қой-ды.(Ө.Д.) Жаны ашыды, жек көрді, айтылып

жүрді, тізені батырып отыр, баяндап отыр, шығып кетті, көз салып келе жатыр еді, күліп қойды. Жаны қатты ашып кетті, сылқ құлап кеткен еді, сөйлеп кетті, сезіп келіп еді, танып тұр, жадырай бастап еді, мәз бола түсті.

СТИЛИСТИКА ФОНЕТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКА

220 – жаттығу. Берілген мәтіннен фонетикалық анафора мен эпитифораның қайталануындағы стильдік әрлігіне талдау жасаңыздар.

Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенін лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда сөзің сияды. Тентектік ылғи тобықтыдан шығады дерсің. Бірақ сол матай мен қалған найман неге жауласады? Бүгінгі найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын аңдамаған албырт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса, тобықтының тентегі иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз–ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ (М.Ә).

Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы.
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп- тегіс жұмыр келсін айналасы.

Ынсап- ұят, ар – намыс, сабыр, талап.
Бұлардың керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді
Өтірік пен өсекті жүндей сабап (А.Қ).

221 – жаттығу. Берілген мәтіннен дыбыс үндестігінің (ассонанс, аллитерация, аралас үндестік) қандай мақсатта жұмсалатынын талдаңыздар.

Адам бар ма мәңгілікке өлмеген
Азап бар ма ауыр жолға көлбеген .
Ашу бар ма адам ұлы жеңбеген,
Ақыл бар ма шам-шырағы сөнбеген.
«Қиналмай қалай өткенмін?!
Қалай да қалай кеткенмін?!
Қырыққа қалай жеткенмін?! (М.М).

Би (жалғыз). Жалғасу кетпеді ме?.. Тәңірдің әлде болса олқысы бар дегені ме ? Енді қандай сыбаға тартар екен. Найманды даңды судай тасқызып, бұрқ – сарқ еткізіп, мұнда әкеле жатқан Кеңгірбайдың соры ма? Әлде алалы жылқы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе, ашынып келеді. Білемін, матайдың талайдан тобықтыда жүрген есесі бар. О да найманды шүйелемей қоймас. (ойланып). Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша деп бас ием бе? (Ойланып). Бірақ найман кегі оңай емес. (Басын шайқап тоқтайды) (М.Ә).

ЛЕКСИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКА

222 – жаттығу. Берілген сөз тіркестерін түрлеріне жай ажыратып, оларды қандай мағыналарда жұмсалып тұрғанын сөйлеммен анықтаңыздар.

1. қонақ болса, бидай налог, көңілді саяхат, жұмысшы тап, көш соқпақ, лап беру, жан қалта, қалам ұшы, қол шоқпар, бұлбұл құс;
2. алмас қылыш, жер қылу, тапшылық, жақсы лебіз, сиыр мүйіз, қол жаю, жаз кезі, әке дәулеті, қалмақ жылқышы;
3. жақсы сөз, аяқ машина, ел ағасы, мық жусан, сазан балық, қол соғу, ана мейірім, соғым кез, аға сұлтан;
4. көңіл бөлу, жылқы мұра, теке сақал, қазақы тұқым, қызба жігіт, топ адам, тұңғыш сәби, құмай тазы, уыз жас ;
5. қаракөл елтірі, жылан із, күміс шашу, тау бүркіт, көңіл білдіру, көш соқпақ, игілік жел, ес жию, қыл арқан, ел кезу;
6. көз моншақ, ем қону, еңбекші ел, дем салу, жөн адам, бой жазу, қой тұяқ, бет түзеу, қант сауыт, асқар бел.

223 – жаттығу. Мәтіндегі сөздерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай ажыратыңыз (кітаби сөздер, бейтарап сөздер, әрлі, сезімге, эмоционалды – экспрессивтік бояуы бар қаныққан сөздер).

Сырым. Сырым – теріс біткен бір бұтақ. Қалай өсіп, қалай басып бара жатқанымды мен өзім де білмеймін. Алдымда менің не күтіп тұр! Қайда – қайда тартып бара жатқан тағдырым бар ? Бұл сәтте оны да білген, аңдағанмен емеспін. Сол Сырым сенің еліңе келгенде , қайта туам деп келген жоқ. Жат елдің адамы болғанда, Қарагөзді жолға салып, жөнін түзеймін деп, мен балуан шығатын орын жоқ. Бұл сөзді өздерің ақылдас. Қарагөз. Мені тұншықтырып, барады мынау ауыл (М.Ә).

224 – жаттығу. Берілген мәтіннен мағына ауысудың түрлерін анықтаңыздар.

Дариға, дәурен өтті, күнім бітті,
Оқ тиді; ұшырадық – қарғыс жетті,
Бұл күнде сор қамаған қаралы боп,
Көңілді қайғы басып зар еңіретті;
Лашын ем құйқылжыған, дерт күйзелтті,
Айрылдым асық жардан күн сәулетті.
Семген гүл, өлген бұлбұл қайғысынан
Қайрылып қос қанатым, ажар кеті (М.Ә).

225 – жаттығу. Берілген мәтіннен синонимдермен контекстік синонимдерді ажыратып, олардың қолданыстарына талдау жасаңыздар.

Осы ауылдарын көшіріп, жөнелтіп болған соң, Құнанбай, дәл бүгіндей, Шыңғыс өңіріндегі әбігер мен қарбаласты тез пайдаланбақ болды. Бағана, таңертеңнен бері үсті- үстіне келіп жатқан аттылар қазір түс кезінде, қалың

нөпір, үлкен қол болды. Тегіс сойыл, найза, айбалта, шоқпар ұстаған, шабуыл мен слғысқа әзірленген қол (М. Ә).

Үйлерінің көбі саманнан салынып, шатырлы қамыспен жабылған бұл үлкен поселкенің әр тұсында сарайып тұрған қарағай үйлердің біреуі Семен Сычнойдікі екен: Қожахмет қақпасын қаққанда, ар жағынан бойының биіктігіне орталау адамның созған қолы әрең жететін, екі иығына екі кісі мінгендей кең, жуан денелі, қаба сары сақалды, жирен өңді орыс шыға келді (С.М).

226 - жаттығу. Берілген мәтіннен синоним, антоним, омонимдерді тауып, қандай мақсатта қолданылғанын түсіндіріңіздер.

Қыр! Жой!- деп барынша шошытып, зәрін шашып келеді.Енді, бөгет атаулы жапырылып болған соң барлық қолдары жан –жақтан қыстаға қарай лап берді. Жер – дүние азан –қазан. У да- шу. Айғаймен, тасыр – тұсыр әлекке толды. Нағыз шабыншылықтың жат сарыны басты. Бөжей тобы әлі күнге қыстау алдында еді. Барлық бұл арадағы жиын сойыл, шоқпарын көтеріп, арқа жүнін үрпитіп, ер тағыдай тапжылмай тұрған –ды (М.Ә).

Адасқанның алды –жөн, арты- соқпақ,
Оларға жқн, арамның сөзін ұқпақ.
Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат.
Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша (А.Қ.).

230 – жаттығу. Берілген мәтіннен антонимдер мен контекстік антонимдерді ажыратып, олардың қолданылу мақсатын түсіндіріңіздер.

Кішкентайды әркім жасырады, үлкенді жасыра білу керек. Үлкейіп барып, сыпайы көрінгенше, кішірейіп барып, шынайы көрінгің келеді. Ыстық – суыққа, қуаныш қайғыға, ақылға ортақтаса білгенді айт (Ғ. М.).

231 - жаттығу. Берілген өлең жолдардан омонимдерді, оның түрлерін бір –бірінен ажыратып, стильдік қолданыстарына талдау жасаңыздар.

Жаманатын жат елге,
Жайды ойламай жайды ма? (Б.М)

Қапалы мөлдіреген көзде жасы
Көз салып елді байқар, сорлы басы.
Көзіне болар –болмас көрінеді,
Бүгжеңдеп ел аңдыған ауыл жасы (С.Т).

Диплом алып жұрттан бұрын
Елге қайтты Сырттан біздің.

Аты да Сырттан, емтиханы да сырттан
Айырмашылығы сол жұрттан (А.Т).

Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас деменіз (Бұхар).

232 - жаттығу. Берілген мәтіндерден әрлі, сезімге қаныққан (экспрессивті, эмоционалды сөздер) сөздердің мағыналық айырмашылықтарын түсіндіріп, стильдік аясын анықтаңыздар.

Сол күні күн батар кезде, әдеттегі қалпымен қаланың малдары, шошқалары өрістен қайтты. Қаланың орта шеніндегі қызыл төбелі үйдің тұсынан өткенде, қой, ешкі, сиырлар бір нәрседен одырайысып: үріккендей боп па, жиренгендей боп па бұрылысып кетіп жатты, өйткені сол үйдің алдында жер сүзе құлап «молда» мен «мүрият» жатыр еді. Мал сияқты оскырып қашпай, шошқалар Зәкіржан молданы жағалап, әлденеге – тұмсықтарымен түрткілесіп кетіп жатты. Тамақтан торыққан қызыл төбет сұғанақтық істеп, молданың құсығын жалаймын деп сүйреңдеген қызыл тілін абайсызда молданың аузына да тигізіп алды (Б.М).

233 - жаттығу. Берілген фразеологизмдерді экспрессивті стильдік қызметіне қарай топтап көрсетіңіздер.

- сауда сақал сипағанша, қолтығына су бүрку, жолдан таю, құрдымға бату, атқан таңдай, ар тұтты,;
- үдеден шығу, құлағын сасыту, ит қорлық, көк ми, сары уыз, қызыл қарын, ақ жолтай болды;
- қыл қалам, жасыл алаң, көгілдір ат, ит терісін басына қаптады, ақыр заман, ант берді;
- құйрығын ұстатпай кету, шүйкебас, көк айыл, тайып тұру; жыланы қайту, алақанына түкірді;
- ит көйлек, айылын жимау, көсеумен қамшылау, табанын жалтырату, соқыр тиын, ала қозыдай бөлінді;
- жер –көкке сыйғызбау, жүрегінің түгі бар, сөзінде тұру, жүрек жұтқан, аузын ашса, жүрегі көрінеді, ақы тіледі.

234 - жаттығу. Берілген тұрақты сөзтіркестерін сөйлем ішінде келтіріп, сөйлем қандай мағыналық бояуларға ие болғанын түсіндіріңіздер.

- ✓ Бәйек болды, безек қақты, бел бала белшесінен батты, берекесі кетті;
- ✓ Бет ашар, бой тартты, бой ұсынды, бұғалақ салды, бүйірі шықты,;
- ✓ Ащы ішектей созылды, аяғына оралды, әукесі түсіп жүр, бас айналды, бас болды;
- ✓ Бір бет, дақ салды, демін алды, дедек қақты, додаға түсті;

- ✓ Дымын шығармады, дірдек қақты, жағы қарысты, көз тікті, құлақ қойды, көз салды;
- ✓ Есе қайтарды, ес болды, әңгір таяқ ойнатты, аузын аңқитты, делебесін қоздырды.

235 - жаттығу. Берілген тұрақты тіркестер мен синонимдес келетіндерін тауып, олардың мағыналық қарым – қатынасын, стильдік реңін түсіндіріңіздер.

- Аққудың мамығындай, көксау қойдың өкпесіндей, сыңар мүйіз бұғыдай, қотыр тайлақтай;
- Құтырған сиырдың көзіндей, шала үйіткен бастай, бүккен ботқадай, беті шикандай;
- Атан түйедей, мөлдір судай, шебердің кестесіндей, сең соққан балықтай;
- Арыстанның жалындай, шелектей күбі, асқар таудай, ақөудың көгілдіріндей;
- Иненің жасуындай, тал шыбықтай, алмас қылыштай, ақ сазандай,;
- Бұралқы иттей, бұлдыр сағымдай, көрген түстей, түнерген бұлттай.

236 - жаттығу. Берілген тұрақты тіркестермен антонимдес тіркестерді тауып, олардың стильдік айырмашылығын түсіндіріңіздер.

- ❖ Бағы ашылды, ақ ниет, басын күн шалды, бүйрегі бітеу, бүйені майлы;
- ❖ Ие түсті, зәрі қайтты, жыр болды, жұлыны үзілді, жөн айтты,;
- ❖ Иық көтерді, жолы оң болды, жіби салды, желдей есті, көңілі ауды;
- ❖ Жел аяқ, көңілі жайланды, қара қарын, қызыл сирақ, қылдай бөлді;
- ❖ Желегі желкілдеді, қара көрсетті, самаладай жарық, тобыршыңы түсті;
- ❖ Жел бітті, қара құрым, сал – сал болды, жері кеңейді, тобын жазбады.

237 - жаттығу. Берілген мәтіндерден фразеологизмдерді мақал – мәтелдерді тауып, олардың жалпыхалықтық және авторлық өңдеуге түскен түрлері мен өзгерістерін түсіндіріңіздер.

Жаманың көңілі көкте, басы жерде,
Алыс қой аңғарғанға екі арасы...
Жақсының өзі, ойы биік,
Бірдей ме екеуінің мәртебесі (Ж.Ж).

Біреулер қара сөзді қамшы қылып,
Қуды мініп, құланды құрықтап жүр (Ж.Ж).

Ойлы адамға қызық жоқ, бұл жалғанда.
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы секілді тез суалар (А.Қ).

Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішінде қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап (А.Қ).

Қилы – қилы заманды,
Заманға сай адамды.
Салыстырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай,
Шыр көбелек айналам (Д.Б).

МОРФОЛОГИЯ СТИЛИСТИКА

238 - жаттығу. Берілген мәтіндерден омонимдес қосымшаларды тауып, олардың мағыналық реңктерін сөз табына байланыстыра талдау жасаңыздар.

- Күйеуім Қасымбек - әскери адам, аға лейтенант. Ал, әскер дегеннің заңы өзіне басқа болады екен, күн демейді, түн демейді, кез келген уақытта жөнеле береді. Әрине, енді, жай уақытта мен бұрынырақ оянушы едім, бірақ соңғы кезде Қасымбек менен бұрын тұратын әдет тауып алды. Мен оянып кетіп, түрегелейін десем де: «Жоқ, сен жата тұрс, саған қазір күтіну керек», - деп, тұрғызбайды (Т.А.).

Машине жемісінің пісуі осыдан ұзақ бап па? Әйтпесе, жақсылық, тіпті, жақын көрінеді маған. «Ақыл ойдан артық емес», көре келе осы отырғанның бәрі машиненің құлағында ойнайды (Ғ. М).

Таққа таластың ар жағында аран жатыр. Аран ашылады. Қазақтың: «кедей бай болсам дейді, бай Құдай болсам дейді.» дегені содан қалған. Араны ашылған патша әлемді алсам дейді. Әлемді Құдайдан басқа ешкім ала алмайды. Содан барып соғыс шығады. Ал соғыс дегеніміз қып-қызыл қан, қаптаған түпсіз-түмен қасірет. Патшалар жауласады, халық қырылады (Ш.М).

239 - жаттығу. Берілген мәтіндерден сын есімдердің қандай стильдік мақсаттарда қолданылғанын түсіндіріңіздер.

Балалар бұрын осы маңда ертелі –кеш жайылымды жүретін арық, арқасы жалақ кер ат пен сұр дөненді танитын. Ал мына жалы төгілген, жоны тақтайдай, ұзын құйрық көк атты көрмеген – ді. Өзі семіз, өзі жарау атқа балалар таңдана қызыға қарады.

-Шіркін, мына көк аттың ана құйрық – жалының ақ қылынан шиге тұзақ құрса, іші де құр да көрмес еді. Өттең, ұстатпайды – ау, - деп көзі шегірейсе бұзық Жақия қасындағы Дүйсен мен Мұқаметқалиды сүттей ұйытты.

-Онда ана жартасқа қамалап ұстайық, - дейді сойдақ тіс Дүйсен (С.Б).

240 - жаттығу. Берілген мәтіндерден етістіктердің қай формада жасалып тұрғандығын түсіндіріңдер.

Алдыңғы арбадан аңырап Жаңыл түсті: - Сорладық қой, Зерен- ау, айырылды қой! – Екеуміз ен даланы күңіrentтік. Бірін сүйеп, біріне сүйенген көзі жасты келіншектер жөн сұрасып, бір кезде жаяу әңгімеге көштік.

... Ат жетектеген Әтиімді анадайдан байқадым. – Жә, иен далада пыс- пыс етпей!- деп, иіліп сәлем жасағандарға жеки келді. Жылағанымды жақтырмағанын содан- ақ білдім. – Аспан жыласа, жер көгереді; адам жыласа, не көгереді? Осы кеткеннің бәрі сендерге ғана қымбат еді жаманнан қатты. Жылаған да жақсы көрген болып па?! Танитыны да, танымайтыны да тым- тырс болды. Айылын қатайтып беріп, мен мінгенше атымның басын Әтиім өзі ұстап тұрды.

Астындағы аты ақ сорпа Әтиім жетті. Мұртына сүңгі мұз тұрып, ат- матымен ақ қырау, жүрісі суыт. Алдынан шығып атын байлады. Көз алды қып- қызыл, қанталаған ба, жоқ жылағаннан ба, қайтып қарай алмайды. Әйтеуір, Әтиімнің жайдан- жай жылай қоймайтынын жақсы білем, шала ұйықтағаннаа шығар деп жорыдым. Іле үйге кірсем, Бекжанды бетінен иіскеген қалпы Әтиім ойлана қалыпты.

Келіп қалған көздің жасын зорлап тиям. Қай жәбірге бола жылағым келгенін бір құдай білсін. Ат үстінен көзім түссе, қырат, жота қозғалақтап, бұлдыр- бұлдыр бұландайтын сияқты.

... Қақап қыс, құбылып көктем өтті. Жақсы хабар да жоқ, жат хабар да жоқ. Жылай- жылай жас таусылды ма, күте- күте көндіктік пе, бұрынғыдай басты тауға да ұрып, тасқа да ұрып күңіренбейміз, іштен тынып ыңырануды үйрендік. Жұрттың көбі жарым көңіл, бірақ бұрынғы жылау да қалып барады. Көз жасын кейінге сақтаған сияқтымыз (Б.Н).

241 - жаттығу. Берілген үзіндіден сын есімдердің қандай стильдік мақсаттарда қоданылғандығын түсіндіріңіздер.

Бұл – орта бойлы, кең жауырын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған. Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген қоныш көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттық пен тәкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері, аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

Бұл баяғы ешкінің асығындай кішкентай Есіркеген емес. Булығып өскен денесі сүп-сұңғақ. Бозғылт беті сәл сопақтанып, ет женділеу мұрны шеміршектеніп, қырланып, жоғарғы ернінің үстінде азырақ ұлпа жүнді мұрт та көріне бастапты. Қалада оқып жүрсе де ауыл жігіттеріндей – жағасы көгілдір

барқытпен көмкерілген, ақ ботаның түбітінен өрмектей тоқылған қысқа етектегі шапан, шалбары осындай ақ бота түбітінің өрмегінен. Кең балағына екі елідей, бөркінің тысы мен шапанының жағасы тәрізді, көгілдір барқыт ұстаған. Белінде патсайыдан ызған шашақты белбеу, қисық жаға қара атлас көйлегінің азғантай ғана өңірі көрінеді. Аяғында шоңқайма қара былғары етік (І. Е.).

242 - жаттығу. Қарамен белгіленген омонимдес зат есімдердің қай тұлғада жасалғандығын анықтаңдар.

- Нұржан да өстуші еді, қарағымның қылығы- аумаған әкесі. Ойын мен тамақтан өзгеде ойы жоқ. Бекжанның ойынын көріп, ата- енем осылай дейді. Дейді де дүние ойды кешіп кетеді. Екеуіне Бекжан күлсе де- ой, жыласа да – ой. Ой, уайым- оларға бір өмір серік. Ұйқылары ылғи шала, ұзақ түн күбірлесіп дөңбекшиді де жатады. Мен де ойлаймын. Өзгеше, өзімше ойлаймын. Кешегі бақытымды бүгінгі бақытсыздығымды- бәрін ойлаймын. Айттырып, алмай кеткен Нұржан қалыңдығының көз жасы – баршасы мені тауып, біреудің жалғыз ұлы менің кұма бола күйіп кетті ме деп те қобалжымын. Өлдіге жүз ұйғарсам, тіріге мың ұйғарам. Таңым оймен атады, күнім оймен батады. Дүниені ой тіреп тұрған уақыт. Ел ойлайды, бір біз емес, ел тілейді. Соғыс ит бітсе екен дейді (Б. Н.).

243 - жаттығу. Берілген үзінділерден сын есімдердің қандай стильдік мақсатта қолданылғанын түсіндіріңіздер.

Біздің араның аспанына бұлт үйірілудің қызық бір бейнесі бар: күндіз айнадай жырқараған ап-ашық аспанға, ойда жоқта, үлкендігі тоқымдай ғана әппақ бұлт пайда болатын да, біртіндеп қоңырлана бастаған ол, үрген қуықтай кеңі беретін; сол бір шақта, сол бұлттың ұранына үн қосқандай, көкжиектің әр тұсына қылтия қалған кішкене көлемді ақша бұлттардың бәрі, әлгі қоңыр бұлтқа беттей көшіп, лезде бәрі тұтасатын да, аспанды тұтасымен бүркейтін де кететін; кейде оның арты не сұрапыл дауылға, не нөсер жауынға айналып, кейбір шақта, суық түспен екпіндей көшіп қана, әлдеқайда ауып кетіп тиыш болатын... (С.М.).

244 - жаттығу. Берілген үзінділердегі тәуелдік жалғауларының стильдік қызметіне талдау жасаңыздар.

Шыдадым кимек тұрсын өлсем-дағы,
Жанымды қырық буынға бөлсем-дағы.
Аһ дүние, іш жанды ғой, іш жанды ғой...
Амалсыз айтқанына көнсем-дағы.
Әрине, сөз сенікі келмей кетсең,
Келер болсаң, иттей қып басқа тепсем,
Ішкізіп итаяқтан сары суды
Дүниеде арманым жоқ соған жетсем (С.Т.).

-Қоршаудан шығысымен Наташа зырқырап жүгіре жөнелді –екі етегі торғайдың қанатындай жалпылдап ұшып барады байғұс бала. Әне, бір үйдің қасындағы үйілген шөпке жақындап қалды. Осы кезде қоршаулы жағалап келе

жатқан солдат көріп қалып автоматын көтеріп алып, енді тырылдатып ата берген кезде, тесіктен қалай шығып кеткенін білмеймін, Дуня апай қарына жармаса кетті (Т.Ахтанов).

Осы әңгіменің артынан, ел жата, Олжабек отауын жыққан да көше жөнелген. Жаңағы сөзінен сол өткен түнді ашудың зардабы әлі көрініп тұрса да, Жамал өз ойын оның алдына петеп тарта берді.

- Зады, колхозсыз ел естідің бе, Олжеке?
- Бұлт ала, жер шола емес пе, неге болмасын?
- Қай жерде екен?

Білсем әлдеқашан айтпайым ба? Кім біледі қайда екенін... (Ғ. М).

Ақ балта бөлімнің соңында аренаға соңғы рет шығады:

- Шылбыр Итбайдың мойнына іліккенде, атын тебініп, тарта жөнелген Темірбекке Бүркітбай қадала қарап еді, беліне қыстырған ақ балтаның жүзі жарк-жүрк етті.

— Бауырым!..— деген ыңырсыған дауыспен, аяғынан тұруға шамасы келмей, тізесінең отырған Итбай қолын созғанда, Қожантайдың сүйегісі келіп, жанына барып қалып еді, Темірбектің балтасы жарқ ете түсті... (С.М).

245 - жаттығу. Берілген мәтіндерден көптік жалғаулы сөздердің қолданылу ерекшеліктерін түсіндіріңіздер.

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Еңісі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда,
Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда,
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда,
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда,
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп
Созып тартар күн қайда? (Доспамбет жырау)

Тоғай қондым, өкінбен,
Толғамалы ала балта қолға алып,

Топ бастадым, өкінбен,
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен,
Тоғынды сарты нар жегіп
Көш түзедім өкінбен,
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен,
Туған айдай нұрланып
Дулыға кидім, өкінбен,
Зерлі орындық үсітнде,
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп,
Ару сүйдім, өкінбен,
Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен! (Доспамбет жырау)

Ақсақалдың өшті- қасты кісілерін қылға тізіп, он, он беске апарып, біреу үйдеп, біреу бүйдеп жорығанмен байлаулы түйін шықпады. Өйткені біреу партиялықпен, біреу жекжаттықпен, біреу алым- салығы, біреу берімсегі, біреу ұрланған малы тимегені үшін, біреу қатыны кеткені үшін немесе қатынына, қызына барғаны үшін, ең болмаса тілі тигені үшін біреуді айыптап, біреуді қорғағаннан басқа, әркім өз есебін ойлап, бүйрегі бұрғаннан басқа, дәл жанашырлық қылып әділ қағушы, әділ тексеруші жоқ болды. Біреу іреді, біреу сойды.

Мені көргенде ауыл үйдің адамы үркіп тұрады- ау! Мен өзгердім ғой, қатын болдым ғой, қартайдым ғой. Көзімнің алды көк таңба шығар, етім сылқалдап, денем бос қалған шығар, белім бүкірейіп, бөксем жалпиған шығар, аяғым талтаңдап, жүрісімнен жаңылған шығармын. Менде не сын қалды дейсің? Ернім кезеріп, жағым суалған шығар. Орыстың айнасына қарағанда, ажарым тайған сықылды еді ғой. Жасыма жетпей кемпір қылдың- ау, жасаған! Мен енді әкеме құрт аурудан жаман бір масыл болдым ғой! Өлмей менен құтыла алар ма? (Ж. А.)

246 - жаттығу. Келесі мысалдардағы есімдіктердің стильдік бояуын анықтап, талдаңыздар.

— Мен неге қоямын? Қазақтан солдат алса, байлардың, болыстардың баласы барар дейсің бе? Мына біз сияқты сорлылар кетеді. Баяғыдан бері еңбегімізді байға жегізумен келіп, енді мал құсап айдалып кете алмаспыз!— дейді ол.

Ал Бүркітбай болса, өз тағдырының шешіліп қойғанын Итбай мен Горбуновтың жасырын әңгімесін естіп барып бір-ақ біледі.

Өзін Итбайға сондай қосақты тай көретін Бүркітбай осы бүгін таңда ноктасының бауын Итбайдан біржола үзді...

Ел азаматтары пағшаға, болысқа қарсы бас көтеріп атқа мінгеннен кейін, байдың балалары болмаса, іске татыр, сойыл соғар_ жігіттең үйінде тиыш отырған азамат жоқ еді Солардан бөлініп үй күшік боп ауылда қалуды ар көргенмен, Итбай үйіне байланған жіп жіңішкеріп келсе де, үзіле қоймай, Бүрікітбай атқа міне алмаған еді. Сол жіп Итбай мен Горбуновтың жасырын даярлаған қастығын естігеннен кейін, үзіліп кеп кетті.

Ноқта бауының үзілуі», «жіптің үзілуі» — бұлар малшы өмірін бейнелейтін атрибуттар болса, соны жазушы Бүрікітбайдың Итбайдан ажырасу сәтінің көркем образын жасау үшін сәтті пайдаланған.

Бөлімде Итбай өмірінің ақырғы сәттері де көркем тілмен жеткізіледі. Баяғы ер кеуде Итбай жоқ. Былшықтанған кез... Жанын қоярға жер таппай ескі кебежеге де кіреді...

Ішінен кәкүр-шүкір, көр-жерін алмаған кебеже, сыртқы көлемі қомақты көрінгенмен, Итбайдың семіз денесіне тарлық іс-теді. Анадан шырылдап туа, Итбайдың өмірінде бұл бірінші көрген қорлығы еді.

«...қабығы жарылған жұмыртқадан шыққан балапандай, Итбай шоқнып отырды да қалды».

...Бүрікітбай Итбайды есік алдына өлімтік қойдай дырылдатып шықты. Жайшылықта бір кісідей қаруым бар деп ойлайтын Итбай Бүрікітбайдың қолында жаулықтай желпілдеді (С.М).

247 - жаттығу Төмендегі үзінділердегі үстеу сөздердің стильдік қызметіне талдау жүргізіңіздер

Аңдардың да, құстардың да, адамның да осылай қызығуын сезе ме, немене, көртышқан, ең алдымен, інд шым-шытырық қып қазып, су құйғанның өзінде де көбінесе алдырмай, іннің бір қуысына су барса, екінші қуысына тығылады; өзінен күшті аңдар оны інінен еш уақытта қазып ала алмайды; қазғанмен, бытықы-шытықы індердің қайсысынан табады; аңдардың босқа қазған індері адамға пайда боп, қазылған жыралардан көртышқанды тез табады...

Қуғынға көп ұшырайтын осы көртышқанға, табиғат аса естігіш құлақ берген: ғылымның айтуынша, өзінен өзгелердің аяғынан шыққан дүсірді, қанаттан естілген суылды көртышқан қиядан естіп, жан сақтаудың қамын тез жасайды екен, сондықтан да орыс халқында, саққұлақ адамдарды көртышқанға теңеу бар екен (С.М.).

- Тәніммен бірге барлық қорқыныш пен үрей, дүрлігіс-дүрбелең артта қалғанын, үлкен қатерден құтылғанын сезген көңілім де жайбарақат тыныштыққа беріліп, ұйқылы-ояу манаураған күйі, арадағы үрейді аттап өтіп, алдыңғы күнгі тәтті елесті көз алдыма әкеле жатыр (Т.Ахтанов).

- Бұрын ауылдан ұзап шығып көрмеген мен мақрұмға үлкен станция басындағы сапырылысқан ала-құла тобыр бір түрлі қызық, бірақ соншалықты жат көрінген. Осы күнге дейін мен көрмеген киімдер мен

кескіндер, танымайтын адамға бадырайып қарауға қанша ұялсам да, көзімді еріксіз тарта берген. Өзімнің үйреншікті ортамнан, орнықты, сабырлы тіршілігімнен шығып, аумалы-төкпелі, белгісіз беймаза дүниенің ішіне кіріп бара жатқанымды сезіп, бойымды үрей биледі (Т.Ахтанов).

248 - жаттығу. Берілген үзінділерден көптік мағына білдіріп тұрған грамматикалық формаларды (сөз таптарына қарай) ажыратып, қолданылу мақсатын түсіндіріңіздер.

Қарсақ деген: салбыраған бұғағы кеудесіне түскен, сақал-мұртын қырған бет-бейнесі кішігірім табақтай, сол беттің үстінде, үлкен картопқа жабыса өскен түймедей боп қасқа басы шошая қалған, жуандығына анау-мынау кісінің құшағы жетпейтін, семіз саусақтары быртыған қысқа, бір-бір балағы бес бұт бидай сыятын қаптай кең кенеп шалбары мен қазақша кең ғып тіккен ақ шұбар ситса көйлегінің, оң жақ шекесіне жантайта киген өзбек тақиясының кірден мөрі көрінбейтін, түйенің табанындай жалпақ аяғына әлдене шәркені іле салған, қолтығындағы қолаңсасы мен аяғындағы күсінің сасық иісі бұрқыраған, мейлінше денелі, мейлінше салақ, нас адам екен (С.Мұқанов).

– Тыныштық іздеп барамыз, - деді әлден уақытта Олжабек, ақырын ғана күрсініп қойып. Әңгімені тыныштықтан басталғанымен, айтайын дегені әуелі тынышсыздық жайында еді, сөзі үзіліп қалды. Жамал күліп жіберді.

- Ол қайда бар екен?
- Дүние кең ғой, соның бір жерінде бар шығар әйтеуір...
- «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», - деген қайда?
- Колхозға еріп солар-ақ қарық болсын, - деді Олжабек. Оның даусы сөзінің ақарында ақтулана шықты. Өйткені, осы сапар ұзақ сапарға аттанар алдында өзінің немере інісі Кәмеш үш-төрт кісімен келіп, бірқатар әурелеген болатын. Жалынған, ақылын айтқан. Әбден болмаған соң: «мен сенен бездім, бірақ ұмытпа, «азды аяған көптен құр қалады», - деп тұра жөнелген-ді (Ғ. Мұстафин).

249 - жаттығу. Шартты райлы етістіктің стильдік бояуын анықтап, талдаңыздар

Байлар да қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржиып, күле алмай жүр.
Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
Ел аулақта күш айтқан, топта танған,
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.
Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдіктер

Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.
Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр,
О дағы ұры- қарды тыя алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі- тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.
Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Бірінің сөзін құп алмай жүр.
Құда- тамыр, дос- жаран, қатын- балаң-
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.
Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.
Жетіліп жаз жайлауға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай тұр.
Қыс қыстауың- қып- қып қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.
Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем- борыш, сөз- құлық болғаннан соң,
Қандай жан сырттан сөз боп, сына алмай жүр? (Абай)

250 - жаттығу. Есімдік стильдік бояуын анықтап, талдаңыздар.

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Кімдерге қоныс болмаған,
Саздауға қара ағаш,
Кімдерге сайғақ болмаған.
Жағына жалаң жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған.
Жағы түкті жылқы айуан
Иесін қайда жаяу салмаған
Жалп- жалп еткен жапалақ
Жазыда кімге жолдас болмаған.
Сар шыпшықтай шырлатып
Ғазырейіл кімдерге құрық салмаған,
Сақалына сары шіркей ұялап,
Миығына қара шыбын балалап,
Жазыда мал іздеген қазақтың
Басы қайда қалмаған.
Күлелік те ойналық,
Киелік те ішелік,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған!!! (Шалкиіз жырау)

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас.
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан аямас! (Ақтамберді жырау)

251 – жаттығу. Берілген өлең жолдарындағы -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек қосымшаларының стильдік мәнін түсіндіріп беріңдер.

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Ер ісі- ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек.
Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.
Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек,
Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп.
Не қорлық құр қылжаңмен құр өткізбек?
Наданға арам- ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.
Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек,
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,
Сөзінен сырдан тартып, тез жиренбек.
Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойыңда,
Наданның сүйенгені- көппен дүрмек.
Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.
Бір- екі жолы болған кісі көрсе,

Құлай сүйіп жаратқан осы демек.
Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.
(Абай «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек »)

252 – жаттығу. Келесі мысалдардың септік жалғаулардың стильдік бояуларын ажыратып талдаңыздар.

Елге таратқан борыштарын әкемнің есесімен түгел жинап алуынан, әрі малдарымыздың төлдеп өсуінен, бұ жылы біздің үйдегі жылқының басы тағы да бес жүзге тақалып, қой саны да екі мыңға жақындап, алысқа көшпейтін болған соң түйені азайтын, он бес шақтысын ғана ұстаған әкем, «пайдалы мал» деп сиыр малын көбірек жинап, жиырмадан асатын сауын сиярдың сүтінен май ағызуыға «сеператор» деген машина алып, біздің үй тағы да «бай үй» аталып кеткен (С.М.).

Сұлтан Бегалының жақын інісі екен. Тағдыр шығар, «екі жарты-бір бүтін» демекші, ағайын болып Ақтамақты Сұлтанға қосқан екен (Ш.М.).

Ай, тәлкек тағдыр-ай, екінші әйелінен бала сүйіп, қу бассалықтан енді құтылдым ба дегенде...(Ш.М.).

- Тұрсынғали ұзын бойлы, жіңішке, кеуде жағы сұрақ белгісі сияқты ілгері қарай иіліңкіреп біткен имек қара. Оның есесіне емініп, иегін көтеріп ұстайды. Екі шекесі едірейген қалақ шеке, кішкене тайқы маңдайынан салбырап түскен ұзын қоңқақ мұрны бір түрлі ерсі, құдды ешкінің текешегі сияқты, өзі де текеше бақылдайды (Т.Ахтанов).

- О жақта да қарбалас. Тиелген бір шана кетіп те қалды, енді екінші шананы тиеп жатыр. Осы айқай-шудың арасынан жас қозының маңырағанындай бір дауыс естіледі, масқара құдай-ау, тіпті баламды ұмытып кетіпін ғой, Дулатым шырқырап жылап жатыр (Т.А.).

253 - жаттығу Төмендегі үзінділердегі септік жалғаулардың стильдік бояуларын (басқа септіктермен ауыстыра) ажыратып, талдаңыздар.

Өлік жатқан үйге кіруге жүрегім дауаламайтын. Мынау қираған, бүлінген, жартылай өртенген вокзал нағыз бір ажалдың ұясындай көрінді. Поездардың арасында, шпалдың үстінде жатқан үш – төрт өлікті көріп, тұла бойым тітіркеніп кеткен. Қарамайын десең де, көзі құрғыр бола ма, әсіресе етпетінен құлаған, бір шекесін бомбаның жарықшағы қопарып кеткен ер адамды көргенде... (Т.А.).

– Сүйсең осылай сүй! – деді әлдән уақытта. – Тауықша шапыр-шұпыр бола қалып, бетімен кете барса, сол тауықтан адамның несі артық. Шапыр-шұпырды айуан да біледі. Ыстық-суыққа, аш-тоққа, қуаныш-қайғыға, ақылға ортақтаса білгенді айт. Сүйген жүрек соның бәріне көнеді. Жалған жүрек қит етсе айни қалады (Ғ. М.).

Әңгімені алғашында зауықсыз тыңдап отырған Нұрланның құлағы елеңдей бастады. Керек адамдай меңірейіп біраз отырды да: - Қашан келді? – деді түйеден түскендей.

- Түстен кейін, - деді ыдыс-аяқты жуып жүрген Сандуғаш.
- Мен барып көріп қайтсам қайтеді?
- Ат соғып, шаршап келдің, тұштаңдамай демінді ал. Таң ата қайта тұрасың, әкеңнің атқа мініп, мал қайырар шамасы жоқ, - деді шешесі.
- Барсын, - деді төсегін қамдап, жатуға ыңғайланған әкесі.

Бармайды! – деп кесіп айтты шешесі. – ол қыз ешқайда қашпайды. Іргенде, көрерсің. Қарағайдай мүйізі, сайтандікіндей құйрығы жоқ, Маруса секілді ақ сары, көк көз қыз. Шашы әдемі екен, - деді шын сүйсінгендей, - аппақ болып иығына төгіліп жатыр, көздің жауын алады, сенен әлдеқайда үлкен, жиырмадан асса керек (О.Б).

- Қазір-қазір, бәйбіше. Төсегінді қамдай бер, мен сенен бір нәрсе сұрайын деп едім, ұлым, - деді Нұржанға, - анау жігіт неше жаста?

- Қайсысы?

- Анау, ұзын бойлы, сүйегі ірісі.

- Ә-ә, Аманжан ба?... Менімен жасты, жалпы, осы үшеуміз де даңқұрдаспыз – жиырма үштен астық. Қартайып барамыз, ақсақал.

- Қарттықтың аулы сендерді қойып, маған да алыс...Шешесі тірі ғой ана жігіттің?

- Тірі. Бірақ аурушаң. Көп сөйлемейтін тұйық кісі.

- Құдайдың құдіреті, сол жігітті алғаш көргенде, жасарып кеткен Қоңқай екен деп қалдым. Тура аузынан түсе қалғандай (О.Б).

254 – жаттығу. Келесі мысалдардағы субстантивтенген сын есімдердің стильдік қызметіне талдау жасаңыздар.

Ерінің ішінен шыққан ыстық леп, Жамалдың нәзік әнін су құйғандай басып тастады.

- Олжеке, бір жерің ауырып келе ме?
- Жоқ, әлгі антұрғанды айтамын-ау, әншейін.
- Әлі де Молдажанмен болып келемісін? Комунес болған соң айтады да.
- Мен үшін болған ғой, сасық неме! «Құтырған ит иесін қабады», - деп маған тап бергені несі екен!.. Ал, орныма бияз ексін, енді (Ғ. М.).

Енді мынау ағаларының ортасында ауылына келе жатқанына таң қалды, таң қалып қана қойған жоқ, өзін бейне бір арам сирақ ұрлық малындай, әкесіне арам жегізетіндей көрді. Енді бұрынғы нәрестедей уыз денесі былғанып,

арамданып қалған тәрізді, бұрынғы кіршіксіз аппақ кеудесіне қара құзғын ұя салып кеткен тәрізді, күнә- сұмдықты білмейтін ақ жүрегі арамдықтың(зат есім тудырушы неше атасын біліп, бұрынғы қыз басы қатын болып қалған тәрізді, бұл былғанған дененің кірі, жанның күнәсі өмірі тазармайтын тәрізді. Өз ауылының тауына, жеріне жақындаған сайын таза жерді басуға өзінен- өзі ұялып, атылып өліп кетпей, қара мұрттың мылтығына бекер- ақ жармасқан екем деген өкініш пайда болды: ит жалап кеткен ыдыстай, өзінің денесін де, демін де арам деп білді...

Осы арам деміммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтіп оны да арамдармын? Құдайдан қорықпай, оның құтты қадам мешіттей үйіне қалай кіремін? «Кәпір» сүйген, аймалаған аяғыммен жайнамаз салатын жерін қалай денем шімірікпей басармын? «Кәпірді» құшақтаған арам қолымды қайтіп әкемнің адал дастарқанына апарып, қайтіп бір табақтан ас ішермін? Мұны бұрын ойласамшы! Бұлар мен туралы не ойлады екен? Мені арамдалмай аман келе жатыр деп кім ойлады дейсің? (Ж. А.).

Соны ойлап келе жатқанда, бір дөңестің астынан ағараңдаған бір шошақ нәрсе қылт ете түсті. Ақбілек сасып қалды, бұғып отыра қойды. Отырып еді, көрінбей кетті. Түрегелуге орыс болар ма деп қорқып, отыруға тағы дәті шыдамай, не екенін білгісі кеп барады. «Орыс болса бәрібір құтыла алмайсың, жан- жағым жалтаң, не де болса көрейін» деп, әнтек отырған соң ептеп көтеріліп, сығалады. (Ж. А.).

- Үйге кірсек, төрде қартандау үш-төрт еркек отыр, оң жаққа салынған бетін оюлаған сүйекпен әшекейленген қазақша ағаш төсектің алдында төртке бүктеген тері бөстектің үстінде, екі шықшытына ұп-ұзын екі уыс қыл өскен, мұртының сапарын ғана ұзартып жіберіп, былайғы жағынан иегімен тегістеп таңқита қырыққан, дөңкес үлкен мұрынды, томпақ үлкен көзді, ұзын қасы қою біткен қалың қабақты, кескіні шынайы өзбекке ұқсаған, үлкен мұрынды, кең балақты ақ балағы бар, басында өзбек тақиясы бар, түйенің табанындай жалпақ, жалаңаш аяқты біреу отыр (С.М).

255 - жаттығу. Берілген мәтіндегі есімше тұлғаларының мағыналық реңктеріне талдау жүргізіңіздер.

Елсіз тауда ерігіп жатқан өңшең еркек іші пысқан соң ермек, қызық керек қылмай тұра ма? Қашанғы өзді- өзіміз боқтасып, керісіп, төбелесе берейік. Біздің де қанымызда от бар: бізде де тілек, нәпсіқұмарлық бар. Біз де жаспыз. Әйел құшуды біз де аңсаймыз. Әйелсіз күн көре алмайтын, махаббаттың қадірін білетін, сезімі жетілген біз өнерлі, білімді шаруаның ұлдарымыз. Әйел кімде бар? Қазақта. Қазақ та адам баласы. Қазақтың қара көздерінің сиқырлы күші Европа әйелінен кем емес. Әнтек тәрбиеленіп, қылымсуды, еркекке жағынуды үйренбегені болмаса. Қазақ надан болған соң орысты жатырқайды, жиренеді, қазақ қызы орыс жігітін сүймейді. Бізге өз сүйгеніміз де жетеді. Бізге

әйел керек. Әйелдің сүйгенін тілейтін біздің өз еліміз бар ма? Қазақ надандығынан жатырқайды, оқыған ел жатырқамас еді, қазақтың оқыған азаматы орыс қызын сүймей, орыстан қатын алмай жүр ме? (Ж. А.).

Той өтеді. Ел тарайды. Ақбілек ақ отауында... Ол- келіншек. Басына жаулық салындырыпты, сыртында- желегі. Төсекағаш алдында ақ саусағы майысып, күйеуіне ақ көйлек қиып отыр. Жанында домбыра шертіп, Бекболат жантайып жатыр. Ақбілек ол әдемі күй шерткенде, жаны сүйсініп, күйеуінің бетіне жымия, жылы қарайды, ішінен: «Жаным- ау!» дейді. Бекболат та жымиып, қолын созады. Ісін қойып, Ақбілек шынтақтап, күйеуіне таман жақындайды. Күйеуінен мойнынан құшақтап, үлбіреген аузынан, мамық тамағынан тәтті сүйеді. Бірінің көзіне бірі қарайды. Қараса да тоймайды...

Үлкен үйдің самаурыны қайнағанша Ақбілек отауының түндігі ашылмайды, жібек шымылдық күлімдеп күн сәулесі жабықтан түскенде Ақбілек тұрайын десе де күйеуі қыпшасынан қысып, қытықтап, күліп, жібермейді. «Болар енді, сәулем!» деп Ақбілек тұрып киініп, жез құман алып, майысып, дөң астына түзге кетеді.

Ілек- ілек болып жүгіріскен, ойнақтаған бота, желі басында құлын ұстаған, бие қуған бала- шаға, тезек терген, ән салған қыз- келіншек... Соларға қарап Ақбілек ақырын аяңдап келіп отауға кіреді. Өзі дәрет алып болған соң, күйеуінің қолына су құйып, шымылдықтың бауындағы кестелі орамалын әпереді... (Ж. А.).

- Қанша жатқанымды, күннің қай мезгілі екенін де анық біле алмаймын. Сірә, қараңғы түскен болар-алдымды бітеген шөп арасынан сызаттап тұрған саңылау көрінбей кетті. Осындай оңаша қалып, қауіп-қатерді тосқан сағатымда, ойым өткенге жетелеп, ауылға қарай алып кетеді. Бұ да бір жан сақтаудың тәслі болар, «қорқақты қуа берсе батыр болады» деуші еді, қашанғы сарайға қарай келе жатыр. Бірақ жүрегім шошымады, жиі басқан жұмсақ қадам.. әйел қадамының тықыры (Т.А.).

- Қанша қатерінің болғанын Абан келіп сөйлегенде білем. Ол түнгі ұрыстан қызуы басылмай, самбырлап, тоқтаусыз сөйлеп, болған оқиғаны құйқылжытып түгел айтып береді. Арасында қызып кетіп, дауыстап «ана жердегі әлгі» деп Қасымбекті де әңгімеге еріксіз араластырады. Мен әрі сүйсініп, әрі үрейленіп, жүрегім дірілдегі тындаймын, ыстық, суық толқын денемді қатар қарып өтеді (Т.А.).

Өз елінен, колхоздан сырғақтап, басқа бір елдің шетіне барып отырғанда көретіні көзіне елестеді... Күркетауықтың құйрығындай, одырайып тұрған тымағының құйрығы желп етіп түсіп кетіп еді, оны қайтадан қайыру да есіне келген жоқ... (Ғ. М.).

Ақмет басын көтеріп алды. Ендігі сөзінде ширықан ыза жоқ, кейіспен қайрау бар тәрізді.

- «Құм жиылып тас болмайды. Құл жиылып бас болмайды» дегенде, бірлікті айтқан екен ғой бұрынғылар. Әйтпесе, одан-бұдан құралып,

өзімізді қуған колхоз да отыр. Тобымен шұбырып қанды ауыз қасқыр да жүр. Аңмен отаса алмайсыз. Елге барсақ, ерімізді тірідей сояды. (Ғ. М.).

ТІЛДІҢ КӨРІКТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

256 - жаттығу. Келтірілген мысалдардан сөзге өн беру амал-тәсілдерінің бірі-көркемдеуді (эпитет) тауып, оның түрлерін ажратыңыздар.

Толыққан денесін одан да семіз көрсеткіі келгендей, киімді де қазақша және мол піштіріп «барын киіп, байлауышын салып» дегендей.. бір жаққа шыға қалса, тәуір киімдерін бойына түгел артып, қобырайып кететін. Мырзалықтың сәні киімде тұрғандай, салқын уақыттар былай тұрсын, қайнаған жаздың өзінде үстіне күзен, түлкі сияқты аңдардың терісінен істеген қамзолша ішігін киіп, аяғына байпақтысаптама етік киіп, басына ақ бұйрадан істеген жекей тымақ киіп, терден быршыса да, оларын үстінен тастамайтын.

Жаралғанның жалпақ дүниесінде ақыннан бақытты адам бар ма екен? Жансызға жан бітіріп, жандымен тілдестіре білетін, адамды, адам емес-ау, ақынды адамның бұлбұлы десең болмас па!

Жаныма әжемнің төркініне баратын жолды жақсы білетін бірер жігіт ерткен әкем, жолшыбайғы сирек елдің біріне соқпастан, суыт жүріспен тартып отырып, аз күнде, Жайық бойын жайлаған нағашысынан бір-ақ шығады (С.М.).

257 – жаттығу. С.Мұқанов тілінің шешендік стиліне талдау жасаңыз, өзіндік шеберлігін анықтаңыз.

Қарға тамырлы қазақ, Байқоңырда да біздің бір ілік – шатыс табылып, барған күні бізге сойып берген жалғыз лағы, бұл ауылға бие сойғандай оқиға боп, сорпа – суанын көрші үйлердің қатын-қалаштары аузынан бөліп ішті

Қалай танысың: басын, кеуде тұсын, екі қолын ақ шүберекпен шандып байлап тастатыпты. Оның әр жерінен қара күреңденген қанның жұғыны сезіліп тұр!.. соғыс қорқынышынан ба, қансыраудан ба, бұрын қаны ойнайтын әкемнің нұрлы беті, қазір сақарға салған сүйектей сұп-сұр!..

Оны таңсық көрген балалар, жақындап барып қарасақ, бәрі де қазақ... бірі де еркек... ішінде жастары да, егделері де, кәрілері де бар.. бәрінің де киім-кешектері далба-дұлба... үсті-бастары аққан қаны тарамдана қатқан жара... кескін-келбеттері әлем-тапырық... сұлделері құрып, аяқтарын зорға сүйретеді...

-Байқа, бала,-деді ол содан кейін,- маған турасын айт, Еркежанға ғашық боп қалған сияқтысың сен. Осындай жаста да ғашық болушылар бола береді дейтін. Бірақ, сен дүние көрген бала болғаныңмен, ол әлі бесік табы арқасынан, емшек табы аузынан кетпеген сәби. Құмартқаның рас болса асықпа. «сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген. «Он үште отау иесі» деген. Оған да кеп қалған жоқ. Содан кейін, қашан ұзатылып кеткенше ойнап-күліп жүруінің ретін өзім келтірем...

Мектеп пен ауыл арасындағы жол, қалың қаыстың арасымен жүретіндіктен, көлдің беті тымық. Қимылсыз қалпында үстіне қалыңдай үйелеген қыраудан, әрбір қамыстың жуандығы сырғауыл боларлық қайыңдай көрініп, ауыр салмақтан белдері бүкірейіп, бастары төмен иіліп кеткен. Соңғы жұмада боран болмағандықтан, қары мен мұзы араласқан көк ала жолдың майлаған қайыстай жып - жылтыр.

258 - жаттығу III. Мұртаза шығармаларынан үзінділерден меңзеудің бір түрі теңеуді тауып, түрлерінің стильдік айырмасын айқындаңыздар.

Дүниенің дидары сан қилы. Түгел біліп болған ешкім жоқ. Әлде сағым, әлде сынап. Аспараның мұздақ тауынан сырғанағандай, қайда барып құлайтының беймәлім.

Сонда барып, қара ешкінің қайғысы ақыр замандай ауыр екенін сезіп, жүрегім суылдап қоя берді.

Ақпанның ақ бура бораны болдырып, жынынан айырылған бақсыдай басылған соң, аспан ашылып, пердесіз терезеден Ай сәулесі себезгілеп тұратын болды.

Түнде үй төбесіндегі боғаттың қамысын ызыңдатқан Алтын Күрек желі екен. Желдің аты – Алтын Күрек. Адамдарды қан қақсатқан, ызғарлы суықпен сүйегін сырқыратқан дүлей дию сияқты сиықсыз қысты бір түнде жайратып салатын Алтын Күрек. Қарды ғана ысырмай, адамдардың еңсесін езген қайғы-мұңды да аршығысы кеп, уайымынды жеңілдететін Алтын Күрек.

Сөйтсем, төрде қаз-қатар болып, тізіліп көп бала жатыр: Қорғанбай, Боранбай, Қуанышбай, Аманбай, Өсер, Тілепалды, Сүлеймен... Сүйек қажаған сиырдай, ауыздарына құрт салып, малжаңдасып жатыр.

Мыңбұлақтың ішіндегі ең сұлуы, ең мөлдірі – біздің Жалбызбұлақ. Оның суы кәусар. Айналасына жалбыз иісі аңқып, әлі күнге дейін бүлдірген өседі. Жазда бұлбұл сайрайды.

Айша кейде осындай. Мейірімі түседі. Кейде суға салып сабайды. Құдайым Айшаның көңілін көл қылсын.

Қазір көңілі шалқар сияқты. Мүмкін, Төскейдің арша сасыған жұпар ауасы, әуедегі бозторғайдың шырылы, бөдененің бытпылдығы, сары торғайдың сарнауық әні – бәрі-бәрі Айшаға Алланың рақым-шапағатын мол себелеген шығар, бұ жолы ұрсыпады. Мұндай кәусар ауаны үзіп-жұлқып жұтпай, сіміре беру керек саумал қымыз сияқты.

Борандының ар жағындағы Құлан тауы да ақ теңізге ақ желкен көтерген кемедей боп көрінеді. Мүмкін, Батыр сол кемемен жүзіп келе жатқан шығар.

Оң қол жаққа қарасам –жал-жал болып жатқан жалаңаш құм. Өліп қалған түйелер сияқты. Бірақ ауыл көрінбейді. Ел жоқ!

Сол Аса қазір жынын алдырған бақсыдай басылып, мына теміржолдың сол жағын бойлап, жарысып келе жатыр. Теміржол тіп-тік, тұп-тура, ал Аса болса ирелендейді. Бүлкілдеп жатқан боз-ботана сұр айдаһар сияқты.

О, қасиетті сары алтындай сағыныш... Сен болмасаң, адамдар, тіпті туған ана, туған бала, бір-бірінің қадірін білер ме еді, білмес пе еді?

Айшаның ашуын сіздер білмейсіздер. Арланынан айырылған қасқыр-құртқа да бір, Айша да бір.

Енді арқалап жиған отын таусылады. Қыс ұзап кетті. От жағылмаған пештің уыры ішін тартып, уілдейді. Сыртта боран ұлыса, іштен оған пештің уілі қосылып, ақыр заман азан шақырғандай болады.

259 - жаттығу Жазушы кейіпкер портретін жасауда, табиғат құбылысын танытуда, белгілі бір кезеңді айқындауда қандай көркемдегіш-бейнелегіш тәсілді қолданған.

Тәкаппар таулар біздің әбден қалжырап, үйге қайт қымыз келгенін сезбейді.

Батыста Жабағылы тұсында қан қызыл Күн ұясына батып бара жатқанда, Шығыстан құп-қу болып, өңі қашып қуарған Ай көрінді.

Тарғыл-тарғыл, тарпаң даусында кекесін бар. Оны сезіп қойдым. Қай-қайдағы қойқаптағы жындарым қозыңқырап, жабайылау жаман сөзбен жауап бергім кеп, тілім қышып, уын төккім кеп біраз тұрдым да, Зибә әпкемнің айтқаны есіме түсіп, жақ ашпадым.

Тарғыл сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» шұбар ала теңбіл түс деген мағына берсе, тарпаң сөзіне жабайыланып кеткен жылқы деп анықтама береді. Ал автордың сезімдік суреттеуімен қартайып, даусы әбден қарлыққан, жасы ұлғайған кемпір бейнесін көрсетіп тұр.

Сол сабақты мына Саид-Ақбар қожа айдалаға, қарабауыр Қаратауға, тозаң жұтқан боз жусанға, қураған сасырдың сояуына, тас мия мен ащы кекірге айтыл келе жатыр.

Ол туған отыз жетінші жылдың сарша тамызы еміс-еміс есімде. Мен бес жасқа толар-толмас кезім еді. Мыңбұлақ сайларының басын ала киіз үйлерін тігіп, ел егін орағына кіріскен шақ қой деймін.

О, сіздер біздің Жуалының боранын білмейсіздер ғой. Дүниені бір тарының қауызына сыйдырып жіберетін боран – сол.1943 жылды ақпанында сол сұрапыл, әсіресе қатты қаһарланды.

Неге ақырасың бізге?! Көріктей сөнген көңілімізді көтере ме десек, сонау соғыста жүрген боздақтарымыздың хабарын айтып қуанта ма десек...

Кілең қара мақпал, жабайы жылқыларды көремін. Төле би заманынан қалған, содан жабайы боп өсіп-өнген тарпаң тағылар. Қаз мойын, қамыс құлақ, қара айғыр маған оқыранып келіп, жұп-жұмсақ ернімен алақанымды жыбырлатады.

Айша кейде осындай. Мейірімі түседі. Кейде суға салып сабайды. Құдайым Айшаның көңілін көл қылсын.

Қазір көңілі шалқар сияқты. Мүмкін, Төскейдің арша сасыған жұпар ауасы, әуедегі бозторғайдың шырылы, бөдененің бытпылдығы, сары торғайдың сарнауық әні – бәрі-бәрі Айшаға Алланың рақым-шапағатын мол себелеген шығар, бұ жолы ұрсылады. Мұндай кәусар ауаны үзіп-жұлқып жұтпай, сіміре беру керек саумал қымыз сияқты.

Таулар балқып жатса да, жылуы жоқ. Алаулаған бетінді сүйер шымыр аяз, тек біздің Жуалыда, Мыңбұлақта ғана болады деседі (Ш. М.).

260 - жаттығу. І. Есенберлин шығармасынан алынған үзінділердегі теңеулерді тауып, оның түрларін анықтап, стильдік бояуын ажыратындар.

Ожар аңқау елдің бетіне қарауға жүзі шыдамай, аяғын шалыс басып өте берді... Таланған, шабылған көш, жүнін жұлған тырнадай боп бар сәнінен айырылды.

- Адал өлу де – абырой. – Қария тілмашқа алар бүркіттей сұстана көз тастады. – Шырағым, аяқ алысыңнан байқадым, сен өзің Әбілқайыр, не болмаса Уәлиханның ұрпақтарының біріне ұқсайсың... Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ деген, бір сұрайтын сөзім бар... Бозторғайдай кішкентай болғанмен биік ұшар халқым бар еді, сол сорлыны бір құзғын іліп кетпесін деп, ана жылы жалғыз бауырым Тайжан ақ патшаға қарсы жасақ құрғанда сен де келіп қосылып едің... Үш батыр осылай серттесіп айырылды. Бірақ әр руы өзіне бір тайпы ел саналған, жерге төгілген бидайдай шашылған қалың қазақ, бір тудың асытан жинала ма, жиналмай ма, бұған үшеуі де күпті еді. Ақ жібек көйлегінің ашық омырауынан кеудесінің көк бурыл түгі шығып тұр. Ұзын ақ саусақтары жыртқыш құстың тырнақтарындай әлсін-әлсін бір бүрісе жұмылып, бір жазылып тұрады. Білектері де жү-жүн... Қол әлуеті бір түрлі сұсты. Оң саусағына салған қызыл алтын сом жүзігінің үстіндегі жалпита орнатқан жылан басындай қызыл лағыл тасы ұйыған адам қанына ұқсайды. Басықара батыр Кенесарының ризалығын аласымен өзінің мың әскерінен тандап жүз сарбазды алып, жау қамалына қарай лап қойды. Өзі ат жалын құшып, ер үстіне еңкейе жатып алды. Астындағы кер төбелі қалың шөпті бауырлай ұшқан құс тәрізді. Соңынан құйындата шұбырған жүз сарбазы. Алдыңғы қатары орға жетпей кейін шегінгенде, көкжиектен лықылдап көрінген артқы жағындағы бытырай шауып келе жатқан қалың қол ұшы-қиыры жоқ құмырсқаның илеуі тәрізді. Мұның тағы бір кереметі, қамалдағылар қол бастаған батырларды жекелеп нысанаға алайын десе, төгілген тарыдай жер қайысқан жанның қайсысының басшы, қасысының қосшы екенін ажырату қиын. Жеңіске мастанған қатыгез жауынгерлер қорғансыз қалың қойға тиіп қанға құныққан аш қасқырлардай, жұрттың жазықты-жазықсызына қарамай, түні бойы ойран салды. Кенесары қасқыр көрген бүркіттей түйіле қалды.

- Қатын аулын батыр шаппас. Қайын атам жұрты демесең, өзің шап!

Табылған сөзге үйдегілер шу ете қалды.

-Жөн.

-Тапқан ақыл.

-Қатынды қатын шаппаса, батыр шапқан ерсі.

Есіркеген ұялғанынан жалтара жауап береді. Он жетіге келіп қалды деген аты болмаса, ол әлі де қауызын жарып шашылмаған гүл тәрізді, қалжыңдаған боп көңіліне шоқ сала сөйлеген нағашы апасына кейде ренжіп қалғандай өкпелей қарап, әзіліне көз жасындай таза мөлдір бұлақ сезімімен жауап береді (І. Е).

261 - жаттығу. Төмендегі келтірілген үзінділердің өзіндік стильдік ерекшелігіне талдау жасаңыз.

Байтабын Бопайдың желдей жүйрік атақты кер бестінің айылын босатып, ер-тоқымын жөндеп қайтадан ерттеді.

Жуан қос бұрымы жерге шұбатылған, аппақ бетінің ұшы сәл қызара үлбіреген, танадай көзі қарасудай қап-қара боп тұна мөлдіреген Алтыншаш есік алдында сәл тұрды да бұлт астына қайта кірген күміс айдай жоқ болып кетті.

Кенесары жасырмаған.

- Қалың әскер жүздік, мыңдық саппен кәдімгі жарды ұруға келе жатқан толқындай лек-лек боп, барынша айқайлап ұран сап, бірінің соңынан бірі қамалға шабады, - деген ол.

Кенесары жауар бұлттай түнеріп кеткен.

- Жетеді, - деді ол ашуын әзер басып, ал біз қандай қайрат көрсеттік? – Сидак мырза, соны айтыңыз.

Бұл жолы олар нағыз бір шыр көбелек айналған құйын тәрізді көпшілігі ордың арғы қабағын қоршай шауып, қауырсын жебелерді тағы да қардай боратты. Жақын жерден көзделген мерген оқтары қорған үстіндегілердің басын көтертер емес.

Қара су секілді тұнжыраған ауыл үстіне төнген ауыр қайғыны тек андасанда сылдырлаған қыз шолпысының үні мен көк аспанда тізбектеле ұшқан қаз-үйректің сұңқылы ғана бұзады.

Бастарына кигендері кеуделеріне дейін жабатын түйе жүн далбағай, етек жағы айбалтаның жүзіндей қайқиып келген әшекейлене кестеленген оқшима қалпақ...

...Кенесары Ақмола бекінісіне шабуылды осы тамыздың жетісі күні таң сәріден бастады. Ең алдымен бекініс оңтүстіктен солтүстікке дейін йілген тағадай үш шақырымдай жерден қоршалды. Сүмбідей сұлу бедеуінің үстінде қорғасын құйған құлжа асығындай берік отырған осынау жас жігіттің сымбатына сүйсінгендей көзінде бір сәуле жалт етті де, кенет үрлеп сөндірілген білте шам жарығындай жоқ болды.

Оң жағында Қараүлек – Кенесарының бас жендеті. Бұл әр саусағы жаңа туған баланың білегіндей, сала құлаш кеудесінің жүні көдедей, салпы ерін, кірпік қақпайтын мысық көз, аяушылық дегенді білмейтін қатыгез, алпамсадай қара кісі (І. Е).

262 - жаттығу. Төмендегі мысалдардағы қарамен берілген эпитеттердің қандай сөз табынан болғандығын көрсетіп, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Япырмау, мынау дауыс кімдікі? Ожар ғой! **Сорлы жүрек**, бекер сес бермеген екенсің?

Басар жерің көк мұзға айналып, қатын біткен Баян тауының өрлеуіне киіз төсеген. Сол жылы екі жүздей шаңырақты қорғап қалдыңдар... Өттең, дүние-ай, **қияңқы қыс** қаһарлы келіп, баспанасыз жалаң-жұрт сол жұт жылы ажал тапты...

Наурызбай мен Байтабын:

- Қош болындар, - деді кетіп бара жатқан әйелдердің соңынан дауыстай. Бірақ ана екеуі жауап қайырмады. **Шашақты найзаларын** желкілдете, ауылдан өздерінің жасақтарына қарай құйындата шаба жөнелді.

Тілмаштың ақшыл жүзі күп-күрең боп кетті. Аталарың қазақ халқының **қанішер қара ниет жендеті** деп тұрған осынау тіл тартпас шалды ат бауырына алуға да дайын.

— Қоңырқұлжа мен Қарапұшықтың қарамағындағы бес жүз **қарабін мылтықты солдат** пен төрт зеңбірек бізге құр қарап тұрады дейсің бе, Науанжан? олардың да аңдығаны осы екі жіңішке жол мен ордың жағасы болар. Адамы оққа ұшқан кейбір **ер жүректі жігіттер** Арыстаннан кек алатын күн болар ма екен деп кіжінетін.

Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған», жиырмадан аспай жатып атағы **алты алашқа** жайылған, әрі әнші, әрі сал, өзі төре Наурызбайды Ақбөкен жақын көруге құштар еді. Оны Байтабынды жыққан жеңіс үстінде көрді және Наурызбайдың өзінің өзінің шеттен келген жас балуанды жығуын «айып» санаған **кең пейіл мінезі**, ерлікті, адамгершілікті дәстүр етіп өскен қазақ қызына үлкен ой салды.

Олар біраз уақыт әңгіме-дүкен құрысып, түн ортасы ауа тарқасты. Енді төсек салатын мезгіл де жетті. Нағашы апасы жиенінің үстіне **қызыл жібек түбіт көрпе** жауып, астына **ақ мамық жұмсақ бөстек** жайып, төрге жатқызды. Кең залдың іші қандай ызғарлы болса, құс түсі де сондай ызғарлы. Иесі осал кісі емес. Россия патшалығының Сібірдегі **аузынан от бүріккен қанды балақ жендеті**.

Бөлме иесі князь Горчаков — Батыс сібірдің генерал-губернаторы. **Кірпідей тікірейген қысқа шашты, едірейген жирен мұрты, ақ боз, түсі суық кісі** (I.E.).

263 - жаттығу. Берілген мысалдарда қолданылған көркемдік тәсілге талдау жасаңыз.

Әлде менің көп ұзамай әкесіз қалатынымды сезді ме екен? Әкесіз қалғанда бос болмасын, болбырақ болмасын. Өз бетінше жол тауып көрсін, ащының дәмін осы бастан татып, мына мейірімі аз, қаталдығы мол дүниеге осы бастан көндіге берсін деді ме екен? Кім біледі, олар бізден гөрі, бақыттырақ шығар. Мұндай сұм заман, қураған қу заман о дүниеде жоқ шығар... Тұқымдарыңа біткен мінез бе, білмеймін, сол заманда күміс ертоқым тұрмақ, адам қынадай қырылып жатқан заманда, күштіменен күреспей-ақ қою керек пе еді... Сөйтіп Айша орнына бүкір кемпір Оразкүл қалды. Енді ойласам, сол кезде айналамызда екі-үш күн бізге қарайласа тұратын, ағайын-туған қалмаған екен ғой. Тұрымтай тұсымен, балапан басымен кеткен заман. Түсі суық сұр бұлт қаптаған кез еді. Мен жылқыны еңіске айдап, арпаның аңызына жайып, өзім бурыл тайдың үстіне шоқиып, ылдидан, станса жақтан келетін сүрлеу жолдың бойына, мына сұрқия дүниеге сүлесоқ қарап отырмын. Мен ес білгелі, Айша алты батпан

ауыртпалық астында қалып, ән-думан әдіра кеткен екен. Ай, тәлкек тағдыр-ай, екінші әйелінен бала сүйіп, қу бассалықтан енді құтылдым ба дегенде... Мадақтасаң да, қарғасаң да Жарық Дүние деген – осы. Жарық Дүниеге ешкім өз еркімен келмейді. Тағдыр айдап келе қалса, оған ата-анасы, жанашыр, жақындары қуанады. Шамасы келсе, тойхана жасайды. Бесік тойы, тұсау кесер тойы, тағы, тағылар өмір бойы жалғасып барып, Жаназамен тәмам-тауыс болады. Исаны біздің адамдар әдейі өлтірді. Былғаныш дүниені басқа әлем алдында әшкерелемесін деп. Әшкерелесе - әлекке қаласың. Апыр-ай, мына созалаң соғыста, адамнан бастап бәрі құрдымға кеткендей құрыған заманда, тым болмаса, кәдімгі күкірт, кім не десе, о десін, сол күкірттің зар қылғанын айтсаңшы. О,тоба!

- Бай баласы – байға ұқсайды, байланбаған тайға ұқсайды деп тұрмысың? Сендей кезінде шолжаңдаса - әкең Мұртаза шолжаңдаған шығар. Өйткені ол – бай баласы. Ал саған не жоқ?! Сен қай байдың баласы? Мына жалмауыз заманда ту деген мен емес саған. Бол, жылдам (Ш.М).

264 – жаттығу. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романынан алынған үзіндісінен метафораны тауып, оған стильдік талдау жасаңыз.

Ай, айналайын-ай, жаның жаннатта ғана жай тапқан шығар. Бұл опасыз дүниеде бәтуасыз басшылардан азаптан басқа алғыс алып көрмедің ғой.

Өз мекені, өз Отанын мал екеш мал қимай бара жатқанда, адам жыламай қайтсін. Небір боздақтар Отанына аман-сау орала алмай, армандар ағысы мұхитқа айналған заман.

Ай, ит тағдыр-ай, дүңгіршекті ұрғанша, сол күрзімен өзімді жон арқамнан ұрғаны жақыс еді ғой. Дүңгіршекті ұрарын білсем, тастай қатып, қатты ұстар едім ғой. Сонда әрқайсысы іштерінен: «Әй, әттесі-ай, балапан басымен, тұрымтай тұсымен, әр өз күнін күйттеп кеткен қу заман. Бірақ сөзін біліп керегі де жоқ. Сары алтынның саумалындай сарнаған сарын айтады: бұл жалған дүние, өткінші, бір күндік қу тамақ үшін алысып-жұлысып, ағайын мен ағайын ренжісіп, ұрсысып жүргендері құр далбаса... Сонда мен қалың шаштың сиреуіне «сұм заманның» қанша қатысы бар екенін түсіне қоймадым. Сөйтсем, адам өзі тозбайын десе де, жазмыштан озбайды екен ғой. Тарпаң тағдыр табанына адамды бір салмасын. Бір салса, тас керек боп, айқайласаң да арызыңды есітпейді. Осы мына жер бетіндегі сұрқия сұмдықтың, сойқан соғыстың, күштілердің әлсіздерге әкірендеуінің, бәрі осы таулардың үнсіздігінен Мелшиеді де тұрады. Әлде, Ұлыларда тіл жоқ па? Ұлыларға тіл бітсе – алапестер аластатылып, заман түзелер еді.

Өзен бірте-бірте кеңейіп, теңізге айналып бара жатады. Теңіз кешіп қайда барамын? Беймәлім, бұлдыр дүние. Жағадан әлдекім қол бұлғап, айқайлайды. «Кетпе, кетпе, қайт!» - дейді.

Айналайын Тәңіртау! Ая мені. Кетіп қалды деп қарғама. Дүние осылай боз боран бола бермес. Түзелер. Жуанқұл мен Тасбеттер мәңгілік емес қой. Олар да тұғырынан таяр. Ақжарылқап заман туып, азап қарыған арқамыз жылынар да жадырар.

- Зорақы заман түзелмейді! – деді Айша зілді үнмен. – Оның үстіне Зибаның тілегін өзің айтып келдің. Туған бауырым қан түкіріп жатқанда, қасында болмаса, бізге емшегімен сүт берген анамыз Құлыханның аруағы атпай ма?

Атаңа лағнет, Тасбе-е-ет! Әруақ, Құдай бар болса, осы көрсеткен қорлығың алдыңнан шықсын. Бұл сасық дүниеде болмаса, о дүниеде! (Ш.М).

265 - жаттығу. Көркем мәтіндегі берілген сөйлемдердегі теңеу мен эпитеттің стильдік қызметін, сөйлемге әсерін анықтаңыз.

- Сейілхан ағам ақ жарқын, әзіл-қалжыңға да бай. Оның әсіресе көп ойнайтыны өзінің құрдасы Әлмұқан, Әлмұқан да Сейілхан сияқты ірі денелі кісі, бірақ бір-біріне ұқсамайтын екі адам болса, осы екеуіндей-ақ болар. Сейілханның денесі тарамыс, иығы кең, мықын жағы қысыңқы келсе, Әлмұқанның денесі болбыр, толық, иығы қушық та, қарны мен бөксе жағы жуан. Сейілханның жүзі қара торы, сүйегі кең бет бедері қоладан құйғандай шымыр да, Әлмұқан ақ сары, екі беті семіз малдың қоң етінен кесіп алып жапсыра салғандай бедерсіз, салпы ұрт. Сейілханның үн ашық, даусы кейде шаңқылдап шығады, ал Әлмұқанның үні күңгірт, май басып кеткен ұртынан мес ішінде шайқалған қойыртпақтай болпылдап шыққан сөзіне әрең түсінесің.

- Николай Топорков Қасымбектің ротасында взвод командирі, шынашақтай ғана жігіт, кішкене гимнастеркасының жағасында қызыл эмаль жалатқан төрт бұрышты жалғыз кубигі бар –кіші лейтенант.Кішкентай адамдардың көбісі-ақ шельендеген пысық болады ғой- бұ да сондай. Шекесі жұмырықтай, сопақ бет, аласа шот маңдай, су ішуге мойнын созған аттың басы сияқты иегі ілгері ұмсынып біткен. Өзінің кескіні – ақ қызық – қит етсе төбелесе кетейін деп тұрған тентек бала сияқты.

- Елизавета Сергеевнаның сол жағына әйелдер советінің хатшысы, инеліктей қатқан арық, сұңғақ бойлы Маруш Аршаковна келіп отырды. Мұның тұлғасы мен келбеті Алевтина Павловнаға қарама –қарсы жаратылған, бірі күн болса, бірі түн сияқты.

- Келесі күні Қасымбекке еріп мен танымайтын бір адам келді, киім киісі әскери адам сияқты емес, бірақ әскерге қатынасы жоқ жай адамға және ұқсамайды. Белбеумен қынаған шолақ тон, басында құлақшын, аяғында пима, жинақы киінген: аласалау келген төртпақ кісі –еменнің түбіріндей

- Елден шыққаным төрт айдан асып кетті. Содан бері үйірінен адасып қалған құлындай жалқымын. Рас, жанымда Қасымбек болды, сүйенішім, қармаған жалғыз талым сол, бірақ ол жан-жағымды түгелдей қоршай алмады ма қалай, бір бүйірімді жылытса, бір бүйірім қорғансыз ашық қалғандай азынап тұрады. Бұрын өзге елге барып, басқа дүние көрмегенге ме, білмеймін, әйтеуір, елден шыққалы елегізумен болам.

266 - жаттығу. Берілген текстерден меңзеудің түрі – метафора мен метонимияны тауып, оның түрлерінің стильдік қызметін айқындаңыз.

Әділеттіктен аттап өтетін, беттің арынан таспа тіліп, түйіндеп тастайтын саясат дейтін сайқал бар. Саясат – көбінесе тақ үшін талас. Тақ

дегеніміз – күш. Күшті болу үшін таққа таласқандар туған әке-шеше, құрсақтас бауырын да аямайтынын тарих талмай көрсетті, көрсетіп те жатыр, көрсете де береді.

Дүниенің дидары сан қилы. Түгел біліп болған ешкім жоқ. Әлде сағым, әлде сынап. Аспараның мұздақ тауынан сырғанағандай, қайда барып құлайтының беймәлім. Сөйтсем, бұл дүние өне бойы тұны тұрған осындай оспадарсыз ойын екен ғой. Адамды адам қинап, содан рахат кешу, ау бастан-ақ бар екен, әлі де бар, әлі де бола береді. Кейбіреулер өтірік күледі. Өтірік күлкі – жаны кіршең, пейілі пәс адамдарға Құдай өзі басып қойған қара таңба.

-Үйде жата бергенше, адамдардың арасында жүргенім жақсы, - дейді. Оған не дерсің? Досқа тиген оқ – қойныңа түскен шоқ.

Сонда да сол үйден шықпаймыз. Арзыкүл апамның кеңдігінен шығар, кет демейтін. Қыстың тұнжыр күндерінде, көбінесе сол үй бізге жылы ұя сияқты болатын. Бүкіл ауылда газет жаздырып алатын, бірен-саран қисса кітаптары да бар, тек осы үй еді. Газетін оқып түсінбесек те, үлкендер дауыстап оқыған қиссалар – біздің мектебіміз еді.

-Сағат таққан қолдың неге ұқсайтынын білесіңдер ме? – деп балаларға қарайды. Ешкім жауап бермейді. – Білмесеңдер, сағат таққан қол – қарғы бау таққан ит. Қарашаның соңы еді. Түнімен тнеріп тұрған бұлт толғағы жетіп, таңертең қар жауды. Жаңа жауған қар – о да перзент. Күнәдан пәк. Аппақ. Алдымда не күтіп тұрғаны тағы беймәлім. Екі аяғым – ат, екі қолым – қамшы, жетекшім – үміт. Күн еңкейген сәтте, алыстағы Қошқарата, Боралдай, Құлан тауларының үстіне қонақтаған бұлттар ғажайып қызғылтым, қызыл күлгін бояуға малынды. Артыма бұрылып, Тәңіртауға қарап едім:дүние-әлем жанартаудан жаңа жаратылғандай алып айдаһар жалындап жатыр екен. Жанартаудың жалыны бізді де шарпып, өртеп жіберердей бір түрлі үрейлі екен (Ш.М).

Қара қарға болса да барқылы «ем» зар –зар!

Бірің – күн де, бірің түн, бір кемеге салса да ,

Сыйысу жоқ зар –зар.

Әрине, сен қу қазық, сен қу қазық

Қалмапсың ол жерінде жолдан жазып.

Балауыз балбыраған бала бұлбұл

Қалайша жапалаққа болады азық (С.Т.).

267 – жаттығу. Төмендегі мәтіннен кейіптеуді тауып, оған талдау жасаңыз.

Және екеуміз бір киім сияқтымыз: ол-тысы, мен – астары; өз жағын мейлінше жақсы байқап, әдемі сипаттайтын бүркіт, менің жағымда да біраз шолғанмен, астардың бүктесініне бұғып жүрген кейбір сырларымызды байқай да алмаған сияқтымыз.

Қызға тән қылығына, мінезіне қарап мен оны жаңа ғана бүршік түйген бәйшешекке ұқсатам. Қауызынан әлі ашылмаған бәшешектей, бұл да ішіне қарай бұға бүрілген байғұс!.. Бұл да әлі бүршігінде бұғып күн көрмеген бәшешектің жапырақтары сияқты тым жұқа, тым нәзік, тым қалтырауық. Ертең іштегі дәні

толығып шешек атқан шақта қандай көрікпен жарқырап екен бұл?.. Қаланың қолдан суарып өсірген, жапырағы кең тармақтанған, бірақ бұрқыраған иісі жоқ гүліндей құлпырар ма екен, әлде, кең далада әлденеге қысыла өскен, көлемі киттей, бірақ, тамаша иісі аңқыған гүліндей құлпырар ма екен?.. Қайсысы болса да, бұл әзірге гүлі ашылмаған, тек, бүршігін жаңа ғана түйген бәйшешек!..

Енді, кеше, Еркіннен сөз естігеннен кейін, қабағын қарс жауып, қанын ішіне тарта сұрланып алған әкеме Қайрақбай түгіл, оның әкесіндей кісінің де жолай алар түрі жоқ. Сондай қалпын көрген Қайрақбай, күжірейіп тұрған үлкен бұқаға жанасып баруға бата алмай, мұрнын шүйіре, құйрығын шипақтата алыстан қараған тайынша бұқадай мүсәпірсіп қана жанасады.

Тамырынан жұлған көктей, кіп-кішкене күнімде қайлардан қайларға қуып әкеткен тағдыр, өскен топырағыма қайтадан көктегелі келе жатқанда, мені ол топырақтан жұла алмас енді... Туған жеріме деген мөлдір махаббатымды ешкім енді сөндіре алмас!.. Мен, енді, оның жаңа ұшқынына қосыла, бірге жалындармын!..

- Он үште отау иесі» деген. Оған да кеп қалған жоқ. Содан кейін, қашан ұзатылып кеткенше ойнап-күліп жүруіңнің ретін өзім келтірем...

Ұзатылу?! – дедім мен шошынғандай, - қалың бергені бар ма?

Жәрдем малынан дәмесі барлар атқа қонған шақта біздің де аттануымыз жиілеп кетті. Аралап жүрген қалың топтың сөз түрінен байқасақ, келісімге келместей екіге жарылып жүр. Аттылар тоңдылардың, беттерінде тоқтылық белгісі ойнағандардың сөзіне қарасаң, қанжығаларына байлай келген нөкта-жүгендеріне, жіп-шуларына жәрдемнің олжа малдарын тізе тіркеп қайтпақ, ал ашарық екендігі көлігінен де, киімінен де, кескінінен де байқалатындардың сөзін тыңдасаң, «әлі бар» дегендерге тышқақ лақ бергізетін түрлері жоқ (С.Мұқанов).

268 - жаттығу. С.Мұқанов шығармаларынан алынған мысалдардан сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасап, стильдік қызметін көрсетіңіз.

Ал сөздері расында да қасқырдың сөздері. Ол сөздердің ұзын-ырғасын ғана айтқанда, халықтың арасында Совет үкіметіне қарсы наразылықты қоздыру.. сөйлеміндегі қасқыр сөзі қатыгез, жауыз адамдарға теңеліп, алмастырылып тұр.

Бұған тапқан айлалары – келген малды болыстарға бөліп айдатады, ондағы Ревком бастықтары байлар, немесе, солардың құйыршықтары, кімге үлестіретін олар жақсы біледі.

Қайрақбайлар қайтқанша, Торғайдағы қаратаяқтар мен атқа мінерлер оңаша үйде бас қосып, мал айдап келгендерді қарсы алудың, малды қалай үлестірудің тәртібін келісіп алды

Боран мен аяз кезектесіп бірінің орнын бірі басатын, Сібірдің қахарлы суық қысында «май тоңғысыз» атанатын кейбір күндер болады. Ол күндерде жел құлаққа ұраған танадай тынады. Аспан айнадай жарқырап ашылады. Төбеде төңкерілген аспанның көктігі шымқай көк барқыттай құлпырып, көзінді өзіне тура қаратпайды. Үрлеген желден бетіне ирек түскен даланы

жапқан тұтас қар, ол күні жерді бауырына басып жатқан аққудың қанатына ұқсайды...

Асқар жолаушылап пішеншілер қосына келсе, Темірбек біреуді алып ұрып тепкілеп жатыр екен. Өзгелер арашаламағасын Асқар арашаласа, Байсақалдың Елік-байы. Бет – аузы көк ала қрйдай, мұрнынан қан дірдектеп тұр.

Мына Асқар болып жаның қалды,-деді Темірбек жұдырығын безеп, - әке бабаның аузын... құныңды бір ақ беретін!... Жұмысыңды істейміз... Аштан қыратын әкеңді өлтірдік пе?»-деп қанын ішіне тартып, қатты ашуланып тұр екен.

- Ойпыр-ау, мынау жатқан шайан сары кім еді?- деді Балтабек Сарыбасқа төніп.

Итбайдың баласы Сарыбас,- деді Ботагөз.

Итбай түгел Шошқабайдың баласы болсаң да жоқтауыңды бір-ақ асырайын!» - деп Балтабек тұра ұмтылады.

269 - жаттығу Көркем шығармадан алынған келесі мысалдағы эпитеттер мен теңеулерді пайдаланып сөйлем құрастырып, олардың стильдік ерекшеліктеріне талдау жасаңыздар.

Мейірімі аз, қаталдығы мол дүние; сұм заман, құраған қу заман; адам қынадай қырылып жатқан заман; тұрымтай тұсымен, балапан басымен кеткен заман; сұрқия дүние; алты батпан ауыртпалық; тәлкек тағдыр; Жарық Дүние; былғаныш дүние; созалаң соғыс, адамнан бастап бәрі құрдымға кеткендей құрыған заман; жалмауыз заман; опасыз дүние; ит тағдыр; балапан басымен, тұрымтай тұсымен, әр өз күнін күйттеп кеткен қу заман; жалған дүние; тарпаң тағдыр; сұрқия сұмдық, сойқан соғыс; беймәлім, бұлдыр дүние; армандар ағысы мұхитқа айналған заман; боз боран дүние; ақжарылқап заман; зорақы заман; сасық дүниеде; жайдарман дүние; су жаңа, тап-таза, бейкүнә тіршілік; жаңа дүние; кең дүние; Аппақ дүние.

Аспараның мұздақ тауынан сырғанағандай; ақыр замандай ауыр; жынынан айырылған бақсыдай; адамдарды қан қақсатқан, ызғарлы суықпен сүйегін сырқыратқан дүлей дию сияқты; сүйек қажаған сиырдай; ақ теңізге ақ желкен көтерген кемедей; боз-ботана сұр айдаһар сияқты; арланынан айырылған қасқыр-құртқа; ақыр заман азан шақырғандай; ерте көктемде туып, күзге қарай шыбыш жасына жетпей, қарны қампиып қалатын ұрғашы лақтар болушы еді; аждаһа көрген көжектей; тақуа тақілеттес; аршыған ақ пияздың қабатындай.

270 – жаттығу. Төмендегі Сәбит Мұқановтың шығармасынан келтірілген үзіндіден сөзге өн беру амал-тәсілдерінен бірі-көркемдеуді (эпитет) тауып, сөйлемге әсерін анықтаңыздар.

Содан соң көзге көрінбей кеткен, таса болған бірақ, көкірегінде сайрап тұрған күлімкөз елес те бірте-бірте солғын мұнар ортасына шегіне түскендей.

Оны мақтаушылары да: «соғысқа қойып кететін батыр екен, алысқан жауына аяуы жоқ батыл екен, сілтегені теріске кетпейтін мерген екен, алысқанның қапысын табатын тәсілқой екен, өз денесіне қару дарытпайтын епті екен!» деп көтермелеседі.

Бір күні, оқудан қолым бос шақта үйіне барып отырсам, былай да қылжақтаса, әзілдесе беретін ол, қытығыма тиетін әлденелерді көңірсітеді: - Анқылдаған ақ көңіл бала ма десем, тегі түлкінің күшігіндей жылтындаған қу баласың ба деймін, ә?-деп бастайды ол әзілін (С.М.).

271 – жаттығу. Төмендегі үзіндіден синехдоханы тауып, бар болса оған стильдік талдау жасаңыз.

- Мен орнымда сілейіп тұрып қалыппын, Дуня апай барып есік ашып жатыр. Светаның уысымды сәл нұқып жіберген алақанының суық қимылы жүрегіме барып тық ете қалды – ыстық сеземіме салқын бір тамшыны шым еткізіп тамызып жібергендей.

- Прошка бұ жағынан маған таптырмайтын ақылшы болып алды, мәз болып етегімді толтырып әкелген саңырауқұлағымнан көп болса қос уысын қалдырады. Әсіресе сұрғылт сисаға ақ бұршақ сепкендей, әдемі саңырауқұлақты лақтырып тастап жатқанда, ішім удай ашиды.

- Сол көктемде өкпек желдің өтіне шығып, суға салған қанттай солып қалған қарды күтірлете басып, асыр салып жылдағыдай ойнай алмадық. Көбіне бүрсиіп үйде отырамыз.

- Жаз жайлайтын жалпақ адырлардың арасында жатқан Қыналы мен Жосалы көлдері (екеуінің де жағалауын қалың қамыс пен қоға көмкерген, мал суаратын арнаулы жері болмаса – су жиегіне жете алмайсың), қырдағы ұзындығы екі шақырым сырт суреті картадағы Каспий теңізінен аумайтын қара сор (бетіне қап-қалың боп тұз қатқан сордың дәл жиегінде түп-тұщы, мөлдір бұлақ бар), бір кездегі менің жазғы мекенім еді.

- Мана да сол құрбандыққа апара жатқан тоқтыдай айдаған жақтарына жүре беріп едім, енді бас жібім босап кеткенде... қалай жан сақтауымды білмей сасып тұрмын.

- Одан Светамен тағы да айға жуық бірге жүрдім. Қасымда серігім болды, серік емес-ау, басшым болды. Жетекке ерген тайыншадай соңынан еріп, тағдырымды соның мойнына артып жетелеген жағына жүре бердім. Енді аяқ астынан Светадан айрылып, қалың орманның ішінде жалғыз қалғанда.

- Светаның ойына кәріліктің қайдан келгенін білмеймін, өз басым осы аз жасымда кәрілікті ойлап көрген емеспін, ол әзірге менің қолым жетпейтін алыс дүние.

Аяқ-қолымыздың домбығып ісіп кеткенін, өзіміздің жаурап қалғанымызды елемей, осы бір жұмсақ дүниенің ішіне асыр салып, жүгіре бергің келеді.

Енді, мінекей, қайтып келем. Осыдан елге аман-есен жетсем. Алғаш ашатын таныс есігім сол-Хайбри абзидың есігі болмақ. Ар жағы –ел-жұрт, кең дүние.

Содан кейін еш нәрсені анық сезбеймін, ұйқы мен ояудың арасы ма, өлі мен тірінің арасы ма, бір бұлдыр, буалдыр дүниеге кіріп бара жатам.

Бұл тіршілік көшпенді қазаққа пәлендей тосын көрінбейді, көшіп бара жатып, жолшыбай кәдімгі қос тігіп аялдаған сияқты, тек бір айырмасы қазір жаз емес, қыс, соған орай қостың орнына уақытша жеркепе қазып алған. Ал мен жатқан жеркепені, «уақытша» деу де қиын, тек есіктің орнына қалың кенеп ілгені болмаса, төбесін сірестіріп тұрып қарағай бөренелермен жапқан мығым дүние, дәл төбеге тақау іргеде кішкене екі терезесі бар, күндіз кәдімгідей жарық (Т.А.).

272 – жаттығу. Берілген сөйлемдердегі теңеу мен эпитеттің стильдік қызметін, сөйлемге әсерін анықтаңыз.

Нұрланға қарап бір нәрсе айтты. Ал, Анна оған жауап берді.

- Луиза айтады, - деді Анна, - атқа мінуді үйретсін, - деп. Күнбағыс егілген даланы аралап көрейіг десем, атқа мініп жүре алмаймын дейді. Нұрлан ес-ақылдан айырыла басын изеді. Көп изектепті, өйткені қыз бен кемпір рақаттана күлді. Сосын бүйтіп мазақ болғанша кетіп қалайын деп ойлады, еріксіз күш екі иығынан басып тастаған, қозғалуға шама жоқ.
- Сенің шашыңды мақтайды, мына қыз, - деді кіндік шешесі. – қап қара, әрі бұйра, әрі қалың, екен дейді. Мен айттым: бұл Шыңғыстайда менің кіндік баламнан сұлу ешкім жоқ деп. Рас, Қожақ әдемі-ақ, бірақ ұр да жық, ішкіш әулекі жігіт, - деді. Нұрлан бүгінге дейін шәй десіп көрмеген, өзінен бес-алты жас үлкен жігітке өлердей өшікті. Жұрттың бәрі сұлу дейді, қай жері жетісіп жүр. Үнемі арақ сасып, жуынбай жүреді.

Көзінің астымен Луизаға қарады. Екі жанары жанып, жайбарақат картоп жеп отыр. Беті қандай аппақ, - деп ойлады, - бор жағып қойғандай. Ал шашы... тек қана түске кіретін шығар. Қайдан ғана сап ете түскені белгісіз оның есіне Қожақ барқырап айта берер ән оралды: «Анаңнан айналайын сені тапқан» (О.Б.).

273 – жаттығу. Берілген диалогтардың жасалу жолын түсіндіріп беріңіз.

- Өртеніп кетерміз, аға.
- Өртеніп кетсек арман не... Кеңірдектен жалған қардың ортасынан өрт шықса, әлемге әйгілі жаңалық болмас па еді... Сонымен...
- Сонымен, аға...

(О.Б. «Қар қызы» 67 б.)

- Былжырамай жатыңдар ,- деді Аманжан ырсы-ырс етіп. – Жалаңаш денелеріңе ыстық су шашып жіберемін.
- Сенен ондай ерлікті күтуге болады, - деді Нұржан бетін суық сумен шайып. –Ал қышуың қанса, есікті ашайын.

(О.Б. «Қар қызы» 79 б.)

-Кеттік! – деді жанына жайғасқан Бақытжанға.

-Кеттік! – деді ол да.

(О.Б. «Қар қызы» 173б.)

- Аға, сіздің үйден оразаңызды ашып шықпаймыз ба? – деді Бақытжан.
- Қауіпті тапсырмамен аттанып барамыз, мүмкін, бұл ақырғы дәміміз шығар...
- Қайдағыны оттама!- деді Упрай.
- Үшкірсе, кейде ашылып қалады. Үшкірген жағада, - деді.
- Үшкірсе, мына балаң молда боп келді ғой. Үшкірт балаңа,- деп, Айғыз күлді.

(М.Ә.«Қайтқанда» 15б.)

- Паспортыңыз қайда?
- Бөлмеде
- Мамандығыңыз...
- Архитектор.
- Қашан, қайдан келдіңіз?
- Осыдан бір тәуләк бұрын, Алматыдан.
- Нендей мақсатпен?
- Осы Ақтау қаласын жобалаған менмін.

(О.Б.«Жетім бота» 202б.)

274 – жаттығу. Берілген үзіндідегі комика тудыру тәсілін анықтаңыз.

Екі милиция бір- біріне қарап, әлденеге мәз боп күліп отыр.

Көп күттірмей ар жақтан біреу трубканы көтерді.

- Аупарткомның кезекшісі тыңдап тұр, - деген ер адамның зор дауысы саңқ ете түсті.
 - Деж...дежурный... мен... Әштен, - деді ол қанша сыр білдіргісі келмесе де, тілі ерікке көнбей.
 - Кім?
 - Әш-тен! Әш –тен! Келдібаев. Ес...ескерткіш...тің түп нұс... қасы. Мені жап...жапқалы жатыр. Иә! – Ол екі милицияға бұрылды. Ол екеуі оқиғаның қандай бағыт алып бара жатқанын толық түсіне алмай оған аңтарыла қарап отырған – ды.
- Адрес... адрестеріңіз қандай? – Әштен.
- Аудандық милиция бөлімшесі. Жұрттың бәрі біледі. Әштен трубкаға қайта сөйледі.
 - Ауд... аудандық милиция. Иә. Жұрттың ... бәрі біледі. Әштен трубканы қойып, орындыққа жайғасты.

(Д. И. « Ескерткіш» 222 б).

275 – жаттығу. Берілген монологты оқып шығыңыз. Монологтағы лексиколық, фразеологиялық, грамматикалық құралдарға талдау жасап, ойды жеткізуде атқарып тұрған стильдік қызметін көрсетіңіз.

Осының бәріне кім кінәлі? Неге? Мен емес, сен емес, ол да емес – ешкім де емес... ұшығы мен түйіншегі жоқ дөп-дөңгелек дүние: қай жерден кіруге болады, қай жерден үзуге болады, қай жерінен шығуға болады – мықты екенінді

білейін, тауып көрші. Айталық, мен алып бір самолеттің ішінде өмір сүріп келе жатқандаймын, бірақ мен мінген самолеттің моторы жоқ, ұшарын жел, қонарын сай біледі, бәлкім, қаңбақ-тірлік дегеніміз осы шығар-ау... Біз асқан ақылды дәуірді бастан кешудеміз, сондықтан да әлемнің ақылгөйсiген бетiне қарағым келмейдi, жек көргендіктен бе, әсте олай ойламаңыз, тым-тым сұңғыла да сақ тірліктен шалдыққаным шығар. Мен ертерек туылғанымды сезе бастадым. Ал Ақбота өте кеш жаратылған. Ол он сегізінші ғасырға лайық адам. Бүгінгі ғылыми-техникалық дамудың қолды-аяққа тұрмайтын асығыс ағысына ілесіп, иін тіресе итермелескен итіс-тартыс суетасына көндіге алмаған. Осыдан барып шулы қаланың, ластанған ауаның, самолеттің гүрілі жанына туа біткен он сегізінші ғасырлық психологиясына қатты әсер еткен. Осыдан барып, қазіргі дәуірге лайық келмейтін бүкіл организмі уланған, демек биосфераны техносфера жеңген. Ол бетонға еккен гүл секілді... Мұнайдың ішіне қоя берген балық секілді...

Менің, жалқы ақиқатқа көзім жетті. Ғашық адамның бейнесін жалғанда да жоғалмайды екен. Оның тек өзің үшін ғана жаратылған, тек өзі ғана ұғып, көре алатын көркем бейнесі жер шарының, әйтеуір, бір пұшпағында адаса жүргені рас. Сені оны түптің түбінде табасың. Бозбала түндегі бозбала шақтың іңкәрі болған Қыз махаббат құсына айналған да, пыр ұшып ктекен екен-ау. Содан бері осы Атырау жағалауын мекендеген, Ақбота сол! Жастығымның ақ құсы. Менің басқадан гөрі бақыттыларым – періштенді өлтірмей Ақботаның бейнесінде көруімде.

- «Монданақтай жер шарын мәңгілік махаббат, оның өзінде бізге әзірше беймәлім тәңір қызының дара махаббаты ғана сақтай алады. Ал ол ғарыштың әйтеуір, бір түкпірінде самғап ұшып жүр».

(«Жетім бота». 260-261б.б.)

СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚТАН ТЫС УАҚЫТТА ӨЗІНШЕ СТИЛЬДІК ҚАТЕЛЕРДІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУГЕ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАН АЛЫНҒАН МӘТІНДЕР.

276 - жаттығу. Баспа беттеріндегі жарияланған мақалалардан стильдік қателерді тауып, оларға стилистикалық талдау жасаңыздар.

1 Тұзды су шашты сірестіріп, шаштың өңін ашпай тастайды. Суды жұмсартатын заттар шампунның құрамында да бар. Бас жуатын сабынды немесе шампунды пайдаланғанда шашты ұйпалақтап, шатыстырмай, біркелкі жууды ескерген жөн.

Бұл жолы Валерия өзін алдына үлкен мақсаттар қоя отырып, ән әлеміне өзіндік жаңашылдығымен келгендей сезінеді. Құмаш атаның бүгінгі ұрпақтарыны- біз атамыздың ерлігіне бас ие отырып, кезінде өзі айтып кеткен өсиеті- еліміздің гүлденуіне барынша үлес қосамыз деген үміттеміз. Мәжіліс депутаты жетімдер саудасы басталғаннан бері оны қаузаумен келеді..Мәселен, бұрындар қайтып келген қыз ел бетін көре алмаушы еді.Аттары айдай әлемге дабыра болатындар,

әдетте, саясаткерлер, елбасылар, президенттер, корольдер. Ал енді ата-бабаларының жақсы қасиеттері мен кемшін тұстарын бойына дарыта туған ұрпақ өзінің өмір жолында жанын жақсартып, мәңгі ізгілікке қарай ұмытылуы да, иә болмаса дүние есігін ашқан кездегі ізгілікке дәрежесін төмендетіп алуы да мүмкін.(3,5,9,30,31-беттер) № 5, 6. 2005) (Қазақстан әйелдері).

2 Сабақтан алдын-ала балаларды орманға, экологиялық мұражайға саяхатқа, бақылаулар мен тәжірибе жасап, өлеңдер мен тақпақтар жаттатылады. Соңында балалар шеңбер жасап, бүгінгі атқарылған жұмыстарына ой пікірін ортаға салып, сабақ аяқталады. Балаларға мен айтып тұрамын, қақпақпен жоқ сандарды атап, көрсетіп тұрыңдар. Балалар қыс мезгіліндегі табиғат өзгерістерін, ормандағы аңдарды көрсету арқылы олардың, ой-қиялдарын арттыра келіп дамыту. Өз ісінде ізденгіштікті ғана қолданған, біздің ұжым білім мен білікті жетілдіруді, сөйтіп болашақ ұрпаққа өмірге сай талабына білім беруді басты мақсаты айналдырды. Сөзден сөз бастау, өлеңнен шырқамасақ, қандай көңіл көтеру? Балалар сендерге көп-көп рахмет, өнерлерің биік болсын демекпін, айтарым осы сау болыңдар. Шынында солай, қажырлы еңбекті дәмді-дәмді тыныс алумен алмастыра жүргізгенде ғана адам денесі шаршап, қажымайды, әрі жұмыс та өнімді, берекелі болады. Тәрбиешілер балалардан математикалық ұғымдарды бекіту мақсатымен қанша күлше, қанша сықпа құрт жасалғанын, әрқайсысы қанша құрттарды жасалғанын сұрайды. Тартылыс күштері белдеуінің өзгеруі тарелкалардың тарытылыс-кері тебу күштерін өзгертіп қана қоймай, ең алдымен кеңістіктің қисайып, бағытын өзгертуіне мүмкіндік туғызады (2,14, 17, 19-беттер. Отбасы және балабақша).

3. Қыстың сықырлаған аязында міндетті түрде баран түсті жылы киім кию керек емес (1-2008; 28 б.). Қоғамымызда толғағы жеткен мәселені шешуге деген ұмтылыс бар (6-2007; 26.). Біз шекарамыздың аржағында не болып жатқандарын да анық көріп, түрлі-түсті реформалар негізінде халықтың тұрмыс деңгейіне және биліктің сапасына көңілі толмайтындығы, қандай да бір сыртқы әсерлердің күшейе түсуі жатқандығын да жақсы түсінеміз (5-2006; 16.). Қазақстанда тұрақтылыққа нұқсан келтірмейміз, жастарды теріс ықпалдардың жетегінен аман алып қаламыз десек, елімізді мекендейтін халықтардың ықылым уақыттан бергі мәдени, материалдық және рухани құндылықтарын сақтап, одан әрі дамыта түсу мәселелеріне айрықша мән беруіміз керектігіне делегаттар назар аударды (5-2006; 36.) (Қазақстан әйелдері).

4 «Гүлдерден» соң мен «Ауылым», «Анашым» деген екі өлең жаздым. Бұлар аудандық газетке жарияланды да «Ауылым». Газет қызметкері өзгертіп, түзеп жібергенмен, (соңында менің аты-жөнім, оқитын класым көрсетілгеннен соң және өзім осы тақырыпта өлең жазып, үшбу хатпен аудандық газетке жолдағаннан кейін танып, менің өлеңім деп отырмын), жырға өзек болған ой-сезім - шын менікі. Дүкенге апарып, өзіме лайық зат болса - алғызу.

- Бір ұрттатшы, - деп сұрайтын ол. Інісі, әрине, бермейді.

Бұның бәрі бәрібір миыма сіңбейді, келесі күні тағы да Роза құрбыма тартамын тұра салып. Кейде көшеде кетіп бара жатқан әлдекімнің сұлбасын соған ұқсатып, елеңдеп қаламын.

Қайын әпкем Сәуленің күбірі шалынды құлағыма. Қыста ауылда күйбең тірлік басым, бықсыған көмір иісі, суық. Ауылдың аптап ыстығы. Мұрнынан қан ағызатын, есіңнен таңдыратын сондай бір таза аптап. Бірақ оған уақыт тар. Сіркем оған су көтермей тұрған. Күйеуім негізі мінезі жұмсақ адам. Аяғының астында, бұратылып жатқан маскүнемге «Өтіп кейін рұқсат етіңізші» деуі мүмкін қиылып. Ал, мен ала дорбамды асынып, жолсерікке қалтамдағы бар пұлды беріп салып ұрып келемін. Үрпийсіп отырмыз. Жеме-жемге келгенде ешкім дайын болмай шықты әңгімеге.

Менің пайымымша, қарғыс-дәрменсіздің, әлсіздің құралы. Мұратты бұрыннан танитын болса керек, немісше әлденені тақылдап, қонақ күтетін бөлмеге енгізіп үлгерді. Өкінішке орай ма, бақытына қарай ма, Мәриям апасын жоқтатпаған Руфь ханым былтырғы жазда ұшақ апатынан бақилық басыпты.

- Ата, тұрыңыз, жеттік, - деді Бату толқи («Жұлдыз» журналы, №5, 2007).

5. Ол жүйе сол мемлекеттің ішкі құрылымы өзгермей\ақ жетілдіріле беруі мүмкін. Тұжырымдама – ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжат. Бұл анықталғандар отандық және әлемдік даму қағидаларының кіріктендірілуі негізінде жүргізілген. Білім беру жүйесінің жай-күйі, ... педагогикалық тұрғыдан өте дәлелді негізделген. Тұжырымдаманың көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін анықтау... мақсаты орынды анықталған деп есептеймін. Білім берудің деңгейлері мен мазмұны жайлы тұжырымдама ұстамын сөз етсек. Кәсіптік даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған жоғарғы білім беруді толығынан құптаймын. Халықтың дәстүрлі төл өнері арқылы жеткіншек ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруді қалыптастыратын жолдардың бірі - қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарын оқу-тәрбие барысын тиімді пайдалану. Мынадай талаптар қойылады:

- Ғылыми, философиялық, діни, әлеуметтік, құқықтың әлем бейнесі жөнінде, адам өмірінің мәні, міндеті мен мағынасы жөнінде ұғымы болуы;
- Қоршаған ортаны қорғаудың көкейкесті мәселелерін
- Пәндердің әдістану негіздерін, қоршаған болмысты тану әдістемесінің ерекшеліктерін, көр-к іс-әрекет тәсілдерін білуі керек;

Мысалы, «Қазақ қолданбалы өнеріндегі дүниетанымдық түсініктер», «Қолданбалы өнеріндегі бояу түстері», «Қазақ қолданбалы өнердегі кеңістік-жер-тіршілік тынысының көріністері», т.б. тақырыптарда мән жазба мен курстық жұмыстар орындалды.

Біздің түлектеріміздің 90%-і бөлінген жеріне жұмысқа уақытында барады.

Біздің тәжірбие мен білімнің жетіспеушілігі салдарынан балалар барлық кезде өздері қатынасын жасайтын істердің маңыздылығын өз беттерінше бағалай алмайды.

Жоғарыдан: Шаңқұлова К., Балмырзаева Б., Тұрмантаева Р.

Төменнен: Жүгінісова Н., Шоранова Н («Бастауыш мектеп», №5 2004).

277– жаттығу.Төменде көркем шығармалардан, газеттер алынған сөйлемдердің құрылысында қандай стильдік қателер бар, логикалық және стильдік қателердің түрлерін ажыратып, олардың себебін түсіндіріңіздер.

Сылқ-сылқ күледі. Құдай енді байды көрсетпесін дейді зәрезап-зәтте болғандай.

Зәрезап-зәтте болу - ығыр болу, запысы шығу.Оның бұзатерлігін. Дәу апаның шайпау мінезін жақсы білетін балалар көп жоламайды Тошанға.Сыптығыр қара батылданып, орнынан тұрды.Бұның жасындағы шалдардың көпшілігі әлдеқашан тәубесіне келіп, кейбіреуі сәждеге жығылып, тып-тыныш беймарал өмір сүріп жатыр (Т.Әбдірайым «Меңді қыз»). Көрдіңіз бе,тіпті отынды да жатып алып жарамыз.

Олар екі жағымызды орап бараятыр(С.М.).

Қайда баратқанын тек Мұхаммедия ғана біледі (Ғ.М.).

Әйел адам білімді, ақылды болғанда ғана отбасын шайқалтпай, тербетіп отыра алады, ақылмен ғана жұмысын дөңгелете алып кете алады (№5, 2007). Түйдек-түйдек бұлттана тұнжыраған далада анда-санда көтеріліп – басылып тұрған дауыл базардың астаң-кестеңін шығарды (№1, 2006).Мәселенки, «Жастар» бағдарламасы бойынша жасы отыздағы жас отбасы жеңілдікпен пәтер алуға мүмкіндіктері бар (№5, 2007).Танысып сөйлескен бойда жақынырақ білісе түскеннің орнына Арманға жұмбақтана түскендей болды (№1, 2006) (Қазақстан әйелдері).

Дүниедегі ең биік әйел Дзень Жулань Қытай 1964 жылы туып, 1982 жылы қайтыс болған (Парасат,2001).

Неге ойым ызғымайды Құлагердей, Шабыттың міндім бе әлде шоқырығын! (№39, 2005) Ал сиырлар сол жылқы ашқан жердің шөбін ташық етеді екен (№5, 2003) («Ұлан»)

Шалғын шөбі жайқаып,гүл көмкеен Есіл жағасы тілім-тілім жыртылған (№9, 2004).Шырақшы үнсіз жаялықтай орамалымен қан сорпа болған бет-аузын сұртумен болды (№9,2007). Тергеу аяқталған кезде Сергей Глушенко айтқан деректердің өзі алқа соғып қалды (№9,2007) (Қазақстан әйелдері).

Бейне бір қайығынан айырылып,жападан жалғыз,белгісіз аралда қалғандай (№7,8 ,2004). Ауылдағы бір кездегі сулетті үйлер мен бала бақша,клубтар бұл күнде тек қаңқалары мен үйіндіге айналған орындары ғана қалған (№7,8, 2004) («Алға»).

Мен оларға өз білгенімді үйретіп айтқан сайын Алла маған солғұрлым көп білдіртеді.Осынау сахнаның жас шеберлерін көріп,бірге жұмыс істеп,олардың үлгісін,тәжірибесін алған мен өзімді бақытты адаммын деп мақтанамын. Егер режиссердің назарына ілікпей байқалмаса,ал адам тасада,яғни талай көзі ашылмай қала берсе оған таңқалуға болмас . Мен кейде шәкірттеріме: Жүректеріңді тазартыңдар. Жаман ойға берілмендер»,дегенімде түсінбей жатады. Ел жұрт нарықтың азулы қоспағына іліге бастағанда Жұмашевтар тастанды балаларды қалай асырайды екен деп жерлестері перзентхана тіршілігіне елеңдеп жүрді. Құлындаған дауысы құраққа ұшқан

тастанды баланы жерден көтеріп алып бауырға басу,өмірін жауапкершілікке алу үшін қаншама ақыл ой мейірім төзім күйініш үміт сенім адам бойынан табылуы керек. Ең үлкен олжамыз елг келгеніміз дегенінде көңілі толқып,риза болғанынан: Онда ертеңнен бастап кіріс,деп шығарып салған Алтыншаш апасы оны көп ұзамай Агенттіктің өзіне ұйымдастыру және қаржы бөлімінің бастағы қызметіне қабылдаған (№1,2006) (Қазақстан әйелдері).

278 – жаттығу. Берілген Дүкенбай Досжанның «Гольфстрим» хикаятындағы сөйлемдерде қандай стильдік қателер бар, және қателерді тауып, стильдік талдау .

Ай, қатын көкейінді тескен жалғыз нәрсе екеінін баяғыдан білем. Мегежінге ұқсап еркекке еш тоймайсың.Жоталанып, бұйраланып, арқа төсіне жаңадан салынып жатқан ақшаңқаң қалаға ұқсап көк аспанды жайлап бұрқырап шыға келген бұлт селіне қарайды да ғажайыпқа қайран қалады.Бәз-баяғы мәрт мінезін, табиғи қалпын, сахарлық сақылығын алға тартты.Қазақ жерінде өсіп-өнген арыс ешқашан таза арыс болып қала алмайды, көз жұмғанша қазақ даласының бір бөлшегімін деп, жусан иісін емексіп, өксіп сағынып өтер дала перзентімін деп өтері хақ. Мына қазақтар барынша даңғай, бөспебай халық, қарадүрсін жандар.Уағында ескеріле бермейтін, күнделікті көріп жүрген, мезі еткен тіршіліктің бір пұшпағы секілденіп өте шығады.«Германия, Германия, аш құшақты, Бір сенімен жетеміз ұшпаққа! Ой, пәлі-ай. Қалай-қалай дестелейді десеңші. Берг, мына бір туа қалған шығармамады орысшаға қарап берші.Қазір ертенгісін тұрып, шайымды ішіп, жұмыс бөлмеге еніп, қағаз бен қаламға жүзінуді ойлағам. Қазір ертенгісін тұрып, шайымды ішіп, жұмыс бөлмеме еніп, қағаз бен қаламға жүгінуді ойлағам. Салты, ғұрпы бөлекше жаңа ортаға сия алмай өзімді біртүрлі қораштадым. Жүрісіміз қораштау. Жолбарыс мінезді жылы ағыс Антиль ағысымен ұмар\жұмар қосылды. Ендеше қазақ ұлты жер бетіндегі мыңдаған ұлыстың ұйытқысы, жылы ағысы болмағанда қалды несі. Құдай үшін жан баласына тіс жармаңыз, құдай үшін, құдай үшін құдайға қараған адамсыз. Байқаңыз. Ересектер бірпәс үйіне бас сұқпай ма? Кеден өткізе қояр ма екен, мемлекет мұрасы деп. Шекелмен шекең шылқып өмір сүре алмайсың. Асыл ақша, бағалы қағаз түрлерін өмір бойына жинаған Макаров Еврей қыркүйектің ішінде өзіме телефон шалып, үні қарлығыңқы шықты іріп. Қазақ ұлты мың сан халықтың бойына барақатты гольфстримі күш ұйып тұрған. Сіздерге айтарым, Марат Мәжитов - ізденімпаз жазушы деп айтпақпын. Осымен еврей дсым Макаровтың естелігі тамам.

279–жаттығу. Төменде газет - журнал материалынан алынған сөйлемдердің логикалық және стильдік қатесінің түрін ажыратып, олардың себебін түсіндіріңіздер.

Баламнан сұраймын: неғылмайсың деп кейіп жатқаным (№9 2005)

Осы қолдау кейбір сәтсіздіктерге қарамастан Саржанның күресті өрістетте беруіне өріс ашты. Бірақ Қоқан күшбегінен уәде еткен көшек атымен болмады (№9 2005) («Айқап» журналы).

Емтиханда шама-шарқынша тыраштанып дайындаламын деп, соңғы уақытта діңкелеп шаршасам керек (19 б.). Дәл сол үшін қан жұтып

қайғыратындай дәнеңе жоқ, бүлінген тағы ештеңе жоқ (19 б.). «Соңымнан сөз қалмасын» деп, төсек –орнымды төмендегі кәстеләнша келіншекке қол қойғызып тапсырып қайттым (19 б.). «Бұл жерден отыз екі жүруші ме еді?»-деп бірнеше кісіден сұрадым. Бәрі де шыбындағын жылқыдай басын изеседі (20 бет). Келесі күннен бастап сабаққа дайындықтар, соңынан емтихандар кезектесіп киіп кетті де, қолым босамай қалған (28 б.). Содан, сенің ұзақ жылдар бойы ақ тер, көк тер боп жинаған «қазынаңның» оншақты бетін немкетті көңілмен парақтайды да, былай қарай ысыра салысатын (31б.). Түрмен кететінін, жастық дәуренінің нәубетке күйіп бара жатқанын, бұдан былайғы өмірнің мүлдем басқа арнаға бұрылып кететініне қиналады (32 б.). Жас сержанттың обалына қалмайын деп мен алтыда емес, таңғы бесте, яғни тура бір сағат бұрын ротаға оралғам. Баспалап келсем- ротада қалғып-шұлғып есік көзінде тұрған дневальныйдан басқа тірі жан жоқ (42 б.). Кезекші сержант қорыққан кезде мүлдем быдық болып кете ме, бірдеңені әзер түсіндірген болды (42 б.). Ойнап жүрген баласын бағып бір жас келіншек отыр көлеңкелеп (45 б.). Далшы-іркілдеген мол денелі қараторы кексе апай екен (59 б.). Мейрамхананың ат шаптырымдай кеңдігі қайта анау дарақының айғай-шуының жарымын жұтып қойып жатыр (62 б.). Өзіммен-өзім болып мейрамханада бір адамша дем алайын деп, үстіме мынау екеуін әкелгені менің көңілімді нілдей бұзып жіберді (66 б.). Ал өзі бөлек жүретін, жоғары білімді, әсіресе нұры бетінде шалқыған уыздай сүйкімді сұлулықты қыз-келіншектер қайтып кешірсін! Бұл не шуыл деп қарасам, орталарында ағайшыл еркегі бар арғы үстелдегілерге милицияның наряды келіпті (73 б.).

Бірақ қаншалықты мықтымсып, «дед» атанғаныңмен казармалық тар тірлік, гарнизонның қоршауынан шыға алмаған қысастың өмір түрмеге ұқсап кетеді екен (75 б.). Төтріншісі ұзын мойнын дуадақ тың айғырындай созып қойып, әңгімеге араласқан жоқ (76 б.). Бұрнағы жылдары көктем шығысымен-ақ Алматы ұзатылатын қыздай құлпырып кетуші еді (76 б.). Қолға іліккенді толғажау ғып, өзек жалғап жүрміз (78 б.). («Жұлдыз» 2007. №1; Әлібек Асқаров «Социализм хикаяты»).

Ол үшін тілін үйренгің келген елдің алдымен мәдениетін, өнерін, сол елдің халқы туралы мәліметтерді өз тілінде оқып танысып ал (8 б.). «Сен» деп сөйлесу де адамға жақындықты білдіреді. Ұрыс-жанжал кезінде «сіз» деп жүрген адамыңды «сең» деп жіберуің мүмкін (11 б.). Қараторы қыздар қалай жарасымды бояну керектігін Бьонс Ноулстан үйрену керек. Ол косметикаларын үнемі өзгертіп отырады (7 б) (ДОС 03|2008).

Осыған байланысты Витас үстіміздегі жылдың маусым айында Лос\Анжелеске барып, тек ағылшын тілінде ән жаздырып, альбомын шығармақшы (12 б) Боямас бұрын тырнақтың артық еттерін алады. Сосын лактің кистісіне аздау етіп лак жағып алып, тырнақтың түбінің дәл ортасынан ұшына дейін бояйды (18 б) (ДОС 04| 2008)

Өзінің әндерін жазу үшін, Рахат атақты Дженифер Лопестің күйеуі Марк Энтонимен келісімшартқа отырыпты (8 б) Полиция жасөспірімдер

арасындағы қазақ боксының үміттері, Қазақстан және Әлем чемпионы Мұхтар Рузыбаевты атып өлтірді (15 б) (ДОС 02|2008).

Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп, «тышты», «тышты» деп ырым жасайды және оны тыштыра деп атайды.«Жаман» менің сөзім емес, анамның сөзі - көзіме пәленше еке дегенмен, сыртынан менсінбейтінін жасыра алмайтын.Бірақ менің қалғым жоқ, ақшалы екі-үш фирмамен сөйлесіп жүрмін (Пайдалы кеңестер 04|2008).

«Осы кісінің ықпалымен болса керек, Болатқызы деген режиссер маған өтініш жасады» - дейді, әнші ағынан жарыла.

Музыкант бұл клубын бала кезінен өзі жанкүйер болған ағылшындық «PORTVALE» командасының құрметіне «LA VALE FC» деп атады.

Алғашқы некесіне байланысты бір кездері өзі жайында жазылған мақалалар көпшіліктің теріс пиғылын тудырып жүргеніне Бен іштей қынжылыс білдіреді. Кездесу, тілдесу, сөйлесу пайдалы. Ал енді кездесіп жүрген адамың бос кеуде, біржалақ көк мылжың болса, міне, қасірет сол.Жастардың көпшілік, улы-шулы жағдайда жақсы демалатыны, эмоциялық сілкіністерден тез айығатыны белгілі.Артық салмақты тастап, арықта, сымбатты бол (ДОС 02|2008).

Махмуд есімді әкем жеке бизнеспен айналысады. Анар есімді анам - негізі шығармашылық адамы, кезінде мұражайда, АХАЖ-да қызмет атқарған.Мен мүмкіндігінше жас кезімде әр түрлі саланы көргім келеді.Қазір төртінші курста оқимын. Қазақ тілінен басқа ағылшын, орыс, өзбек, түрік, венгр тілдерін меңгергенмін.Бала кезімнен әндерді маған өзі жаттақтызырып, дайындап жүретін.Бірде Алматыда республикалық Үйлестіру кеңесінің кезекті бір үлкен жиыны өтетін болып, оған Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы, Үйлестіру кеңесінің төрағасы Колбин де келе қалсын («Жұлдыздар отбасы» 06/2008).

Қазір Қазақстанның батысы - басқалармен салыстырғанда ең қазағы қалың аймақ (№9 2007, 22 б). Донор табылмағандықтан елу мың америкалық қайтыс болады екен (№2 2008, 83 б). Гитлердің кіндігінен жалғыз ұл бар екен (№2 2008, 82 б). Қазақ тілі мәселесі ресми құжаттарда мақұлданса да, нақты өмірде оны насихаттау ісі «ұлтшылдық», «сатқындық» деген желеулермен айыпталды (№6 2007, 21б.). Нала қарттың айтуы бойынша ол бұл мамандықты рекорд жасау үшін алмағандығын айтады (№6 2007, 53 б) («Ақиқат»).

Қысқартылған сөздер

Абай – А. Құнанбаев
Ә.Н. – Ә.Нұрпейісов
Ә.Т. – Ә. Тәжібаев
Б.Б. – Б.Бұлқышев
Б.М. – Б.Майлин
Ғ.М. – Ғ.Мүсірепов
Ғ.Мұст. – Ғ.Мұстафин
Ж.А. – Ж. Аймауытов
Ж.Ж. – Ж. Жабаев
Е.Қаз. – Егемен Қазақстан газеті
Д.И. – Д.Исабеков
Қ.А. –Қ. Аманжолов
Қ.Ә. – Қазақ әдбиеті газеті
Қ.Ж. – Қ.Жұмаділов
Қ.М. – Қ. Мырзалиев
М.Ә. – М. Әуезов
М.М. – М.Мақатаев
Р.Ғ. - Р. Ғамзатов
О.Б. – О. Бөкеев
С.Д. – С.Дөнентаев
С.М. – С. Мұқанов
С.К. – С.Көбеев
С.Т. - С.Торайғыров
С.С. – С. Сейфуллин
Т.А. – Т.Ахтанов
І.Ж. – І.Жансүгіров
І.Е. – І.Есенберлин
Ы.А. – Ы.Алтынсарин
Ш.М. – Ш.Мұртаза

Жаттығу жұмысына қажетті оқулықтар

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы - Санат 1993 ж
2. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы 2001 ж
1. 3.Ф.Оразбаева, Г.Сағидолла, Б.Қасым, А.Қобыланова, Қ.Есенова, 4Ұ.Исабекова, Қ.Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамади, Р.Рахметова, Ж.Көпбаева. Қазіргі қазақ тіл. Алматы 2005 ж
3. С.Мырзабеков. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. 2002 ж
4. Р.Сыздықова. Емле және тыныс белгілері. Алматы,1996ж.
2. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы,1988ж.
3. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. Алматы,1988ж.
4. Н.Оралбаева Ә.Абылақов. Қазақ тілі.і Алматы,1992ж.
5. Н.Жолымбетов. Қазақ тілінің орфографиялық негіздері Алматы,1983ж.
6. М.Балақаев. Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис) Алматы,1971ж.
7. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы,1967ж.
8. Р.Сыздықова. Емле және тыныс белгілері. Алматы, «Рауан» 1996ж.
9. Р.Сыздықова. Сөздер сөйлейді. Алматы,1980ж.
- 10.АманжоловС. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері.Алматы,1959ж.
- 11.Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері.Алматы1956ж.
- 12.Аханов К. Қазақ тіліндегі омонимдер. Алматы,1958ж.
- 13.Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1973ж.
- 14.Әбілқасымов Б.Алғашқы газет тілдерінің тілі. Алматы, 1971ж.
- 15.Байтұрсынов А.Тіл тағылымы. Алматы,1992ж.
- 16.Бөйтіков Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер /1920-30/ жылдар материалынан.Алматы,1978ж.
- 17.Барлыбаев Р.Қазақ тілінде сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі. Алматы,1968ж.
- 18.Белбаев М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы, «Мектеп»,1988ж.
- 19.Болғанбаев Қазақ тіліндегі синонимдер.Алматы,1970ж.
- 20.Болғанбаев Ә.,Қалиев Ғ.Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.Алматы, «Санат»,1997ж.
- 21.Болғанбаев Ә,Қазақ тіліндегі лексикологизмдер.Алматы «Мектеп»,1976ж
- 22.Исаев С.Қазақ әдеби тілінің тарихы.Алматы, «Ана тілі», 1996ж.
- 23.Кеңесбаев І.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.Алматы, 1977ж.
- 24.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі./Жалпы редакциясын қараған А.Ысқақов/.
- 25.Кеңесбаев І.,Мұсабаев Ғ.Қазіргі қазақ тілі.Лексика, фонетика. Алматы,1975ж.
- 26.Қалиев Ғ.,Сарыбаев Ш.Қазақ диалектологиясы.Алматы,1979ж.
- 27.Қалиев Ғ.Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру.Алматы,1985ж.
- 28.Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. (оқулық) А., 2002ж.
- 29.Н.Оралбаева.Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы.—А.,1988.
- 30.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989ж.

- 31.Б.Қасым.Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілер. – А., 2000.
- 32.Б.Қасым. Сөзжасам. Семантика, уәждеме. – А., 2003.
- 33.Ө. Қалиев. Сөз тудыру жеке сала. ҚМ. 1984, № 6, - Б..
- 34.А.Байтұрсынов Тіл тағылымы.- А., Ана тілі, 1992ж.
- 35.З. Бейсенбева. Кейбір қосымшалардың термин жасаудағы ролі. – Сөз өнері.1978ж.
- 36.Бейсенбева З. Сөзжасамды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы 1998ж.
- 37.Қ.Есенов Есімдіктердің сөзжасамы – Қазақ ССР ҒА Хабар. Тіл, әдебиет сериясы. 1989 №1
- 38.Ө. Қалиев.Өнімді, өнімсіз жұрнақтарды анықтау критерийлері– ҚМ. 1980, № 9.
- 39.Ө. Қалиев.Сөздік морфемалық және туу құралы. – ҚМ.1979, № 4.
- 40.А.Т. Қайдаров. Структура односложных корней и основ в казахском Языке. Алматы., 1986.
- 41.А. Ибатов. Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі. . Алматы,1988.
- 42.Б. Қасым. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. Алматы,1996.
- 43.Шаһарман Г. Қазақ тіліндегі сан есімдерден жасалған аталымдар. Алматы., 2002.
- 44.Құрманәлиев К. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері. АДД.Алматы, 2002
- 45.Қоқышева Н. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық сатылар.АҚД., Алматы., 2001.
- 46.Есімсейтов Б.Қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер.АҚД. Алматы., 2002.
- 47.Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 2007ж.
- 48.Қасым. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уждеме және аталым.- А., 2001.
- 49.Г.Ә. Сәрсек. Қазақ тілінің сөзжасамы (жаттығулар жинағы).
- 50.Торопцев И.С. Словообразовательная модель.-Воронеж. 1980.
- 51.Словообразование.Морфология.Морфоноология. – Минск, 1998.
- 52.Балақаев М.,Жанпейісов Е., Томанов М.,Манасбаев
- 53.Б.Қазақ тілінің стилистикасы.Алматы, 2005ж.
- 54.Серғалиев М.Синтаксистік синонимдер.Алматы,1978ж.
- 55.Сыздықов Р.Қазақ әдеби тілінің тарихы.Алматы, 1984ж.
- 56.Хасанов Б.Қазақ тілінде сөздердің метафоралық қолданылуы.Алматы,1966ж.
- 57.Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. Алматы, 2000 ж.
- 58.Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. М., 1983 ж.
- 59.Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы, 1997 ж.
- 60.Жұбанов Е. Қазақтың ауызекі көркем тілі. Алматы, 1996 ж.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Фонетика	
Дауысты дыбыстар.....	4
Дауыссыз дыбыстар.....	7
Буын.....	9
Тасымал.....	12
Екпін.....	14
Үндестік заңы.....	16
Кейінді ықпал.....	18
Тоғыспалы ықпал.....	19
Орфография ережелері	
Дауыстылардың жазылуы.....	21
Дауыссыздардың жазылуы.....	23
Бас әріптің қолданылуы.....	24
Бірге жазылатын сөздер	25
Бөлек жазылатын сөздер.....	26
Түбір сөздердің жазылуы.....	27
Қосымшалардың жазылуы.....	28
Қысқарған сөздердің жазылуы.....	29
Шылаулардың жазылуы.....	29
Дефис арқылы жазылатын сөздер.....	30
Сөздердің тасымалдануы.....	31
Лексикология	
Сөз мағынасы және оның түрлері.....	32
Лексикалық омоним, синоним, антоним.....	35
Қазақ тілінің фразеологиясы.....	39
Лексиканың қолдану сипаты.....	42
Мақал-мәтелдер, авторлық афоризмдер.....	47
Сөзжасам	
Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы.....	51
Сөзжасам жүйесі	52
Сөзжасамдық талдау.....	54
Сөзжасамдық бірліктер	55
Сөзжасамдық тәсілдер.....	55
Сөзжасамдық мағына.....	57

Сөзжасамдық тип.....	58
Сөзжасамдық үлгі.....	59
Туынды сөздер.....	60
Сөзжасамдық ұя.....	62
Сөзжасамдық жұп.....	63
Сөзжасамдық тізбек.....	64
Сөзжасамдық тарам.....	66
Сөзжасамдық саты.....	67
Зат есімнің сөзжасамы.....	68
Сын есімдер сөзжасамы.....	69
Сан есімнің сөзжасамы.....	71
Есімдіктер сөзжасамы.....	72
Үстеу сөзжасамы.....	75
Етістіктер сөзжасамы.....	77
Стилистика	
Фонетикалық стилистика.....	80
Лексикалық стилистика.....	81
Морфологиялық стилистика.....	85
Тілдің көріктеу құралдары.....	98
Студенттердің сабақтан тыс уақытта өзінше стильдік қателерді талдау жүргізуге көркем шығармадан алынған мәтіндер.....	112
Қысқартылған сөздер.....	119
Пайдаланған әдебиеттер.....	120
Мазмұны.....	123

**ЕСІРКЕПОВА К.Қ., ҚАНАПИНА С.Ғ., ИСОВА Э.Ә.,
ЕСЕНҒАЗИНА Б.Б., ШОШАҚОВА Ж.Қ.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Әдістемелік оқу құралы

Басылуға 19.01.2011 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/16. Көлемі б.т. 7,75

Таралымы 30 дана. Тапсырыс № 0105

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
баспаханасында бастырылды

110000, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 118

Авторлар жасаған оригиналдан көбейтілген